



**Жодаман  
ШАХАНОВ**

**“Айтпайын  
десем...”**

84.51593

4031

Слово неизвестное  
американский исследователь  
имеет значение риман  
вопреки аномальным  
запечатанным

Wolfgang P.  
2014\*

Книга должна быть возвращена  
не позже указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

7.04.15-1792/109

27.07.18 ~ 23.06 (105)

06.08.20. (15) 3610.

18/5 22 Сергеевъ

*Бұл еңбекімді өмірден откен  
анам Шайзат Байғазықызының.  
қайны әкем Сыздықбай Эубәкіровтың,  
құдам Тілеужсан Ақтановтың,  
ұлым Саматтың,  
іні-келінім Дулат пен Сүлениң,  
апам Зәбираның рухтарына арнадым.*

Издательство  
«Северный Казахстан»

*Осы кітаптың жарыққа шығуына де-  
меушилік көмек көрсеткендері үшін*  
*Жомарт Қажырақыловқа.*  
*Асқар Жанкинге.*  
*Біржан Кенжегозине.*  
*Ерік Нұрақаевқа.*  
*Сапарбек Құсайыновқа.*  
*Азамат Әмірине.*  
*Бейбіт Ислановқа.*  
*Александр Прядкоға.*  
*Шариф Якубовқа.*  
*Канат Дүйсенбаевқа.*  
мың мартте алғысымыды ариап. өмірдің  
бар тәттісін татып. ұзақ әұмыр кешу-  
леріне тілекестігімді білдіремін.

**Жоламан  
ШАХАНОВ**

# **«АЙТПАЙЫН ДЕСЕМ...»**

**ӘЗЛ - СЫҚАҚ ӘҢГИМЕЛЕР**



**Петропавл каласы  
2014 жыл**

УДК 821.512.122

ББК 84(5 Қаз)-7

Ш31

Шаханов Ж.

Ш31 Айтпайын десем. Әзіл - сықақ әңгімелер. /

Ж. Шаханов. - г. Петропавловск:

Издательство «Северный Казахстан», 2014 - 184 б.

ISBN 978-601-7247-00-0

50434

Қырық жылға жуық солтүстік өнірдің облыстық газетінде қызмет істеген журналист Жоламан Шахановтың алғашқы “Солақайлар соқлағы” кітабы сатира жанрын сүйер ез оқырмандарынан лайықты бағасын алған еді. “Айтпайын десем...” қаламгердің екінші жинағы. Оған соңғы кездері жазған әзіл-сықақ әңгімелері еніл отыр. Бұл кітап та ез оқырмандарының көnlінен шығар деген сенімдеміз.

УДК 821.512.122

ББК 84(5 Қаз)-7

ISBN 978-601-7247-00-0

© Шаханов Ж., 2014

© Издательство «Северный Казахстан», 2014

Северо-Казахстанская  
областная библиотека

им. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

## **КЕТИК**

Тіс жөндегу үшін кезекте тұрганмын. Ойда жокта досым кездесе кетті.

— Ау, тісің ауырғаннан сау ма? — деді таңданған сыңай білдіріп. Таңданса таңданғандай, өмірі тісім ауырды деген жан емеспін.

— Жо-жоқ. Тісімнің әншнейін кетігі бар еді.

— Алтын салғызатын шығарсың?

— Қайдағы алтын, әйтеуір тісімнің кетігін бітеп берсе болды. Қорлығы өтті.

— Қақсай ма?

— Қақсамайды, басқа бір пәлесі болып тұрғаны.

— Ол не пәле?

— Сұрама. Анада мені Бәкен шақырып алды.

Бардым. “Отыр”, - деді. Отырдым.

— Осы сен, бала... тісіңнің кетігі бар екен. — деді, түкті қара саусақтарымен жылтыр үстелді шерткілеп. Тұсінсем бұйырмасын, тісімнің кетігін шұқып отыра беріппін. Бір ауық уақыттан кейін Бәкен көзін алартып, сөйлеп кетті:

— Анада жұмысқа жарым күн кешігіп қалып... Соны біреу бастығымызга сыйырлап қойыпты. Бала, тісіңнің кетігі бар, сенен басқа тірі пенде көрген де, білген де жок.

— Бәке, жо-жоқ. Ондайым болған емес. Сонын, сіздің бөлімде істеп жүріп, оны бастыққа қалай айтам?

Әйтеуір, не керек, қанша безек қақсам да. Бәкенді иландыра алмадым.

Тағы бірде ұзын залды бойлан, алде нені ой-  
лап келе жатыр едім. Төкен қездесе кетті.

— Эй, кім... токташы.

Тоқтадым. Сосын жеңімнен ұстап алып,  
оңаша шақырды. Бардым.

— Эй, кім... тісінің кетігі бар еken ғой?

— Рас. Төке. Анау бір жылды шөлмек ашам  
деп кетіп алып едім.

— Онда шаруам жок. Қосымша ақы жазып  
жүргенімді біреу бастыққа жеткізіп қойыпты.  
Тісінің кетігі бар, сенен басқа еш пенде білген  
емес. Соны сен...

— Э-ә, ағатай, ондайға әуестігім жок, — деп  
тағы да безек қақтым.

— Эй, кім... Жалтарма, — деп Төкен аяқ  
астынан ұрыс шығарды. Міне, тісімнің осын-  
дай гәбі бар.

Әңгімен тұрғанда кезегім де келіп қалып-  
ты. Кетік тісімді бітептіп шығайын. Сосын, енді  
кім айттар еken, тісінің кетігі бар деп.

## **КЕРЕК АДАМ**

Ауылдан қалаға көшіп келген бетіміз. Мен  
бір шағындау мекемесге кіші-гірім бастықтау  
былып орналастым да. келіншегім дәрігерлік  
ақ халатты киіп алды. Сөйтіп желіміз оцынан  
соғып, әлде кімдерге керектеу адам болып  
шыға келдік.

Қалада бұрын-соңды тұрып жатқан ағайын-туыс, жолдас-жора дегендер көзектесе қонақ шакырып, ерулік беріп жатқан кез. Бірде түскі үзіліске келген бетім еді. Келіншегім алдынан шығып:

– Бытбыттың үйі бүгін кешкіге шакырып кетті, – деген тілдей хабарды алдыма жайып салды.

– Бытбыттың кім еді? – деймін туыстығын есіме түсіре алмай.

– Білесің, баяғыда біздің үйлену тойымызда болған ше? – дейді келіншегім.

– Е, әлгі, иә, мас болып, түшкіріп... Шалқасынан түскен... Айтпақшы, соның шын аты қалай еді. Мынау “өзі бытылдал жүріп пәле” деп жолдастарының қойған аты ғой, – деймін Бытбыттың қылыштарын еске түсіріп бір күліп алғасын. Мұнымды келіншегім, намыс көрді ме, аяқастынан түсін өзгертіп:

– Кім болса да қайын жұртың, әрі машина маңында жұмыс істейді, келіншегі болса наредай сауда қызметкері. Ертең машина алсақ кепек адамдар, барамыз, – деді. Келіншек айтты бітті, бармай көр, көзің көгерсін.

Кешкін жұмыстан сағат жарым ерте сирғып шығып, ұлымызды көрші үйге ақысымен қалдырыдық та, Бытбыттың үйіне жиналдық. Есікті Бытбыттың өзі ашып қарсы алды. Сол бетімен бізді залға жұмсақ креслоға кондырды да:

– Көптен көрмәдік қой, қүйеу бала, бүгін бір өзінді оңаша шакырып. – деп әңгімені әріден бастап, біраз амандық-саулық сұрады. Оған айтқан саулығымызды ас үйден кештеу шыққан келіншегіне де кайталап айттық. Сосын екеуі әлде нені іздеуге екі бөлмеге кіріп кетті. Залда оңаша қалған біз үй ішіндегі сығылышқан жиһаз-мұлікті көзбен тұртқілеп отырмыз. “Бытбытың расында да пәле екен” деймін ішімнен.

Әлден уақытта ас үйден келіншегінің дауысы естілді:

– Бәштай, дүкеннен нан алып келе қойши, – деп. әйнектен тыска айғайлап жатыр екен.

– Ойбай-ау, нан деген есімізден шығып кетіпті ғой, Бәштайды ... деп келіншегіне нұсқау берген Бытбыт қасымызға келіп жайғасты да:

– Иә, қалага көшіп келіп жатырсын, дұрыс болған. Орналасқан мекемен кандай? – деді.

– Қандай болушы еді, шағын мекеме. – дедім.

– О, не дегенің, шағын мекемелердің ішінде де мыгым мекемелер бар. Бірдене сұрай барсан көмейі бүлкілдейді. Бастығы туыс болса өйтер ме еді... Әйтеуір. өзінді қызметке орналасты дегендे қуанып қалдық. Айтпақшы, бастық дегендерден кімдер бар? – деді Бытбыт кенкілдей күліп.

– Кімдер болушы еді, нән бастығымыз бар, нән бастығымыздың зам бастығы бар. Мен сол зам бастықтан кейінгі бастықпын, – дедім.

– Сенің қарамағында кімдер бар? – деді Бытбыт.

– Менің қарамағымда ешкім жок. – дедім.

– Сонда қалай, бір мекемеде үшеуің-ақ па? – деді Бытбыт сұрақты одан әрі төкпелеп.

– Иә, үшеуіміз-ақ. Ортамызда шекілдеуік шағып отыратын секретарь қызымыз бар. Төртеуіміз жабылып шаруашылыктардан жүн-жүрқа, темір-терсек жинаудың жоспарын тексереміз. – дедім. Бытбыт одан әрі ләм деп аузын ашкан жок. Жобасы керек адамы мен болмай шықтым білем.

Ас үйден шыққан дыбысқа тағы елең ете түстік.

– Бәштай, андағы нанды баладан беріп жібер де. жіптегі кірді жинап алши, жел ұшырып кетер, – деп қайынбикем тысқа тағы айғайлап жатыр екен.

– Бәштайларының үлкен қыздарының болар? Жұмсауға жарап қалғаны, жасы нешеде еді? – дедім.

– Бәштайымыз биыл алпыстың алтауына қарайды, шешеміз ғой. Әйтеуір, денсаулыктың арқасында немересін есік алдына ойнатып, қайынбикене осылай көмектесіп тұрады. – деді Бытбыт.

Үйге беттеп келеміз.

– Түскір, не детен бақытты еді. кемпірлері бар. Біздің де бір кемпіріміз болса ғой, шіркін, – деп күрсініп қояды келіншегім.

## АҚЫЛДЫҢ КЕҢІ

Темекіні Телпендей шеге алмайсың. Телпендер темекі шеккенде кабинеттің ішін қок тұтінге қөміп жібереді. Қашан барсан өрініне сары құйрық сигаретті қысып алғып, будак-будак тұтінді дедиген танауынан бұркыратып шыгарып отырғанын көресін.

— Мына тартысынмен өкпе-бауырынды қақталған балыктай сүрлеп аласың гой. — дегендерге:

— Інілерге ақыл айтамын деп қалжырап жүргесін... — немесе. — басыма бір қалың ой келіп, шабыттанып тұргасын.... — дей салатын.

Айтпақшы, ақылды да Телпендей айта алмайсың. Телпен ақыл айтқанда тайпаңдаған жоргадай бүлкілге салып отырып, аяқ астынан адам қылып жібереді. Адам боламын десен. — Телпеннің ақылын тыңда.

— Мына, біз сияқты ағаларыңың қөнілін қалдырма, жұмсағанына бара сал, бірденені сыйлай сал. соңда коллективке сіңімді боласың, жұтымды боласың, — деген аталы сездері не керек, пайдасын тигізіп жатады.

Осы мекемеге алғаш келгенімде ақыл айтып, алдыннан шырак жағып шыккан жанашыр ағалардың бірі — осы Телпен еді. Сосын да Телпендей қөнілім жылы көріп, аға тұтып жүретінім. Бүгін де сол Телпеннен азын-аулак ақыл сұрап қайтайыншы деген ниетпен каби-

нетіне кірдім. Сол баяғы әдеттінше темекісін шегіп, көк тұтіннің ішінде бұлдырап жалғыз отыр екен.

— Ой, балақай, көптен бері қаранды корсетпей, жоғалып кеттің ғой, — деп, құшақ жая қарсы алды. Біз сиякты жомарт “інілерін” сағынып қалса керек, ес жок.

— Жұмысбасты болып, сәлем беруге кол тимей жүргені.

— Е, оқасы жоқ, анда-санда ағаларынды ұмытпай, сәлем беріп сыйлай салсандар дәненелерің кетпейді дегенім ғой. Айтпақшы, осы жана жұмысбасты болып журмін дедін бе, о не қылған шаруа? Мүмкін, ақыл айтып, кол ұшын берерміз.

— Үйленгелі журмін, — дедім Телпеннен сырымды жасырмай.

— Е, бұл бір үлкен шаруа болды. Еркек болған соң еріксіз басқа түсетін күн бұл. Өзіміз де үйленерде үйқы көрмей калжырап-қажығанбыз.

Телпен тағы темекісін тұтатып, енді ақыл айтуға кірісті.

— Ал адам болғың келсе, ақылымды тыңда. Үйлену онай да, үй болу киын. Үйдіс қирап, шыны сынбасын десен бар билікті осы бастан қолыңа ал. Оның үстінен қазіргі әйел халқы ерке болып кетті ғой. Әзу бастан-ақ сол еркелігіне көнсен, желкене шегірткедей шырылдан мініп алады. Мойныңа майлыш сөмкө іліп, дүкенге жү-

гіртеді. Нан, сүт тасытады. Сосын, бара-бара өзі жатып, “үйді сыпыра салшы”, “ыдысты жуа салшы”, – деп назданады. Құйтырқы халық кой, сол назданумен дымыңды құртып, тубіне жетеді. Ол былай тұрсын, ертен, кішкентайлы болғанда көресін, көкебайдың көкесін. Әйелі қыдырып, үйінде бала қутіп отырған еркектерді көріп жүрміз ғой таңай. Ол ол ма, еден жуып, әйел алдында елпендеғен еркектер де бар гой арамызда. Мына ағаң үйленген күні-ак женғене ырық бермеді. “Үй жұмысын сен, дала жұмысын мен” деп шаруаны қақ бөліп алдық. Содан бері женғен қыңқ етіп аузын ашпайды. Айтпақшы, тағы айттар ақылым, ұялмай ат басын тірейтін жердің қызын ал. Епті жігіт есті жердің қызын іздейтінді әдетке айналдырды гой қазір. Бар жердің қызын алсаң, аузың майдан босамайды. Мына ағаң сөйткен. Әлі қайын жұрттың май-қаймағын жеп, мәз болып жүрміз. Айтпақшы, келін бала қайдан, кімнің қызы?

- Мэрика. Қазақша Мәрмәр ғой, – дедім.
- Е, ондай-ондай болады. Біз де әлті үйдегі қызды Мэрикаждан деп еркелетіп жібердік. Оның да шын аты Мәрмәр болатын... Токта, фамилиясы калай дедің келіннің?
- Бектұрғанова Мәрмәр ғой.
- Өй, ит, ол менің қызым ғой! Бәсе, бір жігітпен сөзі бар деп қынқылдаپ жүр еді шешесі. Есімнен шығып кеткенін қарашы, қара басып!

Теллөң темекісін тұтатып, қалың ойга шо-  
мылған қүйі үнсіз қалды. Сіра. ақылы тау-  
сылған жері осы болуы керек...

## **ҚАЛҒАНЫ ҚАШАН КЕЛЕДІ?**

Казакта не көп, ұбак-шұбак той қөп.  
Ұзын-ырғасы тоқсан тоғызға жетіп жығылатын  
сол тойлардың ішінде алымдысы мен берімдісі  
мол құдалық тойы. “Бір атым насыбайға көніл  
қалады” дегендей. жол-жобасыз берілген бір  
жапырак шұберекке дау-дамай туғызып жата-  
тын да осы той. Сондыктан бұл тойды өткізу  
кәдесін бұлжытпай атқару үшін ауқаттылар  
бәсеке дүрмегіне түсіп, ат басындаі алтын  
құнын судай шашып жатса, қалтасы жұқалар  
қысқа жіпті күрмеуіне келтіріп, кредит-қарызға  
кіндігіне дейін батып жатады. Сөйтсе де “бәрі  
екі шүйкебастың қамы үшін” деп қамықпайды.  
Қалтасын қақса да. барын шашып, ауқат-  
тылардан қалыспайды. Әйтеуір “Құырдақтың  
көкесін түйе сойғанда көресін” дегендей. тойға  
жұмсалатын шығынның көкесін осы құдалық  
тойда көресің.

Бірде жан дегенде жалғыз досым – Бытбыт-  
тың отызды ойсыратып тастаған жалғыз ұлы  
ойтамаған жерден қыз алып қашты. Танаудың  
астынан тарамыстай тарқатылып шыныршық  
мұрт шығып қалған ұлдың келін әкелгеніне

Бытбыт түгілі. өзіміз де әжептәуір қуанысып қалыстық. Жағымды хабарды естігесін жарғак басымыз жастықта жата ма, туыс-муыс, дос-мос дегендей жиылып, “қайырлы болсын” айтып жатырмыз. Әңгіменің ендігі мәнісі той қамына ойысқанда Бытбыт катты қысылып қалды. Қысылмағанда қайтсін, ірі кара деген-нен жалғыз тұяқ сиыры, жылқы малы дегеннен мініске пайдаланам ба деп жүрген жалғыз бай-талы бар болатын. Соларды аяқастынан сатып, пұл жинауга кіресті. Қысылғанда сатқан малда құн бола ма, бәрі арзанға сатылды. Осындай-да байланған қолынды жоқшылықтан босатып, абырой әперетін кредит бар емес пе. Күні кеше құтылған кредиттің орнына тағы бір кредит алды. Сол пәленді алғанда алтын тапқандай қуанасың, құтыларға келгенде куырылған қуы-рдактай қысыласың. Соны білсе де, Бытбыт кредитке тағы кіндіктен батып, каржы мәселе-сін бір жайға келтіргендей болды. “Ұялған тек тұрмас” дегендей, туыс-муыс, дос-мос болып, біздер де жылу жинап көмек көрсеттік.

Сөйтіп, той қамына кірестік. Алдымен қыз жактағы құдалардың құлқынын байқайық дегендей оймен елші. Яғни алдынан өтетін кісілерді жіберетін болдық. Оған сөз дегенде қамшы салдырмайтын, қанша сөйлесе де кісі жалықтырмайтын Үкібасты. ішімдік жағына күбімен күмпілдетіп ішсе де мынқ етпейтін, ас асаса, ықылышк атпайтын Асанбай дегендей

ығыр-сығыр төрт жігітті сайлап. аттандырдық. Құдалардың алдынан өтетін елшілердің әкеткен сый-сияпатты да арзанға түскен жок.

Елшілер кеткелі күн екі рет шығып, екі рет батуға айналды. Алыстан қыз алғасын олардың кешіккенін қуанышқа батап. кешкілік уақытымызды Бытбыттың үйінде өткізетін болдық. Аузымыз босаған жок, асын да сінірдік, шарағын да сімірдік. Сөйтіп отырғанымызда “елшілер” келіп жетті. Үйге теңселе кірген Үкібас:

— Құдаларың “во” кісілер екен. Ақша деген қалталарында пәшкесімен жүреді, — деді Бытбытты құшақтап. Ал алқынып кірген Асанбай алдымыздагы асты көріп. үн-тұнсіз жанымызға жайғаса кетті. Олай-бұлай әңгімелер де айтылып жатыр.

— Құдалыққа неше кісі келеді екен? — деді Бытбыт енді әңгіменің ен құйқалы жеріне ойысып.

— Алпыс, — деді Асанбай. Мұны естігенде жайшылықта да міңгірлеп сөйлейтін Бытбыт тілі күрмеліп, инфаркт алғандай ұшып тұсті. Катыны Қатыш су бүркіп, есін жиғызып алды.

— Ойбай, алпыска есіңнен адасып жатырын. Жүзі келгенде не болар едін? Қыз бердік, жүз адам барамыз деп отырып алды ғой. Әйттеуір, өйтіп-бұйтіп алпыска әрен көндірдік. — деді Асанбай талықсып отырған Бытбытқа басу айтып.

Ақыры не керек, сол алпыс құданы құтіп алуға дайындалдық. Алпыстың алтауына кілем, алтауына жағалы киім, алтауына алтын жүзік, қалғандарына – кәстөм-шалбар мен бағалы көйлектер. Бас құдаға жылқы аталатын болды. Ана жақтың тапсырысы солай. Амалы құрыған Бытбыт қарызға тағы белшеден батып, мұның бәрін дайындайды.

“Тойдың болғанынан боладысы қызықпен” жүргенде үәделі күн де жетті. Құдалар мінген джип, иномаркалар жіптей тізіліп, есік алдына тоқтап жатыр. Абырой болғанда күн жазда есік алдына үй тігіп, құдаларды қысылмай қарсы алдық. Барымызды базарлап, бақайымыздан тік тұрып күттік. Құдалық той болғасын ана-мына ырым-жырымы да қалмайды ғой. Табак тарту, төсек жинау, күйеу көрімдігі, күйеу сәлемі де-гендей жол-жоралғыны да құдалардың алдына тосып жатырмыз. Ақылдастып алған-ау деймін, бас қуда:

– Осы жол-жоралғылардың бәрінен бір-ак құтылсақ қайтеді, үлкен табак әкеleiңдер, – деді. Дағашы болып жүргендер сасқаны ма екен, үлкен шараны қолдарына ұстап жетіп келді. Бас құда бастап, алпыс құда қостап, шараға уыс-уыс долларды лактырып жатты. Мұны көрген қызылкөз женгелердін бірі:

– Қайнам-ау, Құдай қаласа, құдалар мін-ген джипті сен де мініп, қаладан үй де сатып алатын болдың. – десіп жатыр. Бәрінен бұрын

шара толы ақшаны көріп есінен жаңылды ма,  
Бытбыт та:

— Қалған қырық күда кашан келеді? — деп  
қалды. Міне, алымдысы мен берімдісі мол  
құдалық тойы деп осыны айт! Бытбыттың сол  
құдалық тойын күні бүтінге дейін аузымыздан  
тастамай айтып жүрміз.

## ШІҢ БІЛСІН, ҚЫҢҚ ЕТПЕ!

Жолдасым екеуміз еріккенде ығы-жығы  
әңгімелердің етегін ұстап, ермек қылатын  
әдетіміз бар-ды. Бүтін де сол әдетімізді тауып  
алып, күн тас төбeden домалағанша ұзак әңгіме  
қаужандастық.

— Қашып кеткен қызыл ерін хатшы қыздың  
орны табаны күректей үш ай бос тұрғанын  
білесің бе?

— Е, білмегендеге ше?!

— Білсөң сол, осы орынды сенің әйеліңе  
неге бермейді? Иә, болмаса мына менің әй-  
елімді сол орынға неге қонжитпайды? Мейлі,  
екеуіміздің әйеліміз былай тұра тұрсын, анау  
жылмындағанда жүзіктің көзінен өтетін қой-  
машы Қыдықбайдың әйелін неге сол орын-  
дыққа қонақтатпайды? Білімсіз жандар емес  
қой, бәрінін де дипломы бар. Осының мәнісін  
не деп ойлайсын?

Северо-Казахстанская

областьная библиотека

ак. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

— Анығын білмеймін, әйтеуір, ұзынқұлак біреулерден естігенім, окуын тастап кеткен балдызын...

— Ішің білсін, қынқ етпе! Айтса өзге жұрт айта берсін. Біз жаман атты болып қайтеміз, — деп жолдасым аузымды жапты.

— Ал енді жуырда келген жеңіл машинаны кімге береді деп ойлайсын? Анау көршіне неге бермейді?! Сол көршің жұмыс десе елпілдеп тұрады ғой. Айтқаныңды бет қакпай орындаиды. Жұмсағаныңа балаша бара кояды. Былтыр да, биыл да қолы жүріп, астық орудан алдына жан салмады. Әрі кезектің алды да сол екен. Ендеше сол машинаны көршің неге мінбейді?

— Е, анығын білмеймін, әйтеуір, ұзынқұлак әркімнен қағып-соғып естігенім, машинаны өзге біреуге беріп, үстінен үстеме тын-тебен...

— Ішің білсін, қынқ етпе! Біз айтып, абыройдан айрылып қайтеміз? Айтса өзге жұрт айта берсін, — деп жолдасым жалпақ алаканымен тағы да аузымды жасырды.

— Ал, енді сенің мына оқиғадан хабарың бар ма? Жақында кітапханашы қызға бастығымыз көзін алартып, “жұрт кітабыңды аз оқып жүр” деп қатаң сөгістің бірін берген-ді. Кеше “кітаптарын мылжың” деп сондай сөгістің бірін тағы жапсырып, әлгі қызды шырылдатып жұмыстан қуып шығыпты. Бұл іске біздің бастық неге шұғыл кірісіп кетті, білесің бе?

- Е, білмегенде ше? Ұзынқұлактан естігенім, байдан оралған құдашасын...
- Ішің білсін, қынқ етпе! Біздің шаруамыз қанша? Айтса өзгелер айта берсін. Бізге жаман атанып керегі не?..
- Мына, жуырда біткелі тұрган алты бөлмелі үйді кімге береді деп ойлайсың?
- Меніңше, дауыска салса, біздің көршіге беретін болар. Иә, болмаса, балапандай балалары көп әрі үйі тіреумен тұрган анау күзетші шалға беретін шығар...
- Бұл үйді тура мына маган бергелі отыр.
- Саған?!
- Солай, солай. Мына көкеңе беретін болды.
- Сонда қалай, сенің үйің жана емес пе еді?
- Жаңасы сөз бе еken, ішің білсін, қынқ етпе! Айтса өзгелер айта берсін. Сен жаман атты болып қайтесің?

## ҚОЛДЫ БОЛҒАН ҚҰДА

Ертең Жаңа жыл дегенде қалага құдалыққа барғанбыз. Қыз берген жактан әдетте құдалыққа баратындардың саны көп болатындығы белгілі гой – бес табактық кісі аттандық. Ауылдан шығар алдында бас құданың міндетін Қыдуға тапсырдық. Бұл кісі – той иесінің ең жақын тұмасы. Бұрын өнеші бостау болғандыктан, мұндай құрметті лауазымға бірінші рет ие болып отыр. Сондықтан бас құданың

атқаратын міндепті Қыдудың құлағына мықтап құйылды. Қазір әйелдер қандай жиын болмасын үстелге жайылған тағамды жер-жеместен жиып, салып алатынды әдетке айналдырыды ғой. Арамыздағы әйелдер де осыны ескеріп. бір-бір таза пакет ала шығуды да ұмыт қалдырымады. Әйтеуір, құдалыққа мұқият дайындалып шыктық.

Құдамыз қаланың қақ ортасында, көпқабатты үйдің төменінде, төрт бөлмелі жайлы пәтерде тұрады екен. Есік алдына келіп тоқтаған төрт-бес машинадан он шақтылап топырладап түсіп жатқанымызға шошынған жан байқалмады. Қайта “құданды құдайындей күтіп ал” дегендей, құда-құдағының ағайын-туыстарымен, көрші-көлемдерімен жұбынжазбай есік алдына шығып, аңқылдаған көнілдерімен қарсы алды. Оған ішіміз жылып жүре берді.

Амандық-саулыктан кейін шашу шашылып, дәлізге кіре берісте талтып тұрган екі-үш жігіт білек-жендерін түріп алып, бір-екі шишаңың ноқтасын да ағытып жатты. Есікке тақап келген біздің топтың алдыңғылары:

– Ойбай-ау, құда жігіттер. бұл ілтиппаттарынызды үйге кіргесін де көрсетіп үлгересіңдер ғой, далада тұрып арақ ішкен ұят емес пе!  
– десіп дау айттысқан болды.

– Құдаларды есіктен кіргізгеннен, шығарып салғанға дейін сыйлау – салтымыз. Оның үстіне сұыктан келдініздер, жайғасқанға дейін

аздап жылтыныш алған дұрыс, – десіп олі жігіттер өздеріне жүктелген міндетті міз бақпай атқаратындықтарын байқатып жатты. Шіркін, көңілшектігіміз-ай, ауылдан шығарда артық арақ ішіп, мас болмайық дескен берік байла-мымыздың бауы босаңырап, кейбіріміздің жүзіміз жіпсіп, жылмия бастадық. Эйелдер жағы ішке кіре бастағанымен, еркектер жағы жіпсіген еріндеріне темекі салыш, тыста кібіртікеп қалдық. Баяғыда біреу арақ ішүінді коясың ба дегенде, көрмесем іштеймін, көрсем ішемін деп уәде бергендей, Қыду да ауылда айтылғанды есінен шығарып, далада жігіттермен бірге жетілгінкіреп алды.

Аз-мұз бой жазудан кейін бас-аяғымыз түгел үйге кірдік. Даюшы жігіттердің иұсқауымен ересектер жағымыз залға жайғастық та, эйелдер жағы бір бөлмеге, жастар жағы тағы бір куысқа бөлініп кетті. Бұл бізге тиімсіз соқты. Бір жерде отырып, артық ішіңкіреп бара жатсақ, бір-бірімізге көз киығымен ым жасаймыз дегеніміз ойымыздан пықпады. Қонақтардың санына, бөлмелердің ретіне қарай құдалардың бізді осылай жайғастыруына амалсыздан көндік.

Әне-міне дегенше, алдымызыға дастарқан жайылып, неше түрлі тағамдар бірінен соң бірі келе бастады. Бір мая шөп үйіп келгендей, біздін де тәбетіміз ашылып, жапырып жеп жатырмыз. Эйелдер жағы да ауызға салаты-

нын ауызға салып, пакетке салатынын пакетке салып, дастарқанды жеңілдетіп қояды. Тұннің бір уақытына дейін ет жедік. Сосын тағы шайға отырдық. Басында тілск айтушылар сөзін кысқа қайырып жатқан сияқты еді, енді аканнан жетіккен бойға шабыт кіріп, шетімізден жарты сағаттан кем сөйлемейтін шешен болып кеттік. Екі жастан бастап, екі жактағы үрім-бұтакқа, келіп тұрған Жана жылға ұшантеніз тілек айтып жатырмыз. Отырыстын сонына дейін біздін жактан да, ол жактан да дастаркан басында көзі кірбиіп, тілі күрмеліп, “нокаутка” түсіп жатқандар болды. Жас балаша буыны былқылдаған отарды даяғашы жігіттер қолтықтарынан демеп, жатар бөлмеге жайғастырып жатыр.

Құдатар жағы танертен түгенишс үйден пәленше туысымыз қонакасы береді деп хабарландыру жасағаннан кейін аз-мұз көз шырымын алуға кірістік. Шетімізден тас қопарып келгендей-ак басымыз жастыққа тиісімен кор ете түстік. Бір кезде тәтті ұйқымызды Қыдуудың катыны Қатыштын аңы даусы бұзды.

– Құдатықта аяқтағы шұлықты ұрлаушы еді, құда ұрлағандарын ис сұмдық! Бүкіл бөлмсіні карап шықтым. Қыду жок, кайда жібердіңдер?  
– деп ас бөлмедегі даяши жігіттердің ашысын құрырып жатыр екен.

– Жалғыз емес, жанымызыдағы бір жігітпен тыска шығып еді, содан ұшты-күйлі жок. Із-

десу салып жатырмыз. – деп жігіттер дес ағынан жарылып акталау үстіндес. Қатыштың катты айғайынан шетімізден ояна бастадық. Біріміз мастықтан есімізді жинай алмай ан-тан болып тұрсақ, біріміз бөлмелерді сүзіп. Қыдуды іздейміз. Расында да, үйде болмай шыкты.

– Қашаннан жок? – дейміз.

– Үш сағат болды. Анғарбай екеуі тыска шығып кетіп еді, – дейді жігіттер. Сол жоктан бас құдамыз – Қыду түске дейін табылмады. Қалалық құдамыз да әбден сергелденге түсті. Телефон шалмаған жері жок. Дағашы жігіттер де үйдін манайын, көрші үйлердің аулаларын әлденеше рет тіміскілеп тінтіп шыкты. Бірге еріп шықкан жігіттің үйінс дес сұрау салып еді. ол да жок. Сырт киімдері үйде, сонда бұлтарды сайтан қақты ма, жер жұтты ма деген сауал бәріміздін есімізді шығарды. Жоғымызды іздең көрші үйлерге де бардық. Не керек. Қыдудың жоғалғанын қаланың жартысы естіді. Осылай абыр-сабыр болып жүргендे жоғымыз ақыры түс кезінде табылды-ау. Екі жігіт Қыдуды жаңындағы Анғарбаймен бірге анқылдатып айықтырғыштан алтып келді.

Оқиғаның мәнісін кейін білдік. Шөлдеген Қыду ас бөлмеге су ішуге барыпты. Оның тұрып кеткенін жанында жаткан катыны Қатыш та андамапты. Конактарға қызмет көрсектен дағашылар ас бөлмесде дематып отыр екен, бас құда деп Қыдуды көре сала ортаға

алыпты. Өзі де көнілшек неме, жігіттердің сый-құрметінен тартынбалты. Бір кезде дәретханаға барамын десе керек. Жігіттердің бірі үйдегі дәретхананы көрсетсе, мен мұнда шаруамды бітіре алмаймын, тұзге шығамын, – деп бой бермепті. Сосын Аңғарбай жетектеп тысқа алып шығады. Мас адамның шолақ ойлайтын әдеті емес пе. Екеуі үй алдындағы ашық аланда катар шокиып, “женилденіп” жетісіп отырғанда Жаңа жыл түнінің тәртібін күзетіп жүрген бір топ полиция үстерінен пығып, айықтырығышқа жетелеп әкетіпти.

«Сен бас құдасың ғой, құдалықтың жол-жоралғысын сен атқарасың», деп қалтасына ауылдан пығарда салып берген акшаны да айықтырығышқа кактырыпты. Сейтіп, Жаңа жыл жалғыз Қыдудың емес, құдалықка барған бәріміздің есімізде қалатын болды.

## “СЕНДЕРГЕ СОЛ ҰЯТ”

Ертеекте ауылда Әубәкір деген ақсақалдың Қали, Әли есімді екі ұлы болды. Әубәкірдің өзі жастайынан колхоздың жылқысын бағып, зейнет жасына дейін еңбектен қол үзген жок. Сол еңбегімен құрметке белентген көзі де аз емес еді. Ал кос ұлы әкеге тартпаған, жатып ішер жалқау болатын.

Әкесі қартайған шағында да қолынан айыр-қүрегін түсірмей, кора маңында мал құтіп,

азын-аулақ картоптың шөбін жұлдып, қыбырлан жүріп, тыным таппайтын. Бұл кезде енгезердей екі ұлы ұйқыларын әбден қандырып, түске таман бір-ақ тұратын. Тұскі шайды ішіп болған кезде жастыққа жантайған үлкен ұлы – Қали есінеп алып:

– Анау үйдің сыртындағы шок ағаштың түбіне қарағайдан төрт бөлмелі үй тұрғызамын. Айналасына жеміс ағашын отырғызып, бау-бақша жасаймын. Жазда сол ағаштың жұпар ауасын жұтып, дем аламын. Шіркін, қандай ғажап, – деп тамсанып, талықсиды екен. Ағасынан Әли де қалыспай:

– Сен үй тұрғызсан, мен сол ағаштың арғы бетіндегі аланға желдиірмен тұрғызамын. Жұрттың бидайын үтіп, күмпілдетіп ак ұнды сатып, байлыққа белшеден батып жатамын. Шіркін, неткен ғажап, – деп жарыса сөйлейді екен. Осылай тәтті қиялға балқыған екі ұл буындары босап, тағы ұйқыға кетеді. Бұл олардың жыл сайынғы ала жаздай әдеттері болса керек. Бір жылы ағайынды екі жігіт ала жаздай қысыр әнгіменің қызуында жүріп, жалғыз сиырларына жеткілікті шөп те дайындей алмапты. Қантарда шөптері түгесіліп, қорадағы бір-екі тұяқ қой мен жалғыз сиыр азынап тұрса керек. Аш малдың ашы дауысына шыдай алмаған Әубәкір қарт тысқа шығып, маңдайшада қыстырулы тұрган шалғысын алып, ақ қар-

дың үстінде олай бір, бұлай бір сілтеп тұрады.  
Мұны көрген екі ұл бір-бірін шақырып:

— Эне қара, біздің әкеміз акылынан алжасыпты. Сау адам көйлек-дамбалшаң ақ қардың үстінде шалғы сілтей ме? Қой, үйге енгізейік. жұрт көріп, ұят болар. — деп тыска шығыпты. Сонда Әубәкір карт:

— Эй, шырактарым, мына жерде, ақ қардың үстінде көкорай шөп жайқалып тұрса, шалғыны олай сілтеп, бұлай сілтеп, жосылтар ма едім, шіркін, — депті.

— Ойбай, әке, қыста шөп шапқан не сұмдық!  
Жұрт естісе ұят болар, үйге жүр, — депті ұлдары косарланып.

— Мұны қойшы, ана корада көтерем болып өліп жатқан сиырды жұрт көрсө, сендерге сол ұят. — депті шал үйге беттеп. Қос ұл не дерлерін білмей, тыста кала берсе керек.

## ҚОС ОЛЖА

Бірде балыққа бара жатқап біреулерді коріп қызықтым да, қисық сапты қармағымды ала салып, мен де Есілге тарттым. Өзенге енді жете бергенімде дәл алдыннан бір ондатрдың қаша жөнелмесі бар емес пе.

— Апымай, жаңадан тіктіріп жатқан құлақшыныма шамамен осы ондатрдың терісіндей бір тері жетпей тұр еді. мынау жақсы болды ғой. — деп қуанғанымнан қуа жөнел-

дім. Жеткізсін бе, желаяқ неме, қурай-қурайдың арасымен қашып келіп, суға күмп берді.

— Қап, қаттырақ қусам, соғып та алатын едім, амал не, құлакшынның сәті биыл да түспейтін болды-ау. — деп өкінген күйі жиекте қала бердім.

Суға карап, телміріп тұра берем бе, қармағыма жем салып, әлгі жерден балық аулауға кірістім. Бір шабак ұстадым, екі шабак ұстадым. Сосын балық түспей койды. Үлкен балық келгенде сөйтеді дейтін кәнігі балыкшылар. Солардың айтқаны есіме түсе калып, шабактың бірін қармағыма шаныштым да, суға тастадым.

Бір мезгілде су бетінде қалқып жүрген салтқым жайын жұтқандай жоқ болып кетті. Жанталастып қармағымды тарттым. Тартсам, құшім жетпейді. Өзімді дедектетіп суға сүйреп бараңды. Корыкканымнан айғай салып, анадай жerde құмға қыздырынып жатқан бір-екі жігітті көмекке шақырдым. Айғайыма олар да жүгіріп келіп, құрыққа жармаса кетті. Үшеулен жүріп қармағымды қапсыра қапқан пәлені жиекке сүйреп шығардық. Қарасам: сала құлаш шортан екен. Иығыма айқара салып, олжама қуана үйге бір-ақ тарттым. Өзі де ұзын екен, үйге жеткенше құйрығы жер сызып келді.

Үйге келе сала келіншегіме қазан дайын-датқызып, өзім шортанның ішек-қарның жара бастадым. Міне, қызық: саған өтірік, маған шын, айнала қуып ұстаптай кеткен манағы он-

датрым әлгі шортанның ішінен бір-ақ шықты. Суға күмп бергенде қарсы келіп қалған шортан жұтып жіберген-ау, шамасы. Жанталасып оның да терісін сыпypyп алдым. “Құған ала ма. қашқан ала ма” деген осы екен-ау.

## СЫЙЛЫҚ

Қоңыр креслоға қампиған қапшықтай болып жатып алған Қызықбаев томлиған торсық маңдайынан домалаған бір уыс терді сипап тастап, үнсіз ұзак отырды. Жабырқау жалпақ жүзінен әбден қалжырағандықтың белгісі сезіледі. Қалжырамай қайтсін, жыл сонында тігісін келтіріп ақпар беру. ақпар беріп жаңа жылға көңілге жатық міндеттеме қабылдау оңай іс емес. Ал. берілген ақпардың кем-кетігі білініп жатса, білініп жатқан кем-кетік сынға ілініп жатса, оның аныраған айғайы тағы бар. Қызықбаев осыған қам жеп, қалжырап отырған-ды.

Мұның алдыңдағы жылдары Қызықбаев ақпар беруге қиналып көрген емес. Өзімен бұл мекемеге бірге келген, бәленше жылдан бері қызмет істеп сақайып алған епті экономисі жалтыратып ақпар жазып беретін де, бұл содан жоғары жақтан мақтауын да, сыйлығын да алыш жататын. Енді міне, толмағанды толтырып, болмағанды болдырып, әйтеуір. аннан-мыннан шауып өтетін. “арғымак” ақпар жазып беретін

сол экономисі қырсыққанда басқа жаққа қызмет ауыстырып кетіп қалғаны. Оның орнына келген экономист жігітпен әлі жете сыр алсын болған жоқ. Сондықтан да Қызықбаев оған бүте-шүгесі көп құлыктарын айтуда кымсынып та, жасқанып та отыр.

Неде болса биылғы жылы ақпарды ақиқатына басып, өз күшімен бермекші болған Қызықбаев мамандарын кенсеге шақыртты. Ондағы ойы, олардан істің жайын сұрап біліп, ненің орындалып жатқанын, ненің орындалмай жатқанын білмекші. Сөйтіп содан ақпар шығармақшы. Тоқылдақтай есік тықылдатып кабинетке кезектесіп кіргендердің ішінен зоотехник бауырласы Білдебек: “Қойымыз кояндай болып құнжыып қалды, құнажындардың қабырғасы қаусап тұр”. - деп. жемазық қоймасының менгерушісі болып жүрген ауылдасы Андабек: “Уш ай өтпей жатып маядағы шөбіміз шұнтиып қалды, ал қыстың басталғаны жаңа”, - деп жыласып шықты. Таныстықпен алған басқа да мамандар мәрдымды ештеңе де тындырмапты. Олардың бүл қылышы ауданға жарытып ақпар берем бе деп отырған Қызықбаевтың көнілін жығып кетті.

Ақыры Қызықбаев қызынып кетіп, кабинетінен оларды өзі қуып шықты. Қуып шықпай қайтсін. Ауылдасым ғой, бауырласым ғой, жана шырлық жасар, ісіме көмектесер деп оларды осы қызметтерге өзі сүйрелеп жүріп сұққан

болатын. Енді олардың қылышы мынау. Арқа сүйер ағамыз бастық деп жағадай жайылған тұрларі бар.

Қызықбаев қызыл кнопкасын басып калып, ши бақақ шалбар киген, қызыл ерін секретарша қызды шакырып алды. Қызыл ерін қыз инелікше илгеп бойы ішке кіріп:

— Ағатай, тағы кімді шакырайын, — деді.

— Бас экономист Бөсиеvtі шакырып жіберші, шырағым, — деді Қызықбаев амалы түтесіліп. Ендігі ойы, қолынан да, аузынан да іс келетінін сырттай аңғарып жүрген Бөсиеvtі не болса да бұрынғы құлышына тәрбиелеп көріп, ауданға ақпар беруге отырғызбак.

Кабинетіне кірген Бөсиеvtі Қызықбаев орнынан тұрып, жылы шырайымен қарсы алды. Жұмсақ коныр креслоның бірін нұскап қүле сөйледі:

— Е, жақсы келдің, жыл аяғы жақындағанда деп, аудан аяқ астынан ақпар сұратып жатканы. Өзің білесін, ауданнан келгендер шаруашылықты аралап жатпай-ақ істің жайын аузымыздан естіп, кенседен қайтып кетіп жүрғой. Шаруашылықтағы кейбір көрсеткіштерге косып жазған ана-мынамызды ешкім аңғара қоймас. Ретін келтіріп, ауданға мықтап ақпар беруге өзіңнен басқа лайықты жан табылмай тұрғаны. Оның үстінен ақпаратыңыз абыраймен өтсе. алар атағымыз саған да, маған да ортақ

емес пе. Бұған қалай қарайсың? - Қызықбаев үміттенген кейіппен Бөсиевке қарады.

- Ой, басеке, оған қам жеменіз. Екіге екіні қоссақ, ретін тауып бес қыламыз дегендей. талай рет аныратып ақпар беріп көргенбіз. Бұл ақпарды да әп-сәтте жұмын келтіріп жылтыратып жібереміз гой. – деді Бөсиеев.

Қызықбаевтың көнілі сабасына енді түскендей болды. Сосын кабинетінде оңаша қалған ол іштей ыңылдап өлең айтып, ана танысына, мына танысына шырылдатып телефон сокты. Біреудің халін сұрады, біреудің жаңын сұрады, әйтеуір телефонмен ұзак сөйлесті. Бұл да Қызықбаевқа жұмыс емес пе. өзін қалжырағандай сезінді. Осындай қалжырағанда қалың қабактарымен домалақ көздерін қымтап тастап, қалғып алатын да әдеті бар болатын. Қазір де қоңыр креслоға қонжиып, үйренішікті әдетіне көшкені сол еді. жалтыраған сары телефон жылауық баладай шырылдап қоя берді.

- Иә, ал-лау, бұл кім болды еken, танымадық қой. – деді Қызықбаев ұйқылы жүзінен серпіле алмай.

– Мен ауданнан, Құрдасбаев боламын. Жаңа сенің шаруашылығыңнан ақпар келіп түсті. Үлкен бастықтың өзі шүйіле қарап, тексеріп жаткан көрінеді. Байқауымша, биыл да мал басын кемітпей өлім-жітімге жол бермепсін. Сүтің де, етің де аспанға айғайлап шығып тұр. Бұйырса өзгелерден озық көрініп, сыйлықтың

алдын өзің алатынға ұксап отырсын. Ертең таңертең осы мәселе бойынша жиналтыс болады. Соған кешікпей келетін бол.

— Ой, туыс, рахмет, рахмет! — дей берді Қызықбаев.

Демей қайтсін, бала кезінде бірге өскен құрдасы, әрі ауданда қызмет істейтін жерлесі Құрдасбаевтың мына қуанышты хабары Қызықбаевтың үйкисын шайдай ашып, көңілін көлкітіп жіберді. Сол қуаныштың қызуымен жомарттығы ұстап, асырып ақпар жазып берген Бөснеке, бауырласы зоотехник Білдебекке, ауылдасты Андабекке, тағы басқа да бірқатар мамандарға жаңа жылға сыйлық беруге бүйрек шығарды да. ертеңіне ауданға асығыс аттанып кетті.

Жиналтыс ұзакқа созылды. Бұл жолы жетістіктерден гөрі олқылықтар ауызға көбірек оралды. Соның бірінде жалғандықпен артық ақпар жазып, абырай алтып жүрген Қызықбаевтың да атына сын айтылды. Ақыры жиналтыстың шешімі бойынша оған қатаң сегіс берілді. “Кеше сыйлыққа өзің ие болғалы отырсын дегенің қайда” дегендей, алдыңғы орындықта қатарласа отырған Құрдасбаевқа жаутандап қарай беріп еді, ол да “қызық екенсін. Қызықбаев, қосып ақпар жазудың күні қалған. Истің әділдігі керек” дегендей сыңай танытып отыр екен.

Қызықбаев жылда қосып ақпар жазып, алдыңғылардың қатарынан көрініп жүрген ку-

лығына ұялды ма әлде сыйнан қорытынды шығарды ма. әйтеуір кенсесіне кіре іске кірісті. Қызыл кнопкани басып қалып, ішке бас сұққан секретарь қызға мамандарды жинауды тапсырды. Ондағы ойы, жағадай жайылып жүрген оларға өзі алғандай “сыйлық” беру еді.

## **ҚАЙРАН, ҚАТҚАН ДИПЛОМДАР-АЙ!**

Баяғыда... Баяғыда деймін-ау, тоқырауға дейін “Мамандығым - мактандышым” деген айдар газетімізден түспеуші еді. Талпынып жүріп окуын оқып, алқынып жүріп мамандығын менгеріп, еңбек етіп, тер төгіп жүрген майталман мамандарды таңдайымыз талғанша таңданып тоқырауға дейін тоқтамай жазатынбыз. Тігіншіден инженерге дейін тілдің майы тамып жазылған макалалар әлі есімде.

Бұтін сол айдар кайда, мамандар қайда? Бұл өзі бір ұмыт болып бара жатқан мәселе емес пе? Сөз жоқ, меніңше, бұл тоқырауда тормозы ұстап қалған мәселе болуға тиіс. Бірде осы мәселені тың тақырып етіп, соның жігін ажыратып ашайын деп газетке мақала жазуға бел байладым.

Бұрынғыдай қара “Волгага” міне салып, зырылдатып іссапарға барып келе қоятын заман емес. Қара “Волганың” да, іссапардың да бар міндетін, бар ауыртпалығын қара телефон

атқаратын кез. Бір ғажабы, бұрынғыдай заказ беріп, сары майдай сарылмайсың. Қара телефонның құлагын көтеріп, көзін шұқып, керек нөмірді теріп алғасын, керек адамды телмірмей тез табасың.

Сонымен іске кірістім. Қағазымды жайып, қаламымды қойып, қойын дәптердегі бұрынғы тізімдерді тінте бастадым. Ондағы ойым – бұрынғы майталман деген мамандардың үрім-бұтағын, яғни қазіргі ізбасарларын іздеп табу. Қалаға жакын ауданда тұратын, кезінде керемет зоотехник болған Бұзаубаевтың мекенжайы көзіме оттай ұшырады. Бұрын бірнеше жазып, таныс боп кеткенбіз. Қара телефонды іске қосқаным сол еді. аржағынан дауыс естілді.

– Тәмпіш ағасыз ба?

– Иә.

– Мен қаладан, газеттен, Жәкең деген... Бірден таныды ма, әлде газет қызметкерімен сейлескенді мерей көрді ме, ананы айтты, мынаны айтты, не керек, біраз сөйлеп, уақыттымызды алды. Арасында кемпір екеуінің тіршілігін де, баласының оқу бітіргенін де сөзге косты. Осы кездे сөзін бөліп:

– Аға, балаңыз қай оқуды бітірді? – дедім.

– Өзіме тартып, зоотехниктің окуын бітірді.

– Қазір кайда істейді?

– Қалаға ет тасиды. Ауылдан сатып алып, базарға өткізеді.

— Мамандығы бойынша жұмыс болмады ма?

— Эй, Жәке, қызықсың, кайдағы мамандық. Баяғы ферма, баяғы мал жок, бәрін жау шауып, қасқыр талағандай тақырлап кетті ғой. Ауылда қылтиып құн көріп жүрген шаруа қожалықтары бар. Оларға баяғы кеңшардағыдан мал ұстау кайда. Өз камдары үшін бес-алты жылқы, сиыр ұстайды, оған зоотехникті қайтсін, — деді Тәмпіш аға кейіп. Бұдан әрі әңгімені көпке созған жоқпыз, қош айттыстық.

Койын дәптерді парактап, тағы бір танысты таптым. Бұрын бұл да бармағынан бал тамып, саусағынан өнер сорғалаған белгілі инженер болатын. Мың жасағыр қара телефон екеуімізді әп-сәтте тілдестірді.

— Теміrbай ағасыз ба, аман-саусыз ба? — деп сөзімнін кіріспесін қыска қайырып, тұра ойымда тұрған мәселеге ойыстым.

— Ой, Жәке-ай, кайдағы мамандық, кайдағы мактанды. Кеңшарды жардан құлатқандай быт-шыт қылыш таратқасын, отыз бес жыл темір кеміріп, ауданда озат инженер атанған атағым далада қалды. Пенсияға да шыға алмай. үйде немере бағып, соның ойыншық машинасын құніне екі-үш жөндеп, ермек қыламын. Құдай бұйырса. зейнеткерлік келесі жылы. Балам да өзіме тартып. инженерлікті қызыл дипломға бітіріп еді, мамандығымен жұмыс таба алмады. Қазір осындағы бірен-сараң шаруа қожалықтарына Ресейден темір-терсек тасып,

күнін көруде, – деді Теміrbай телміреген ойын актарып.

Бұдан кейін Бұқабаевпен сөйлестім. Ол да мал басына шашау келтірмеген білгір мал дәрігері болатын. Кезінде қогамдық малдың қамы үшін жан ұшыра еңбек еткен, ол аудандық кенеске депутат та болып сайланыпты. Кейін кеңшар келмеске кеткесін, кол қусырып, үйінде біраз отырыпты. Қашанғы отыра берсін. Заман мынау, коны жұқара бастағасын, қатқан қара дипломын абдыраға салып, бәкісін қайрап, басына сәлде байлап, қожалық құруға кіріспті. Мен сөйлескенде көрші ауылда екі-үш баланы сұндетке отырғызып келген беті еken. Әңгімесіне қарағанда жаңа кәсібі жаман емес, коржыны бос болмайтын түрі бар.

– Екі-үш аят үйреніп жүрмін, кейін молда да болып кететін шығармын, – деді Бұқабаев көнілденіп.

“Мамандығым – мактанышым” деген айдарға кейінкер іздең тағы бір-екі жерге телефон шалдым. Сарсенқұл деген келіншек Атматыдан экономистің оқуын бітіріп келіпті. Мамандығы бойынша аудан қолемінде қызмет табылмағасын. өз ауылында дүкенші болып жалданып жұмыс істейді еken. Ал екінші сөйлескенім – Бәтіркұл деген келіншек те Шымкенттің женіл тамақ өнеркәсібі институтын қызыл дипломмен бітіріп, аудандағы бір жеке кәсіпкердің нан-тоқашын пісіруде.

Ауданда мән болмағасын қалаға көнілім ауды. Мамандығын мактан тұтқан жанды осыдан табармын дегендей бір кәсіпорынға бет алдым. Жол-жөнекей бәтеңкемнің өкшесін қактыра қояйын деп. етік жөндейтін кішкентай көк бөткеге тоқтадым. Масқара-ай, қайысты шарт-шұрт жаңып, қыз-келиңшектердің етігін жөндеп отырған бұл жігітім ана жылдары Түркиядағы тері шикізат өнімдерін өндейтін институтты түгесіпті. Дипломын жастықтың астына басып, істеп отырған шаруасы мынау.

— Таңданба, мұндай жалғыз мен емес, Вася деген жолдасым темір жол институтын бітіріп, көшеде шашлық сатып жүр. Ал мен білетін Алдабек заң университетінен алған білімімен өрт сөндіруде, — деді етікші жігіт.

Осыдан кейін ұнжырғам түсіп, үйге бет алдым. Баяғыда оқу бітіргендер мамандығымен жұмыска орналаса қалушы еді. қазір жағдай мынау. Ертен саңырауқұлактай қаптап жатқан оқу орындарында акы төлеп оқып журген қыз-жігіттердің диплом алғанда күні қандай болмақ? Қайран, мүйізі қарағайдай қатқан дипломдар-ай, — деймін ішімнен.

## **СОСЫН... МАСҚАРА БОЛДЫ**

— Біз осы кеше не істедік?

— Не істеуші едік. Күндеңідей жұмыстан шығып, көшені бойлап, аялдамага келе жаттық.

- Сосын?
- Өңеш күрғыр жыбырласа қоя ма, дәмханаға бұрылдық.
- Сосын?
- Жүз грамм дедік. Оған қосып котлет жедік.
- Сосын?
- Жүз грамм аз дедік. Бұл ұсынысты сен де, мен де бірауыздан қостадық.
- Сосын?
- Сөйтіп тұрып, жүз грамнан тағы тастадық.
- Сосын?
- Сосын ба, көңіліміз күмпийп, танауымыз шүртиіп, қыза бастадық.
- Сосын?
- Аяқ астынан “спонсор” табылды. Анау жалпақ танау, тәмпіш (күрғырдың есімі есіме түспей тұрғаны), бізді үрім-бұтағымызға дейін жақсы біледі екен. Жата қалып, жабысты ғой.
- Сосын?
- Қалтаға қолды салды келіп, қайта-қайта жүз грамм алды келіп!
- Ал біз ше?
- Құйғанын іштік, қойғанын жедік. Мұлгіп тұрып, мұләйімсіп тұрып, алғысымызды айттық. Болмады ғой.
- Қап. сайтан азғырғасын оңбады ғой. Сол Тәмпішпен танысқанға дейін кіріп-шығып жүрген есім бар сияқты еді, соңғы жағы қым-куыт, түсініксіз болып кетті. Сосын не болды өзі?

— Сосын ба, бір-бірімізді іреп-тіреп тысқа шықтық. Бұлған жүріспен аялдамаға аяңда-дық.

— Сосын?

— Біз жеткенше бір автобус өтіп кетті, біреуі-нен кеш қалдық.

— Сосын?

— Автобус қутіп тұр едік. Сен бір келіншекті танитындағы қапсыра құшақтап, қып-қызыл ерніне ауыз салдың.

— Сосын?

— Сосын ба, масқара содан басталды.

— Негіп?

— Ана бір алпамсадай құжірейіп тұрган кара мұрт. шегір көз сен құшақтаған әйелдің еркегі екен.

— Мас-қа-ра, сосын?

— Сол еркек қоян алатын қасқырдай құжірейіп келіп, екеуімізді жағамыздан алып, жаңғақша шакты. Жолдың бір жиегінде сен, бір жиегінде мен сұлқ түсіп, сұлап жаттық. Қарсыласуға қауқарымыз болмады. Қайдан болсын, буындарымыздың бұрандасы босап кеткендей, сылқ-сылқ етеді. Эйтеуір, тірі пен-деміз гой, мен үндемесем де, сен бірдене деп мінгірледің де, қатырып сыбап алдың-ау дей-мін, о жағын ұқпай қалдым. Көзімді бір ашсам, әлгі құжірейген сенің жұмсақ жамбасыңды доп тепкендей ермек қылып тұр екен.

— Сосын?

- Абырой болғанда, автобус келіп қалып, әлгі күжірейген еркек ұргашысымен соған мін-ді де, жоқ болды.
- Ал біз ше?
- Біз бе, біз жамбасымыз тиғен жерде жайға-сып, біраз жаттық. Ыңырысыдық. ыңырандық...
- Сосын?
- Сосын не болғанын білмеймін. Бүгін танертең тұрсам, көзім келіншектердің көзін-дей көгеріп кетіпті.
- Мен де онып тұрған жоқпын. Қанаты сынған қаздай кирапландалап, жамбасымды баса алмай жатырмын.
- Мас-қа-ра болды ғой.
- Айтпа деймін, масқара болғанда қандай! Саған телефон соғып тұрғаным: атаңа нәлет, ақаңды бүтіннен бастап аузыма алмаймын!
- Мен де сондай берік байламға келіп оты-рмын. Абыройдан айрылып, шошқа болмай тұрғанда "жынды суға" ұртымды енді малмаймын.
- Дұрыс айтасың, келістік!

## ОН САУСАҚТА - ОН САҚИНА

Алдакеннің Бізбикешінде саусак сайын сакина, деуге болады. Бірінен-бірі өткен он алтын жүзік. Әр жүзіктің Бізбикештің әр саусағына тағылу тарихы әртүрлі.

Ортан қолдағы “персик” деп аталатын қос жүзік өзгеше. Бірін Алдакең қаладағы ет комбинацияна торайдың етін өткізуге барғанда қыбын тауып сатып әкелген. Екіншісі де торайдың пешенесінде – шырылдатып біреуге сыйлап, сыйға осы “персикті” қағып алған. Жайшылықта “ақ кой” деген жануарың иістілеу екен, деп мұрның басатын Бізбикеш әлгі “персиктерді күніне мың ііскейді”.

Сұқ саусактардағы жүзіктердің тарихы да өз алдына бір төбе. Былтырғы жылы қыл арқанға байқаусызыда қылқынып өлген күрен өгіздің жамбас-қолы, тағы басқа да салмакты жерлерінің еті сылтынып алып, осы сакиналардың жолына шәйіт болған. Ал мықыр саусактарындағы сакиналар да әртүрлі жол-жобалардан келген дүние.

Мынау жүзік - бастықтың ортанышы ұлына “кіндік шеше” болғанда тақканы. Мынау – Алдакенің астанаға барғанда әкелген базарлығы. Мынау – құдалықтан түскен олжа. Бұлардан өзге қос жүзік жібек орамалға түюлі, қызыл абыраның бұрышында жатыр.

Егер жұрт бас бармакқа да сакина тағыпты деген кәуесет таратса, Бізбикешің әлгі қос сакинаны бірінші болып бас бармакқа тағып шығары шүбәсіз.

– Алдакең ер ғой, қайным-ау. Совхозда завферма болғалы он саусағымды алтынға малды, - деп кенкілдеп күледі Бізбикеш.

Мейлі, Бізбикеш таға берсін. Он саусағына жиырмасын неге тағып алмайды?! Бірақ басқа тәтейлерді де бұлдіріп жүр. Бұл тәтейлер Бізбикеш болам дегенмен, мына біз Алдақен бола алмаймыз ғой...

## БЕРГЕНИНЕ ҚАРАЙ

Есіл ауданының Амангелді ауылында тұратын бір жекжатымыздың о дүниеге кеткеніне жыл то-лып, соның дұғасына барған едік. Қолы бос ауыл тұрғындары мұндай жиыннан қалған ба. оның үстіне жан-жактағы ілік-жілік, қуда-қудандалы дегендей, адамдар көп жиналды. Осындай дұғада қазір ауылдағы молдадан ғөрі аудан, қала мешіттерінен имам шақырту үлкен мәртебеге айналған сиякты. Бұл жолы қаладағыға қол жетпей. Явленка мешітінің бас имамы келді.

Тән жақын дегендер марқұмға иман байлығын тілеп, кезектесіп дұға оқытып жатты. Имам болса бір дұғаны ұзаққа созып, бір дұғаны қысқа ғана қайырып, жүрттың тілегін орындау үстінде. Сонда отырғандардың бірі сабырсыздық танытып:

— Имам, сіздің бірде ұзак, бірде қысқа оқуыңыздың мәнісін қалай түсінуге болады?  
— деп сұрап қалды. Бұл сұрақтың артын әзілге айналдырған имам:

— Е, кім көп берсе, ұзақ оқимын, кім аз берсе, қысқа қайыра саламын, — деді құліп.

## ӨГЕЙ БҰЗАУ

Ертеректе Жаңажол ауылында Текебас деген кісі болған еді. Жасынан шаруаға араласқан, ол малсак жан болатын. Өздігінен оқып, тәжірибе түйіп, мал дәрігері атанған әлгі кісіні ауыл ерекше құрмет тұтатын. Тіпті, малы былай тұрсын, жаны ауырса да, жұрт осы кісіге тұра жүгіріп, көмек сұрайтын.

Бірде кеңшар директоры Жоламан Сакып-кереев қоғамдық малға індекте қарсы жаппай егу жасау үшін Текебасқа көмек сұрап барса керек. Есік алдына келіп, машинасынан түскен директор қарсы жолықкан Текебаспен амандасканнан кейін бір шелектен таласа-тармаса жуынды ішіп жатқан төрт бұзауға көзі түседі. Жәкең ана-мынаны қалт жібермейтін сезімтал кісі ғой. Әлгі бұзаулардан көзін алмай:

— Жалғыз сирыныңдан туған мына төрт бұзаудың татулығын қараши. ә. жуындыны төкпей, бір шелектен ішіп жатқанын. Өздері құдды фермадагы бұзауларға ұксайды екен.  
— десе керек. Малшылардан сатып алғанына жұрт сезіктенбесін деп, бұзауларға жуындыны жеке-жеке шелекпен бергізбей, үлкен жалғыз шелекке үйреткен Текебас директордың әлгі астарлы сөзін сезе қойып:

— Эй, қайдасындар, балалар, мынау көршілердің бұзаулары бұзауымыздың жуындысын ішіп қойды ғой. — деп қолына ұзын шыбық

ала салып, әлгілерді қуса керек. Бір корада бауыр басып, үйренісіп қалған бұзаулар қуғанға қарасын ба, жуындыға таласуын қоймапты. Сонда директор Текебастың құлығына риза болып:

—Күйп әуре болып қайтесің, өтей де, өзіндікі де әбден бауырласып алған екен, — десе керек.

## **ӨНЕРГЕ ӨЛЕРМЕН ЖАН**

Өнер десе өзегі жарылып, өлемен болып тұратын, басындағы бөркін аспанға атып, жерге ұратын жанкуйерлігі ерекше жандар аз емес. Солардың бірі - Бостандық ауылшының тұрғыны Рашид Мұрсәлімов екен.

Бірде колында домбыра бар бір бейтаныс жолаушы жолшылап бара жатып, осы ауылға ат басын бұрса керек. Әлгінің домбырасын көрген Рашид:

— Домбыраңың дыбысы қалай? — деп сұрапты бірден.

— Ойбай, сұрама, шанағына саусағың тисе болды, сыңғырлап ала жөнеледі. Ағашы да анау-мынау емес, ен қарагайдан скшеп алып, кесремет шебер жасаған домбыра бұл. — деп анауда мактауын жеткізіпті. Домбыраны колына алып, бір-екі шертіп, күмбірлеген үні құлағына жақкан Рашид:

— Мынауынды маған сат. Бірақ ауылдың жағдайын өзің білесің, қолақша жоқ. айырбасқа мал дайын. Жарты жылдан бері семіртіп жүрген ту марқа қойым бар. соны ал да. мынаны маған бер. — депті жабысып. Оңай олжа онынан туып тұрғасын, әлгі жолаушы аясын ба:

— Мә, домбыра, — деп ту койды салып алып жөніне кете барады. Рашид болса күні бүгінге дейін сол домбырасын қолынан түсірмей, күй шертіп, ән айтып, талай жиын-тойдың сәнін келтіріп жүр. “Ку қарағайға ту қойын берген” деп келеке еткен ауылдастары енді әлгі домбыраның күмбірлеген сиқырлы үніне елтіп, мәз-мейрам болуда.

## НАШ САБАКА КІСІ ҚАППАЙДЫ

Жасында енемнің қолы іс білетін шебер жан болды. Ауылдағылар ана-мынасын осы кісіге тіктіріп алып жататын. Кейде тапсырыс қөбейіп кетсе, қолы ісмашинадан бір босамайтын.

Бірде көрші тұратын орыс кемпірі енеме халат тіктірсе керек. Сол халатына қайта-қайта келіп жүрген әлгі кемпір бірден ішке кірмей, қолындағы ұзын таяғымен ауланың есігін тақылдатып біраз тұратын көрінеді.

Тысқа шыққан енем:

— Есікті қакпай. үйге кіре бар. Ауланың да, үйдің де есігі ашық тұрады, — дейді.

– Итіңнен қорқамын, – дейтін көрінеді әлгі кемпір. Сонда орысша шала-пұла сөйлейтін енем:

– Хвос махает, встречает,  
Хвос махает, провожает.  
Наш сабака кісі қаппайды.  
Сосын мен есік жаппайды, – деген екен.

## **ТУРА АУДАРМА**

Енемнің орысшасы қызық. Өмір бойы орыс. қазағы аралас ауылда тұрып келе жатса да, айттын сөзін тұра орысшага аударғанда жүртты қыран-топан күлкіге карк қылады.

Бірде сол кезде мектепте директор болып қызмет істейтін Житников енемнен сиыр сатып алса керек. Мүйіз жібін салып, жетектеп орамнан шыға береді. Сол кезде қазактың мұндай сауда жасағанда “Алды саған жақсы болсын. арты маған жақсы болсын” дейтіні есіне түсіп кетіп, енем Житниковке:

– Перед тибе хорошо.  
Зад мне хорошо.  
Айда, хвос мыт будем, – деген екен.

## **АНҚАУ КЕЛІН**

Айман деген қыз кезінде де керемет анқау болатын. Қыста үйіндегі сиырды көлге жетектеп суаруға барғанда, сиырдың арқасында ко-

нектап отырған тауыкты да аңдамайтын. Сол қалпы сиырды көлден суарып әкелетін. Сиырдың арқасындағы тауық та Айманның аңқаулығын ұкқандай мынқ етпейтін.

Бірде шешесі сиырды сауып, артқы аяқтағы тұсау жіпті шешіп алуды ұмытып кетсе керек. Айман сол қалпы сиырды көлге суаруға апарады. Қайтарында қарсы жолыккан біреу:

— Айман-ау, андағы сиырды тұсап алғаның не? — дейді. Сонда бір-ақ білген Айман:

— Е, бәсе, бүтін жүрісі неге өнбей келе жатыр деп өзім де ойлап едім. — десе керек.

Сол Айман келін болып түскеннің ертеңінде көрші-қоланға келін шайы беріледі. Сонда қайын енесі:

— Шашым ағарғанша ас-сумен арпалысып біттім. Енді келін атып, рахатқа баттым-ау. — депті келіннің шай құйып отырғанына мәз болып. Бұл сөзді естіген Айман:

— Санасыз адамның ғана шашы ағарады деуші еді әжем. Ас-судан ағарғанды естіп отырғаным осы, — десе керек.

## ИНФАРКТ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Көбеште тұратын Телен деген Өрнектегі қайын ағасы Әбітайдың амандығын білмек болып бара калса керек. Бұл кезде қайын ағасы көрші ауылға жол жүріп кетілті. Үйде қалған

қайын бикесі Әбітайдың жоқтығын білдірмей, шай қойып, казан көтеріп, күйеу баланы жік-жапар болып күтеді.

Ас үстінде сөзден сөз шығып, әңгіме мал жайына ауысады. Сонда Төлен қою шайдан маңдайына шыпшып шыққан терді сұртіп жатып:

— “Мал бакқанға бітеді” деген рас екен. Бір қойды бір жыл семіртіп едім, кішігірім торпақтай торсыып, денесін май басып кетті. Ақыры сол семіздіктен орнынан да тұра алмай қалды. Абырой болғанда, сол койымды жақында Астанадан келген біреулерге алпыс мынға сатып жібердім. Өздері де осындай семіз қой іздесе керек, — дейді. Шай құйып отырған қайын бикесі әлгі сөзді естігенде түсі сұрланып, өзгеріп шыға келеді. Орнынан бір тұрып, бір отырып, санын қайта-қайта шымшылап:

— Әлгі біздің Әбітай албасты қайқиган қара сиырды бар болғаны алпыс мынға сатып жіберді-ау. енді не бетімді айтамын, ойбай-ай, қойдан құны төмен болды-ау. — деп сол отырған жерінде талықсып жүре береді.

Міне, инфаркт деген қайдан шығады. ә?!

## “ТІЛ ТИМЕСІН ДЕГЕНІМІЗ ФОЙ”

Құдалықта отырғанбыз. Екі жақ та жарты күннің ішінде мәре-сәре болып танысып үлгердік.

Құданың мінезі қызық екен. Екі ұрттына су ұрттағандаі томпайып үндемейді, үндей қалса бұл-талаққа салмай, қысқасынан бір-ақ қайырады. Әйтеуір, мінезі бізге ұнап отыр. Ал құдағидың мінезі сайтан кутандай қым-қуыт, алакүйін көрінеді. Бірдене ынгайына келмей қалса, жүзі бірде қызырып, бірде сазарып, ала көзі ойнақшып шыға келеді. Не керек, құдалық басталғалы талай шайпау мінезін көрсетіп үлгерді.

Бір сәт сол құдағиымыз құдамен тысқа шығып кеткенде өзара әнгімелесіп отырған біз:

— Құда үндемесе де, негізі жұмсақ жан екен, ал құдағиымыз тікені үрпиген күркетауықтай тентек көрінеді, — десіп жатырмыз. Жанымызда отырған сол жаққа жақтастардың бірі тыңшылылық қызметін мінсіз атқарып, біздің әлгі сезімізді түймедейін түйедей қылып жеткізіп үлгеріпті.

“Жуастан жуан шығады” демекші, бір кезде ішке кірген әлгі жуас деген құдамыз сары самауырындағы бұрқылдағ қайнамасы бар ғой.

— Эй, құдалар, бұл не басынғандарың?! Мен емес, ана құдағиларың кешеден бері ас-су әзірлеп, өздеріңді күтіп жатқан. “Ауыздығы жоқ азулты, тұсауы жоқ тентек кемпір” депсіндер. Айтқан алғыстарың ба бұл?! – деп ашуға мінді. Жайбаракат отырған біз төбемізге тас түскендей сасып қалдық. Сол кезде арамыздығы Жәнтік дүрдіген ерніндегі бір уыс насыбайын іргеге шырт еткізді де:

— Оу, құда, қонақ сыншыл деген, басы артық мін тағып отырған жоқпыз. Кешеден бері күткеніне риза болып, пысықтығына сүйсініп, жұрттың тіл-көзі тимесін деп “жаман кемпір” дегеніміз рас. Оған ашу шакырманыз, — деді.

— Ә, бәсе, өзім де айтушы едім, тым пысық болма, көз тиеді деп. Ойымыз бір жерден шықты ғой, ал, құдалар, менің кемпірім үшін алып қояйық, — деді сабасына түскен құда, қолына рөмкесін ұстап. Амал жоқ бәріміз “жаман кемпір” үшін алып қойдык.

## **СОДЫРДЫҢ САУАП АЙТУЫ**

Ертеде бұл кісі арак ішіп, талай жиын-тойдың шырқын бұзып, ойран-топыр тәбелестің арасында жүретін бұзакы атанған адам еді. Жасаған ұрлығы да аз болмайтын. Ата сақалы аузына түсіп, қартайған шағында ауылда молдалық құрап кәрі-құрттан қалмаса керек. Сонда ауылдың көпей шалдықка аяқ басқан бір топ жігіті әлгі кісіге келіп:

— Ақсақал, сіз молдалық құрсаныз қайтеді? Ауылда сізден жасы үлкен кісі қалмады, — десіпті.

— Эй, шырактарым-ай, молдалықка жөні түзу, жол-жобаны білетін лайықты кісі керек. Маған ондай кісі болудың жөні келмей тұр, — депті әлгі кісі.

— Мұныңыз қалай. алқа жиында ақыл айтасыз, бірлі-жарым аят білесіз. Сізге молда-лықтың реті келіп тұр, — десіп жігіттер қолқа салып коймаган соң:

— Шырактарым, молда болғасын дәріс айтуда керек. зиратқа барып тұру керек. Ал зиратта жатқандардың көбісінің малын ұрлап, көбісінің көзін көгертіп. ренжіткен кездерім көп болып еді. Содан ұялып тұрмын, — депті әлгі кісі.

## НЕҢ ҚАЛДЫ?..

Дөңгелек үстелді жағалай жайғасқан адамдар біршама. Қак төрде жалпақ төсін керіп. қара мұрт, қара сақал, бадырақ көз біреу отыр. Оң жағынан тізерлей басып, ұзын өнеш, сығыр көз жайғасқан. Сығыр көз — бадырақ көздің тұнғыш құдасы. Сол жағында құндыз бөрікті, қызыл шырайлы. дөңгелек жұзді қыл мұрт отыр. Бұл қыл мұрт — бадырактың үлкен болса да. ерке күйеу баласы. Оның жанында толықсып, бұралып отырған оймак ауыз. күлім көз — бадырактың қарындасы, қыл мұрттың жұбайы. Жалпы алғанда, бөріктілер жагы — он бес. орамалдылар жагы — он.

Бұл жиналышп отырған жиынның аты — құда-лық. Келер аяқ. кетер аяқ. ағайын-туыста-рының шакырыс дәмі — бәрі желініп, ішіліп болған шақ. Әлгі жиырма бес құданың бос дөңгелек үстелді ортаға алып. тұмсық тіреп оты-

рған мәселесі – құдалықтың ырымы – кит киу. Киттің сүбелі жағын қай күнде қыз алған жақ татырады. Үй иесі – қыз алған да, келіп отырғандар – қыз берген жақ.

Бұл шаруа да басталып кетті. Ортаға үй иесі – қыздың қайын әкесі шықты:

– Ал, құдалар, жеті-сегіз балалы адаммын. Кем-кетігі болса, кешіре жатарсыздар. – деп өтініш жасап алады да, “мынау бас құдаға” деп, жүз мыңның құндызы жағалы шапанын ортаға топ ете түсірді. Дастанқанға жартылай малынған шапанды бадырақ көз қағып алды. “Мынау құдағиға” деп елу мыңның алмас тасы бар алтын жүзікті құмістелген қобдишасымен ортаға домалата берді. Мұны бас құдағи ортан саусағына тағып алды. Бадырақ көздің қыл мұртты, ерке күйеу баласына отыз мыңның костюм-шалбары бұйырды.

Бірақ кейінгі жағы дауға айналды. Даудың басын бадырақ көздін тұңғыш құдасы бастады:

– Бұл қай қорлағандық?! Анау күйеу баласынан мен кеммін бе?! Ол киген костюм-шалбарынды мен де кие аламын. Қызықтың басын бастаған мен. Ендеше дара костюм менің жолым емес. – деп ортаға сілки сырғыта таstadtы. Ұзакқа созылған дау бадырақтың тума құдасының пайдасына шешілді. Екінші дауды оймак ауыз, күлім көз бастады:

– Шешесі тақкан алтынды мен де таға алам. Шешесі өсірді, мен оқыттым. Он жыл оқытқа-

ным аздай-ақ, бес жыл тағы оқыттым. Қыз қолымнан жөнелтілді. Менің де жолым – алтын, – деп отырып алды. Бұл дау аса ұзаққа созылған жоқ. Әйел халқымен айтысу қыныға түсті ме, әмиян қағылып, ортаға он қызыл қағаз түсті.

– Алып қойғанымыз жоқ еді, қолыңа лай-ықтап өзіңіз аларсыз, – деп, үй иесі қыры сынбаған он қағазды оймак ауызға жылжытты.

Тағы да бір-екі даудың басы қылт ете түсті. Үй иесі ауыз бөлмеде жүрген бәйбішесіне:

– Нен қалды, әкел! – деді.

Жуыр маңда ауыз бөлмeden жауап келе қоймады.

Не қалушы еді, бос әмиян мен бос үй қалды.

## **“МҰРТЫМ НЕГЕ АҚ?”**

Әкесі мен баласы бірде шай үстінде әңгіме-дүкен құрып отырса керек. Сонда баласы:

– Эке, сенің шашың неге ақ, менің мұртым неге ақ? – деп сұрапты. Әкесі сәл ойланып:

– Балам, мен кезінде баспен жұмыс істедім. Содан шашым ағарды. Ал сен қазір ауызben жұмыс істеп жүрсің. Мұртың содан ағарған болар, – депті.

## **“ЖАҒЫРАПИЯҢ ҚАЙ ЕЛ?”**

Аннан-мыннан тауар тасып, сауда жасап жүрген бір келіншек жиында отырып:

— Польша-мольшаңды сөз етпегенде. Қытайға бардым. Түркияға бардым. Пәкістанға бардым. Арабияға бардым. Не керек, бізде жоқтың бәрін солардан сатып алдым. Тауарлары қандай тамаша, — депті мактанып. Сонда келіншектің әңгімесін ұйып тыңдал отырған біреу:

— Апыр-ау, өзің жағырапияны да жақсы біледі екенсің. Біз болсақ, тауар әкелу қайда, адасып кетер едік, — депті таңданып. Сонда саудагер келіншек:

— Эй, ол тағы қандай ел? Нелері бар екен? Тауарлары арзан ба екен? — депті жұтып алғандай.

## **ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА НЕГЕ ЖАЗЫЛМАЙДЫ**

— Папа, осы Қызыл кітапқа нелер жазылады?

— Жоғалып, құрып бара жатқан жануарлар жазылады.

— Папа, ендеше оған кара мал неге жазылмайды? Осы кеншарлардың директорлары кара мал құрып бітті деп қаксап жүр ғой.

## **МҰНДАС ЖІГІТТЕР**

Әйелдерінен әбден жәбір көрген екі жігіт мұндастып тұрса керек.. Сонда бірі:

— Шіркін, бабаларымыз қалай дұрыс жа-саған, ә! Тілін алмаған қатынды құнтпен тәу-бесіне келтірген ғой. Мен де солай қорқытып көрсем бе еken, — депті.

— Білмеймін, менің қатынным пушка әкеліп қойсан да бағынбайды, — депті екіншісі.

## **ҚАЛАМАҚЫСЫ ҚАНША**

Журналист:

— Бүгін газетке үлкен мақалам шықты, оқы-дың ба?

Әйелі:

— Оқып қайтем, одан да қанша қаламақы аласың, соны айт.

## **ҰЯТ БЕТКЕ ШЫҒАДЫ**

Қара адам мен сары адам арақ ішіп тұрса керек. Сонда сары адам қара адамның жүзіне қарап тұрып:

— Осы сен арақ ішкенде неге қызармайсың? Қазанға салған сүр еттей түрін бір өзгермейді. — депті..

— Е, қара адам арақ ішкенде ұяты етіне шығады. Сары адам арақ ішкенде ұяты бетіне шығады, — депті қара адам.

## **ҚҰЙҚАСЫМЕН ЖҰЛЫП АЛДЫ**

Әйел деген халық шамшыл келеді ғой. Тойда отырған екі әйел әлде неге келісе алмай, байланыса кетіпті. Сонда бірі:

— Шашыңды жұлып қолыңа берейін бе. — депті.

— Немене, жын ұрып па мені, шашымды жұлғызатын. Мен де сенің шашыңды жұлып, қолыңа берермін, — депті екіншісі.

Қызды-қыздымен ұрыс ұзакқа созылмаса керек. Екеуі де тұра ұмтылып шаштарына жармасыпты. Сонда бірінің шашы бірінің қолында қалып қойса керек. Мұны көрген басқа әйел:

— Ойбай-ай, ананың шашын құйқасымен жұлып, өлтірдің ғой, — деп байбалам сатыпты. Кейін байқаса, әйелдің қолындағы шаш парик екен.

## **ҚҰРДАС ҚАЛЖЫҢЫ**

Ертеректе ауылда бір парторг болыпты. Әлгінің техникадан хабары жоқ екен. Мұны сезген бір құрдасы далада тұқым сеуіп жүріп, әдейі трәктірін токтатып қойыпты. Егістікті арапап келе жаткан парторг мұны байқап қалып:

— Эй, трәктірің неге токтап тұр? — деп сұрапты.

Сонда анау:

— Тұтін шығатын мұржадан мотордың ішіндеңі поршындар сыртқа ұшып кетті. — депті.

— Мұржасын бекітіп тастамай инженер несін бітірген! Қазір өзін осында алып келейін. — деп парторг ауылға тұра жөнелсе керек.

## ТЕГІН ҰМЫТПАҒАН ФОЙ

Баяғыда бір қазақ орыстан бала асырап алып, оны бөшкедегі суға малып:

— Болып едің Иван.

Болдың енді Иман, — депті.

Сол Иман ержеткесін бір күні даладагы шошқаны ұстап алып, оны бөшкедегі суға малып:

— Болып едің кабан.

Болдың енді баран, — депті.

## БҰЖЫР ЖОПЫР

Ертеректе “Партия кайда жіберсе, сонда боламыз” деген аткамінер шолақ белсенділер көп болды. Сондайлардың бірі Бәкен еді. Түк хабары болмаса да, бір кезде сол Бәкен жол күрілісі белімінің бастығы қызметін аткарды. Бірде жұмыс бабымен калаға барады.

Бәкеннің жүргізуісі бетінде бұжыры бар жас жігіт екен. Әлбетте, машинаны жүргізіп келс жатып, магнитофонның әуеніне қосылып, қиқандап отыратынды әдетке айналдырса ке-

рек. Анда-санда Бәкенің жұмысына да арала-  
сып қояды еken. Ондайда Бәкен:

— Эй, бұжыр жопыр, қозғалмай дұрыс отыр!  
Көзіңе кара, жолынды біл! – деп зекіп тастай-  
тын болады. Сонда жүргізушісі:

— Бәке, үндемей отырсақ, ұйықтап кетеміз  
гой, – дейтін көрінеді.

— Ұйықтасам мен ұйықтаймын, саган не  
жоқ! – деп алая бір қарайды еken Бәкен. Сонда  
жүргізуші:

— Бәке, менің бетім де бұжыр, жол да бұжыр,  
мына тоңқылдақ бәрібір ұйықтата қоймас. –  
десе керек.

## “ОНДЫ ҚАТЫН ӘКЕЛІПСІҢ ГОЙ”

Жаңаталап ауылында ағайынды Бопыш пен  
Ниетжан деген кісілер болды. Екеуі де елге  
қадірлі, жұрт айтып, құле жүретін қызықты  
қылыштары мен аңғал мінездері, аңқау сөз-  
дері аз емес еді. Бопыш кезінде кеншардың  
ферма менгерушісі қызметін атқарып, арасын-  
да ел-жүрттан мал жинап жүрді. Ал Ниетжан  
трактордың құлағында ойнаған маман меха-  
низатор болды. Сол Ниетжан қырыққа дейін  
қызыға қырындал, бір түйір сөз айтып көрме-  
ген, ұяң мінезді сұрбойдак еді. Сонда Бопыш:  
“Саган әйелді өзім әкеліп бермесем болмайды”  
дейтін.

Бірде кеншарға ел-жұрттан мал жинауға шыққан Бопыш ағасы бір ауылда мал алған үйдің бойжеткен қызына көзі түсіп, қатты ұнатып қалады. “Қой, мына толықсыған қызды ініме азғырайын” деген ниетпен әлгі үйден айналышқатап шықпайды. Үй иесі де қонақжай кісі екен, оның үстіне малын пұлдап өткізген соң Бопышқа ас тартып, күтеді. Әңгіме арасында Бопыш қыбын тауып, ойындағысын жасырмай ақтарып салады. Жасы жетіп қалған қызының бағын байламайын деген үй иесі көп сөзге келмей келісімін береді. Бұған қыз да көнеді.

— Шырағым, әкен айтты. өзің көндін, менің інім де айтқанымнан шықпайды. Киін. әйда кеттік, — дейді. Қыз да Бопыштың айтқанын екі етпейді.

Сол күні ауа райы да бірде сұтыып, бірде борандатып тұрса керек. Бұлар ауылға жеткенше уақыт түн жарымнан ауып кетеді. Үйге келсе, шам сөніп, маңай жым-жырт. Қатты желден үй іші ызып, сұтыып кеткен соң Ниетжан орыс пешінің үстіне шығып алып, көйлек-дамбалашаң ұйқыны сойып жатыр екен.

— Аш есікті, саған қатын әкелдім, — деп тыстан айқайлаған ағасының даусын да естімейді.

Бір кезде үйге абыр-сабыр болып кіріп жатқан ағасы мен қалыңдықты көрген Ниетжан пештің үстінен домаланып түсіп жатып:

— Ой, бапа, (ағасын солай атایтын) маған онды қатын әкеліпсің ғой, — дейді қуанып.

Сол Ниетжан бапасы Бопыш әкелген сол әйелімен тату-тәтті шаңырақ құрып, өмірге он жүгірмегін әкеліп, шытынатпай бәрін өсірді.

## **“ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК”**

Кеңестік кезеңде әр шаруашылықта партия ұйымы жас мамандарға саяси білімін көтеру үшін жеке жоспар жасатып, оны сол ұжымның басшысы оқып, кол қойып бекітеді екен. Бәкен басқарған кеншарда экономист болып қызмет істейтін Эйіп деген жас маман Лениннің “Не істеу керек?” деген еңбегін ойып-ойып көшіріп жазып, апарып береді. Бәкен алдына келген Эйіптің сол жеке жоспарын олай төңкеріп, былай төңкеріп, астарына аса ой жүгірте алмаса керек. Сонда да өзінің саяси жұқалығын сездірмеу үшін жігіттерді жинап алып:

— Эйіп дұрыс айтады. жұмыс істеу керек. — дейді. Кейін бұл сөз Бәкеннің құнделікті айта-тын дағдысына айналып кеткен көрінеді.

## **“МАЙЛЫЛЫҒЫ АЗДАУ БОЛАДЫ”**

Кек шыға жайылымға жіберілген сауын сиырлардың сүттілігі кеміп кетеді. Бұл үшін аудандағы басшылардан сөгіс естіген Бәкен жайылымға келіп, мал мамандарына:

- Сиырлардың сүттілігін ертеңнен бастап арттыруға бола ма? – деп төтесінен сұрақ қояды.
- Болады. – деп ете түседі мал бригадирі.
- Ендеше не күтіп жұрсіндер. сүтті арттырмай? – дейді Бәкен ашуға булығып.
- Сауамыз, арттырамыз.... бірақ майлылығы аздау болады. – дейді бригадир су қосу пигылын ойына алып. Байыбына барып, түсінбеген Бәкен:
- Сүттілікті көтерсендер. майлылығын да кемітуге болмайды. оған да бір амалын жасандар, – деген екен.

## **БІЗ ОСЫ ҚЫЗЫҚПЫЗ**

Біз осы, казак, қызықпыз. Көніліміз көлдей көлкіп, арқамыз даладай жазылып, жайбаракат жадырап жүре береміз. Шүйкедей басымызда әлдеқандай күн түа қалса, өзімізді-өзіміз жұбатып, басу айтамыз. Ал малымызды біреу ұрлап әкетсе, аса кинаалып ізdemейміз. “Бас-жаның садағасы” - деп, үйден шықпаймыз. Ақшамыз жогаса, мандай тершітіп, тебендеп жинағанымызды ұмытып, “Бас аман болсын, тағы бір жөнін берер” - деп көнілімізге басу айтып, өзімізді-өзіміз тағы жұбатамыз. Эйтеуір, пейілді де мейірімді халықпыз.

Бәрін айт та бірін айт, кинаалып сырқаттанып калсақ. “Ауырдым, аунап тұрдым” деп өзіміз-

ге-өзіміз шипагерлік көніл айтамыз. Ал анауорыс туыстар табанына шөгір кірсе, балдаққа асылып, не басқа жері сәл сыздаса, боздап ашынып, дәрігерге тұра ұмтылады. Біз ғой, мыңқ етпейміз. “Бір жөні болар” деп үйде отыра береміз. Сырқат жанымызды сыйздатса, орамалмен басымызды таңып алып. ыңқыл-сыңқылмен үйде қою шайды ішіп, талып түскенше жүре береміз. Не керек, “жедел жәрдем” келіп, зембілмен әкеткенше ауруханаға бара қоймаймыз. Өйткені, біз сондай жайбаракат, төзімді халықпаз ғой.

## **КРЕДИТ ДЕГЕНИМІЗ НЕ?**

- Кредит дегеніміз не?
- Алғанда алтын тапкандай қуандыратын, құтыларға келгенде қуырдактай қыспакқа алатын банкілік тәсіл. Сондықтан да болар. кредитті қазақшалағанда – кіреді ит, шығатын жерін біледі ит дейді.

## **КІМ ҮЙРЕТТІ?**

- Ішімдікке әуес болуды кім үйретті?
- Орағам үйретті.
- Эйелге үйір болуды кім үйретті?
- Оны да орағам үйретті.
- Өтірік айтып, өсек тасуды кім үйретті?

- Қазағам үйретті.
- Біреуге күл шашып, күндес болуды кім үйретті?
- Э. оны да казағам үйретті.

## **ТҮСІНДЕ КІМ БАЙЫГАН?**

Кездесе қалған екі сұrbойдақ ойларындағыны айтып біраз сырласады. Сонда бірі мактанип:

- Айдай көрікті әдемі әйел аламын, аспанға төбесін созған биік үй саламын, сосын шүпірлетіп жан табамын. мыңғырлатып мал бағамын.
- десе керек. Сонда екінші сұrbойдақ тұрып:
  - “Түрімен түсінде баиды” демекші, тапқан екенсін дәулеттің жолын. – деп кекетіпті. Бұған шамданған анау:
  - Аяғына киген былғары бәтенке кімдікі – түріктікі. Үстіміздегі сықырлаған былғары пешпент кімдікі – түріктікі. Бұтындағы жылтыраған шалбар ше? Ол да түріктікі. Ендеше, түсінде байыған түрік емес. мыша біз. – десе керек.

## **ҚАЛЖЫІННАН ТУҒАН ҚҰЫРДАҚ**

Ауылда тұратын үш құрдастың біреуі анқау. екеуі қуакы болатын. Бір күні қуакы құрдастар жабдыққа ет таба алмағасын анқауды алдамак болып келіседі.

Екеуі үйлерінде бірнеше күннен бері ашытып қойған қолсыраның тұнбасын сүзіп алғып, бұрқырап тұрган сырадан аздап қосып, анқаудың семіріп жүрген торпағына апарып береді. Жуындыға үйреніп алған торпақ әлгіні түк қалдырмай жалап-жұқтап қояды. Сәлден соң буыны босап, басы айналған торпақ олай бір. бұлай бір томпандаپ құлай берсе керек. Мұны көріп абыржыған анқау құрдас көрші құрдастарын шақыртыпты.

— Ойбай, мынауың жынданғаннан сау ма өзі? Жамбыға апарып тастайық. — десіпті ақылдасып алған екеуі.

— Эй, құрдастар. еңбегім зая кетпесін, тым болды терісін сыптырып алайық, — депті амалы таусылған анқау. Аналардың құткені де осы екен, пышақтарын жалаң еткізіп, торпақты жыға салып бауыздап тастайды. Әпсәтте екеулеп терісін де сыптырып үлгереді. Қыртысы май басқан семіз етті көріп:

— Апырай, мынаны тәгіп тастау обал болмай ма? — дейді қуакы құрдастың бірі таңдайын қағып. Оның ойын түсінген екіншісі де басын шайқап:

— Обал болғанда қандай. Кепиет ұрып, ет көрмей кететін шығармыз.

— Етті айтасың, мұндай кісіге мал құтаймады да мұмкін. Айтпақшы, әлгінде ғана жынданса өнештен асып, бойға тарап үлгермеген шығар. Сан мен жамbastan ойып, қуырдақ

куырып көрсек қайтеді? Мыналардың сөзінен түнілген әрі етті қимаған анқау құрдас айтқандарына көне кетіпті.

Күйрдаққа тойып, араққа аздап бой балқыткан қуакы құрдастың бірі:

— Құрдастың жолы болсын.

Қоран малға толы болсын.

Күйрдақты кім жемейді,

Құрдастар не іstemейді.

Қалжың істі кектемейді. — деп бата беріп, қалған етті өздері бөлісіп алыпты. Сонда ғана анқау құрдас алданғанын білсе керек.

## “АТ ҮСТИНДЕМІН”

Жаңажолда Күліктің Төлегенін жұрт қаты сыйлайтын. Кезінде әртүрлі қызмет аткарып, қулықшыл қылышымен жұртты құлдіріп, жүріп-тұрған адам еді. Бойы аласа, денесі де жұқатай, шағын ғана кісі болатын. Ал бәйбішесі Мәркеш денелі. жұмысқа жойпар жан еді.

Бірде Токең ауылдагы үлкен бір тойда болып, буынына түскен арақтан аяғын баса алмай қалса керек. Сонда Мәркеш Төкенді тік көтеріп, арқасына мінгізіп алыпты. Жолда қарсы жолықкан бір тетелесі тұра қалып сәлем берсе, Төкен:

— Әй, сәлемшіл болсан, үйге кел. Қазір ат үстінде кетіп бара жатырмын, — депті.

## **БӘРТІР ДЕГЕН ПӘЛЕ**

- Папа, осы бартер деген не?
- Ол ма, ол былай, балам. Кеңшардың малы майға айналады. Май ақшаға айналады. Ал акша директордың қалтасына байланады. Міне, бәртір деген пәле осы, балам.

## **АУЫРСА, ЖҰЛЫП ТАСТА**

- Тұні бойы құлағым шаншып, ұйқы көрмей шықтым.
- Айтпа деймін. өткен аптада менің де тісім қақсап, аштан қатып қала жаздадым. Аздап ем жасап... Әзір шүкір.
- Сол емінді маған да айтпайсың ба?
- Жіп байлап, жұлып тастадым.

## **ЕТИКТІҢ БАҒАСЫ ФОЙ**

- Балақай, байқаймын, есептен бағаларың жақсы көрінеді. Беске бесті қоссан, қанша болады?
- Он болады.
- Өй, жарайсың! Ал енді оны онға көбейтсөн ше?
- О жағын білмей тұрмын.

— Онда бестік бағаларды қалай алып жүрсің?

— Ол мұғалимаға папам апарып берген етіктің бағалары ғой.

## **“ЖӘРИТКЕ ТОЛМАЙ ҚАЛАДЫ”**

Бір балықшы әнгіменің қызыумен бөсіп кетіп:

— Қарасудан екі метр қара балық ұстадым, — депті.

— Сықпыртпа, біздің Қарасуда мұндай қара балық жок. — депті балықшының әнгімесін тыңдал отырған біреу.

— Жарайды, метр жарым-ак болсын. — депті балықшы.

— Ондай да болмайды, аздал қысқартшы, — депті анау қоймай.

— Болмадың ғой, жарты құлаш. Одан әрі қысқартсам жәритке толмай қалады, — депті балықшы қиналып.

## **ҚЫРСЫҚ ПЕН САНЫРАУ**

Қырсық бір күні санырауға кездесіп:

— Кімсің, әй? — депті.

— Кісімің ғой, — депті санырау.

— Кісінеген жылқы емесінді көріп тұрмын, —  
депті қырсық.

Енді бірде саңырау қырсыққа кездесіп:

— Балалы болып жатыр деп естідім. Атын  
кім деп қойдың? — депті.

— Әсел. — депті қырсық.

— Осел дейсің бе, жарады, жүрттан қалыспай  
қойғаның. — депті саңырау.

## ЖАЛАҢАШ ҮЙРЕКТЕР

Ауылда тұратын бір женгей мерекеге самогон қайнатып, қалған тұнбасын есік алдында жүрген үйректерге бере салады. Біраздан кейін есік алдына шықса, манағы үйректері әр жерде томпиып сұлап жатыр екен. Мұны көрген женгей:

— Ойбай-ай, бұларға не жау тиген. Құр төгіп тастағанша, — деп, үйректердің жүнін жұлдып алады. Сосын боқтыққа төгіп тастайды. Біраздан кейін тағы далага шықса — табалдырықта бақылдап жем іздел тұрган жаланаш үйректерді көреді. Өз көзіне өзі сенбеген женгей:

— Осы бүгін маған не болған, самогоннан миым шайкалған ба өзі? — деп тұрган жерінде талып жүре беріпті.

Бұл самогон не істептейді.

## **БІР НЕГЕ АЛМАЙСЫҢ**

Баяғыда Жанамқұл деген құрдасым үйіне бес алдым деп. куанып келеді. Сонда әкесі:

— Бесің не. бір неге алмайсың. Бір дегенің қашанды бірінші тұрады ғой, — деп ренжісе керек.

## **КОММЕРСАНТТЫҢ ЕСЕБІ**

— Папа, бірге бірді қоссам, қанша болады?

— Екі болады, балам.

— Дұрыс емес, папа. Мұраттың коммерсант папасы бірге бірді қосып, үш қылып жүрмін дейді ылғи.

## **ДИРЕКТОР ӨТІП КЕТСІН ДЕП**

Ауылда Нұрлан деген бас мал дәрігері болды. Өзге басшыларға қарағанда момын еді. Бірде маңшылар Нұрланды әдейі шақырып, бірінің туған күнін ферманың басында атап өтеді. Сөйтіп отырғанда директор келіп қалады.

Директордың көзіне мас күйінде түспеуді ойлаған Нұрлан жегулі тұрған атын жетектеп ферманы айналып өтетін жолға қарай жүреді. Жолға жете бере сүрініп кетіп, тұрайын десе

тонының етегін ат басып калады. Осы кезде директор алдына келіп тоқтай қалып:

— Эй, Нұрлан, бұт жерде не қылып жатырысның? — дейді.

— Директор өтіп кетсін деп мынау етегімді басып жібермей тұрғаны, — депті Нұрлан.

## ТАПҚЫР ОҚУШЫ

Мұғалім оқушыларға отыз бір грамм күрішті төртке бөліндер деп тапсырма беріпті. Сонда бір оқушы:

— Бүйтіп қиналатын несі бар? Күрішті қайнатып ботқа жасасак. бөлуге жеңіл болады, — депті.

## ЕСЕБІН БІЛЕДІ

Жұмыска орналаспақ болған екі жігіт бастыққа келсе керек. Әлгілердің сөзін тыңдал. түр-нұсқасын барлап шыққан бастық бірінен:

— Арақ ішесің бе? — деп сұрапты.  
— Ішемін. — депті жігіт.  
— Қанша? — депті бастық.  
— Қалай десем еken, тіске басатын тағамы жақсы болса, тымпиып отырып, тоғыз рөмкенін түбін тоңқарып барып тоқтаймын. — депті жігіт қысылыңқырап.

— Жарайсың, сені жұмыска аламын. Ал сен ше? — депті бастық екіншісіне қарап.

- Мен де ішемін, — депті ол.
- Қанша? — депті бастық.
- Білмеймін. Бұйырғаның бұлтартпаймын, — депті жігіт.
- Олай болса сені жұмысқа ала алмаймын.
- депті бастық.
- Қалайша, анау да ішеді ғой, — депті екінші жігіт. өкпе айтып.
- Ол ішсе есебін біледі, сен білмейсің, — депті бастық.

## **ӨЗІҢ-АҚ БІЛІП...**

Баяғыда Әлмен деген байдың Әлкен деген сөзге шешен жалшысы болыпты. Бірде Әлмен әлгі жалшысын көрші шалдан бір атым насыбай сұрап келуге жіберіпті.

Әлкен байдың айтқанын орындалп, үйге келгенде әлгі бай:

- Эй, ку, сөзге келгенде сайрайсың. іске келгенде түк білмей қаласың, — дейді ренжіп.
- Ау, байеке, не болып қалды? — дейді мынау түк түсінбей.
- Бір нәрсеге жұмсаған соң екіншісін өзің-ақ біліп тындырып келмейсің бе? Андағы бір атым не болады, насыбай үгетін үкішін де ала келмедің, — деп жекіреді бай.

Бір күні бай қатты науқастанып қалып, Әлкенді молдага жұмсаса, молдамен бірге тағы

екі адамды ертіп келіпті. Олар есіктен баста-  
рын сұғар-сұқпастан бай:

— Ой, мыналарың кім тағы? — деп тыжыры-  
нады.

— Байеке, анада өзініз айтпап пе едіңіз, бір  
нәрсеге жұмсағанда екі бірдей іс бітіріп кайту  
керек деп. Сол өсиетіңді бұл жолы бұлжыт-  
пай орындарым. «Сактықта қорлық жоқ» деген  
ғой. Қапелімде о дүниеге жүріп кетсеңіз, қабір  
қазушыларға қайта барып жүрмейін дегенім  
ғой, — депті Әлкен.

## **“ТОР БИЕДЕН ХАТ КЕЛДІ”**

Бұл Төлентайдың он жылдықты бітірген-  
нен кейін бір диплом үшін бармаған жері, оқы-  
маған оқу орны жоқ. Жақын мандағы окуды  
құм жұтып қойғандай, қайдан шықсан одан  
шық деп, сонау Одессаға бір-ак тартады. Үл-  
кен шаһар ғой, мұнда оқу орны көп еken. Жел  
құғандай көнілі анасына бір. мынасына бір  
ауып, ақыры біреуіне құжатын тапсырып, абы-  
рай бергенде студент боп шыға келеді. Бір жыл  
оқығасын бұл жер ұнамай қалып, жел құған  
қаңбақтай тағы бір қалаға табан тірейді. Мұнда  
да студент боп жүрмейді. Ақыры желіккен жел-  
пілдеме көнілі өзіміздің Карагандыға жеткізіп,  
арман болған қарағайдай дипломын осы жер-  
ден алып тынады.

Еркек емес пе, елге келіп орнықкан соң, оқыған жерлеріндегі қырындаған қыздардан бұрқыратып хат келе бастайды. Хат танитын шешесі хаттардың сыртындағы қыздардың аты-жөнін оқып, “Е, ұлым үйленгелі жүр еken той” деп қуанып кояды. Бір күні алтыстағы Одессадан Тора Биадан да хат келеді. Хаттың сыртын оқыған шешесі:

— Бұған дейін қазақ қыздары жазып тұруши еді, мынасы тағы не қылған қыз. — деп абыржып қалады. Кешкілік ұлы жұмыстан оралғанда шешесі:

— Саған өзге қыздар былай тұрсын, тор биеден де хат келді. — деген еken көнілсіз кейіппен.

## **ӨКШЕ БАСАР ІНІ БОЛСА**

Бірде редакцияның аяқасты жиыны өтетін болып, баспалдақтан асыға көтеріліп келе жатқанбыз. Сол асығыстықпен алдымда маңмаң басып келе жатқан Мәлік Мұқановтың өкшесін қатты басып қалсам керек. Артына бұрылып, өкшесіне қараған ол жымып бірдене демекші еді.

— Мәке, өкшенді қатты басып қалдым білем, асығыс едім. — дедім, кешірім сұрағандай сыңай білдіріп. Сонда ол жымып қараған қалпы:

— Окасы жок, өкше басар іні болса оған несіне ренжиміз. — деді.

## **ЖИЕНДЕРДІ ИСКЕП ҚАЙТАЙИН**

Сенбіліктен кейін редакциядағы жігіттер азын-аулак тыын-тебендерін қосып, аз-мұз сира-пыра ішіп, үйді-үйге тарай бастадық. Марқұм Әмір Қожахметов екеуміз ол кезде бір жакта тұратынбыз. Аялдамаға беттегеніміз сол еді. марқұм Мереке Тұралин соңымыздан бірге ере шықты.

- Мераға, жол болсын. – дестік.
- Сендер жакқа барып қайтсам ба деп тұрмын. – деді, Әмірге жымия қарап. Оның бұл ойын бірден түсіне қалған Әмір:
  - Айлық та алған жоқпызы ғой. – деді ағынан жарылып. Сонда Мераған:
  - Үйіндегі жиендерімді бетінен бір искеп қайтайын, әр жағын өзің білесің. – деді жымылып.

## **КЕШІР, ИТ**

Күзетші тұнде қатты ұйықтап қалып. қоймаға ұры түссе керек. Бұл қылтығын иттен көрген күзетші:

- Әй, ит, неге үрмедін? - деп итін сабай бастапты. Сонда жанынан өтіп бара жаткан милиционер:
- Андағы итті неге сонша жәбірлейсін? «Ит адамның досы» дегенді білмейсің бе? Кәне, кешірім сұра, әйтпесе айып саламын, - депті.

— Ит үре білсе де, сөйлей білмейді гой. Қалай кешірім сұраймын? - депті қүзетші киналып. Милиция кадалған жерінен қан алатын қандаладай қадалып тұрып алса керек. Ақыры болмағасын қүзетші:

— Кешір, ит, сенің туысының милицияда істейтінін қайдан білейін, - депті.

## «СУФА ҚҰСПА»

Арак ішіп, мас болған екі адам аздап салқын-дап алмақ болып суға шомылса керек. Малтау білмейтін біреуі судың орта кезіне барғанда «Құқ, қу-ұқ» деп қақатып-шашалып, суға ба-тып бара жатады. Сонда жанындағысы:

— Эй, суға құспа. Арғы жиекке барып құс. Бұл суды спиртке қосады, - депті жекіп.

## ТӘТТИ ҚИЯЛ

Бұғінгі жоқшылықтан әбден тапшылық көр-ген біреу:

— Шіркін, ет дайындастын қазактан бір қатын, шөп-шәлем дайындастын орыстан бір қатын, са-уда-саттық жасайтын сігәннен бір қатын алсам. Сонын аякты көкке көтеріп, төсегашта көсіліп жатсам, - депті, тәтті ойга балқып. Сонда әйелі:

— Үш қатын алып қиналатын несі бар? Одан да өзім-ақ демеуші іздең табайын, - депті.

Шіркін, қиялдарының тәттісін-ай!

## **ТАБЫЛҒАН АҚЫЛ**

Іссапарға жиі шығатын бір жігіт досынан:

– Байқаймын, әйелім менен бір сырды ішіне бұгіп, жасырып жүрген сиякты. Соны біле алмай дал болып тұрғаным. Не қылсам екен?  
- деп сұрапты.

– Е, оған бас катыратын несі бар? Көрші әйелге бар да аяқастынан қызылшеке ұрысты бастап кеп жібер. Әйеліңің бұккен сырын айрандай ақтарып берсін сол, - деп ақыл қосыпты сонда досы.

## **БОЙДАҚТЫҢ СЫРЫ**

Екі бойдак көшеде жүргенде бірі ылғи қыздардың балтырына қарай берсе керек. Сонда екінші бойдак:

– Осы сен қыздардың балтырына неге қарай бересін? - деп сұрапты.

– Е, осы жұрт машина таңдағанда доңғалақтарына қарайды емес пе. Доңғалағы жақсы болса, жүрісі де жақсы. Сол сиякты мен де болашақ келіншегімді балтырына қарап, таңдалап алмақпын. - депті анау.

## **КЕМПІРДІҢ ҚАДІРІ**

Жаңа танысып жүрген жігітке кыз:

– Кемпірің бар ма? - деп сұрапты.

— О не дегенін. сенен бұрын әйел алсам ант ұрсын! Ант ұрмак түгіл, әйел жүзін көрмей ке-  
тейін. - депті жігіт безек қағып.

— Жоға, мен әйел алдың ба деп сұрап тұрған  
жоқпын. Ертең үйленсек, маған, кейін бала-  
мызға нәнка болатын кемпірді сұрап тұрмын,  
- депті қыз.

## **БАЛА МЕН ӘКЕ ПИҒЫЛЫ**

Әкесі баласына:

— Елу теңге тауып алсан, не қылар едін? -  
депті.

— Не қылғаны несі, сағыз алтып шайнаймын.  
оыйншық алтып ойнаймын. - депті баласы.

— Оның дұрыс болмайды. Милицияға апа-  
рып бер. Ақылды бала сөйтеді. - депті әкесі.

— Елу мың теңге тауып алсан, өзің апарып  
берер ме едін? - депті баласы бір кездे әкесіне.

— Тек отыр, жалаң бұт жүргенде ондай ак-  
шаны апарып беріп мені жын ұрып па? - депті  
әкесі баласына тұра ұмтылып.

## **ШІРКІН, ТУҒАН ЖЕР-АЙ**

Ажар деген бір апай Одақ тарамай тұрған-  
да озат сауыншы атанып, Грузия елін аралап

қайтуға жолдама алса керек. Бұрын шет жерге шығып көрмеген әлгі апайымыз Мәскеуге барғанда өзін туған елде жүргендей сезінсе. Грузияның жеріне келгенде қатты абыржыпты. Себебі, қай жерге бармасын ирек-ирек танымайтын бөтен жазу кездесе беріпті. Оқын десе көз үйренген әріптеріне ұксамайды. Бір кезде Лениннің портретін көргенде қатты қуаныпты.

— Е, өзіміздің елде жүр екенбіз ғой. - депті қуанғанынан көзіне жас алып.

Шіркін, туған жер-ай!

## **МИНІН БҰЛГЕН ХАТШЫ**

Жаңа бастық келе сала қабылдау бөлмесіндеңі диванды алып тастауға бұйрық беріпті. Мұны көрген хатшы қыз:

— Кешікпей мені де жұмыстан шығаратын шығар, - деп қайфырыпты.

## **АҢҒАЛ КЕЛДІН**

Онтүстікте өсетін Еділбай қойының құйрық майы ана бір жылдары біздің жақта таңсық болатын. Бірде көршімізге сол жақта тұратын құласы сондай семіз койдың бір-екі мүшесі мен құйрық майын сәлемдемеге беріп жіберссе керек.

Кешкісін көршіміз ағайын-туыс, көрші-қолаң дегендейін, он шакты адамның басын қосып, әлгі құйрық майдан дәм татырды. Ет

турап отырған кісі әлгі қалың майды жан басына бөліп беріп, енді ас ала бергенімізде көршіміздің алыста тұратын ағайыны келе қалады.

– Ниетін тұзу, жамандамайды екенсін, асқа дәл келдің. Тек айыбы, құдам беріп жіберген құйрық майды жеп қойдық. - деп көршіміз бәйек болып жатыр. Сонда ас-су қамымен әбігер болып жүгіріп жүрген көршіміздің келіні:

– Қайнаға, мен әлі жеген жоқпын, мә, менің құйрығымды сіз жей қойыңыз. - деген екен.

## **ЕСЕПШІНІҢ ЕБІН ТАПСАҢ...**

Партия құламай, кеңшар тарамай, дін аман тұрған ертерек кезде Жаманбай деген жолдасым мал бағып, озат атанады. Ол кезде ондай озаттарды құрметтеп, партия қатарына тез қабылдайтын. Жаманбай да сондай құрметке ие болып, аудандық партия комитетінің бюросына барады. Сонда хатшы Жаманбайға қарап:

– Бағып жүрген малыңнан қаншадан тәуліктік салмақ алып жүрсің? - деп сұрайды.

– Жарты берсем, жарты килограмнан аламын, - дейді жолдасым.

– Үлгілі коммунист болу үшін мұның аздау болады, - дейді хатшы.

– Оның жарасы жеңіл, бір литр берсем, бір килограмнан аламын да қоямын. - дейді жолдасым шабыттана түсіп.

– Е, бәсе, жобаң енді дұрысталды. Нағыз коммунист солай еңбек ету керек, - дейді хатшы манағыдай емес, көнілдене түсіп. Осы кезде бююродағы отырғандардың бірі:

– «Жарты», «литр» деп тұрғандарың малға беретін су ма осы? - деп сұрайды.

– Жоға, бұл кеңседен малымызды өлшеуге келетін есепші Ағынбайға беретін су ғой, - депті жолдасым Жаманбай ағынан жарытып.

## ӘКЕСІ ҚҰРДАСТЫҢ БАЛАСЫ ҚҰРДАС

Біздін ауылда есімдері аттас келетін екі Рақым болды. Жүріс-тұрыстарына, мінез-құлтықтарына, дene бітімдеріне карап жұрт бірін қыска Рақым, домалак сары Рақым, бірін ұзын Рақым, қауға Рақым деп атап кеткен. Екеуі де бір жылы туған түйдегі құрдас еді. Әзілдесе қалса жұртты құлкіге көміп, катты ойнайтын. Ұзын Рақым:

– Қыска Рақым, домалак.

Көшеде жүрген домалап.

Пайда көзін табыс қып,

Өз ісін білген жобалап. -

десе, қыска Рақым:

– Ұзын Рақым, қауға Рақым.

Басын тігіп дауга Рақым.

Ойламайтын алды-артын,

Жанжал құрып даурығатын. - дейтін.

Бірде ұзын Рақым шұғыл шаруасы болып, қысқа Рақымның үйіне бара қалады. Асыққана сондай – екпіндеп келіп, кіреберіс дәліздегі аласа есікке маңдайын қатты соғып, шалқасынан түссе керек. Сонда сұлап жатып:

- Эй, тәшір домалақ-ай, жұрттың бәрін өзіндегі санадың ба, адам сияқты есікті биік салмай, - деп кейіпті. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» дегендегі, сол маңда ойнап жүрген қысқа Рақымның Серік деген баласы:

- Саған ұзын бол деген кім бар? Бойыңа сенбей, ойыңа сенсен қайтеді. - десе керек.

## **ЖАРЫҚТЫҚТЫҢ СЕМІЗІН-АЙ!**

Жетпісінші жылдары біздің өнірде шөп, сабан тапшы болды. Қоғамдық малды аман сактап қалу үшін маңайдағы облыстардан қамыс шабуға тұра келді. Қазіргі Шал ақын ауданындағы «Бұлак» мал семірту кеншары да сол жолы Қостанайдан асып, Ақтөбенің іргесіндегі көлдерден қамыс шабуға аттанды. Сол топтың ішінде қол шалғыға мығым Шекен, Махмет, Шаяхмет, Нұргали сияқты ақсақалдармен бірге Әйіп пен Зәйкен де бар еді. Әзіл-қалжыны таусылмайтын, отырған жерін думан қылып жүрестін екеуі жол-жөнекей тамыр орыстарына соғып, шошқаның кере карыс майын, үш литр самогонын өздерімен бірге ала кетеді.

Қыс айы әрі жолдың ұзактығы машиналардың уақытында барып-келуіне бөгет жасайды. Сондай бір сәтте ақсакалдардың үйден ала шыққан ас-сулары түтесіліп қалса керек. Машиналарды күткен шалдардың қарны ашып, берекелері кете бастайды. Сонда Әйіп пен Зәйкен қарны ашқан шалдардың алдына үлкен дастарқанды жайып, әлгі тамыр орыстарынан алып шыққан шошқа майы мен самогонды ортаға кояды. Бір тілім нанмен бір тілім майды өткір пышақпен әдемілеп кесіп, самогоны және бар бір-біріне ұсына бастайды. Сонда әбден қарны ашқан ақсакалдардың бірі шыдамы таусылып:

— Жарықтықтың семізін-ай, жылқы малын семіртсөң, осылай семірт, әкел бізге де. - деген екен.

## ИВАН ИВАНОВИЧ КІМ?

Амангелді ауылында Шәрипа деген кемпір құстарға беретін жемі таусылып қалып, ертесімен кенсеге барады. Есепшілер бөлмесіндегі қыз-келіншектер:

— Әже, біз қағаз жазып берейік, бірақ басбұх Иван Ивановичке қол қойдырып алыңыз, әйтпесе кілтші жемді босатпайды, - дейді.

— Е, шырактарым, сойте қойындар. Иван Ивановичке өзім кіріп қол қойдырып алармын. - дейді кемпір.

Есепші қыздар жазып берген тілдей қағазды қолына ұстап, басбұхтың бөлмесіне келген Шәрипа ішке үніліп караса, бір казак отыр екен. «Е, әлгі орысы әлі келмеген екен ғой» деп ойлаған ол тыста қутіп қалады. Сол құткеннен мол күтсе керек, дәлізге шыккан қыздардың бірі:

— Ойбай, әже, сіз әлі отырсыз ба? - дейді таңырқанып.

— Енді кайтейін, мына бөлменің есігін ашып карап едім, қағаздан басын алмай бір казак отыр. Әлгі Иван Ивановичтерің әлі жок, - депті.

— Ой, әже, сол отырған жаңадан келген басбұх Иван Иванович қой. – депті ана қыз. Сонда ішке кірген Шәрипа қолындағы қағазын ұсынып жатып:

— Шырағым, қашаннан бері Иван Иванович болып кеткенсің? – деген екен.

## БАСЫН ЖҰЛАЙЫН...

Бәкеңнің шаруашылығына жоғары білімді жас агроном келіп, егін жаңа ғана көктеп келе жатқанда егістікке тырма салдырады ғой. Бұрын мұндаиды көрмеген де, білмеген де Бәкен егістікті аралап жүріп, жұмыс істеп жүрген механизаторлардың үстінен шығады.

— Эй, мыналарың не? Бүкіл егінді жұлып таstadtындар ғой! - деп байбалам салады.

— Элгі, жаңа келген агроном айтты. Бізге сол не айтса, соны істейміз. Кінәміз не? - деп күмілжиді механизаторлар.

— Токтатыңдар! Бәлем, мен оның басын жұлайын, - деп жұлышын Бәкен асығып кеңсеге тартады.

— Не істеп жатырсыңдар?! Басыңды жұлайын ба? - деп кеңсеге келген Бәкен жас маманға бас салады.

— Бұл – сондай технология. Егін жаңа шығып келе жатқанда тырмалап тастаса, жер копсып, егін тез көтеріледі. Бірен-сараны жұлышнар, бірақ қалғаны қаулап тез өседі. Әрі егін арамшөптен тап-таза болады, - деп жас агроном да өз ісін дәлелдеуге тырысады.

— Эй, шырағым, мұндай технологияның барын біз қайдан білеміз?! Күні бұрын айтып қоймайсың ба?! - деген екен Бәкен сонда көзін ежірейтіп.

## ТӨРТ ҚАРЫН

Бастық болдым деп дамыл таппайтын Бәкен кешке карай жазғы жайылымды аралап жүріп, сауыш сиырлардың бағылмай, табында жатқанын көріп, ертеңіне зоотехникті шақырып алғып жазғыралды гой.

— Бәке, бұл қара мал ғой. Олардың төрт қарыны болады. Оты қанған соң жатып күйіс қайтарып, жеген азығын қорытулары керек.

- деп акталады зоотехник жігіт. Бәкен сөзге тоқтап:

— Сүт кеміп кетпесе болды ғой, әйтпесе. басынмен жауап бересің! - деп ұрысып тастапты. Зоотехник кеткен соң:

— Қара малдың төрт қарыны барын кім білген?! - деп Бәкен басын қасып отырып қалыпты.

## ҚАРА ҚОШҚАР

Көршінің мүйізі қарағайдай қара қошқары болды. Түрі жабайы тау арқарындаған. Табын қойдан ерекшеленіп тұратын тұлғасы бар. үп-үлкен иір мүйізі бірден көзге түседі. Қарап тұрсан, көздері қанталап, тұра бір қасқыр көргендей айбат шегіп, шегіншектеп келіп, бар пәрменімен бір соғатын әдеті де сойқан еді. Талай бала-шаға, әйелдер соққы жеп, запы болғандарынан, бұл қара қошқардың маңынан жүргуге коркатын. Әсіреле, кешкі табын келгенде бір катер. Колында таяғын болып, карсы тұрып өзіне қарай айбат шекпесен, басын тұқыртып алып, екпіндегі келіп сүзуге құмар-ак. Тіпті, анада сойталдай бір жігітті бар екпінмен сүзіп, шалқасынан түсіріп талдырып тастапты. Содан «Байқап жүріндер, маңына жоламандар», - деп ауыл-үйдің адамдары бір-біріне тапсырып жататын еді. Талай таяқ жесе де, сүзеген мінезінен айнымайтын қара қошқарды несі пышаққа кимайтын.

— Осы қошқар болмаса көрер едім. Ауылдың мына қаптаған қойларының бәрі осының тұқымы. Қойларың қысыр қалып, тұқымдары құрып кетсе, ертең өкпелемендер, - дейтін, жұрттан талай сез естіп жүрген иесі. Қалай десе де шындыққа сыйды. Қара қошқар бір отардай койдың басында жүреді. Абалаған иттер де қошқардан корқып, құйрықтарын қысып, қаша жөнеледі. Қой ұрлайтын ұрылар да қара қошқардан сескеніп, қара күзге дейін жазғы жайылым басына бара қоюға қаймығатын.

Бір бұлтты күні, кешкі караңғылықта көшениң кою шаңын көтеріп, табын кеш келіп, ауыл жұрты өз малдарын қайтарып у-шу болып жатады. Ақан қария да қара тонын кие салып, балалардың ұзын баулы бәтенкесін аяғына іле салып, табын малдың ішінен өз қойларын қайтарып жүргенде, бәтенкенің бауына сүрініп, тоңқалаң ұшады ғой. Еңкейіп, алдымен сол бауы құрғырларды байлап. әуре болып жатқанда артынан тиген қатты соққыдан қара жерді танауымен сүзе жалп етіп, құлап түседі. «Құдай ұрды, қара қошқар шығар», - деп қараса, өзімен көршилес келін баланы көреді. Қарияны қара көленкеде бір теуіп қарап тұрған ол, көзілдірігін қолына алып, ыңғайсыз жағдайға тап болғанын сезіп, не істерін, не дерін білмей, үн-түнсіз мелшиіп тұрып қалыпты. Бар айтқаны:

— Ата, кешіріңіз! Мен сізді қара қошқар екен...

Ақан қария да ашуланбай, үстін қағып:

— Мен де «қара қошқар екен» деп, зәрем ұшты ғой. Құдай қакты, мына қара тонымды кимесем, бір жерім сынып, қанқақсайтын едім, - деді күліп жан-жағына ұрлана қарап. Әйтеп, ауыл адамдары абыр-сабыр кезінде, бәрі өз қойларын қайырып жүріп бұл көріністі ангармаған екен.

## **ЕҢ ДӘМДІ САЛМА**

Бірде редакцияға телефон шалған Айдархан жұбайы Айгүлге:

— Кешкіге салманы қалай дайындал қояйын? – деді. Сонда жұмысбасты болып отырған Айгүл:

— Тоңазытқыштан үйректің бір кесек. жылқының бір кесек. қойдың бір кесек етін ал да пісір, сонда ең дәмді салма шығады, – деді.

## **ШЕКПЕНДІ АЙТАСЫҢ...**

Ленин ауылдында Әбен мен Сәбен деген құрдастар болыпты. Ойнағанды да батырып та, қатырып та әзілдеседі екен. Бірде Сәбен Әбенге:

— Осы жұрт зиратты коршағалы жатыр. Кешке зират басына барып, мына қазықты жұрттан бұрын қадасақ үлкен сауап болады. Ал бірге

еріп барған еңбегіңе бір табак ет пен сусының біздің үйден, – депті.

– Е, оның не киындығы бар. кешке барамыз да қадаймыз. – депті Әбен бірден келісе кетіп.

Кешкісін күн желдетіп. жауындау болып тұрса керек. Ұзын шекпен киген екеуі зират басына келіпті. Уәде бойынша Әбен өткір балтаны ала салып, қазықты ұштап жерге қаға бастайды. Осы кезде жетмен желпілдеген ұзын шекпеннің етегі қазықпен бірге қағылып кетсе керек. Соны аңдап қалған Сәбен:

– Қас қарайып қалды, бұл жерде көп тұруға болмайды, кеттік. – депті өзі алға түсіп. Анау да асығыс тұра тартқанда әлде кім етегінен қатты тартып қалғандай болады. Шошынып кеткен Әбен жұлқына қашқан бойы Сәбенді артқа та-стай сала үйіне бір-ак жетеді. Күйеуінің алкам-салқам түрін көріп әйелі:

– Әбен-ау, саған не болған, шекпеннің етегін кім жұлып алған? – дейді. Сонда Әбен ентігіп:

– Шекпенді айтасың, о дүниеге өзімді алыш қала жаздады емес пе. - депті.

## ЕҢБЕКСІЗ ТАҢЫ АТЫП КЕЛЕДІ

Балактан тартып. балтырды сыздатып, шекені шағып, миды мұздатып тұрған тоқыраудағы қиын шақта бір кеншардың директоры мынадай шешім жасапты. Қандай дейсің ғой?

Жұтап жүрген жұртты жұбатып тұрып әлгі директор кеңкиіп қалған кеңшардың кеудесін көтеру үшін мынандай төрт тоқсанда төрт жиналыш өткізуді жоспарлапты:

“Бірінші тоқсанда мал қыстатып, өнім ала-мыз. Өлтірмей төлін аламыз. Шөп жетпесе, үй-ді-үйге бөліп аламыз”, – депті.

“Екінші тоқсанда техниканы жөндеп, жерді өндеп, тұқым саламыз”, – депті.

“Үшінші тоқсанда қырдағының бәрін жинаимыз, қырманға астық құямыз. Сөйтіп ол-жаға батамыз” депті.

“Төртінші тоқсанда шаруаны тындырып, демалып, жатамыз. Қырмандағы астықты өзіміз бірдене қылып сатамыз”, – депті. Жұрт жиналыштың бұл күн тәртібін үнсіз тұрып тындалапты. Сосын бастарын шұлғып, қолданапты.

Уақыт деген сусылдаған сынаптай емес пе. Бірінші тоқсан да келіпті. Жұрт жиналышп, кеңсеге еніпті. Мінбеге шыққан бастық:

– Қыруар малды айырбастап, соляр жақтық. Қалған мал кораға да толмайды. Сонымен, мал қыстату болмайды. – деп сәл мінгірлеп сағатына карайды. Жұрт үйді-үйіне тарайды.

Екінші тоқсанда жұрт тағы да жиналышты. Мінбеге шыққан бастық:

– Техника жүрмейді. Себетін де тұқым жок. Бір азырақ бар еді, кептерлер тауысыпты шұқып жеп, – деп қиналышты. Жұрт тұрып, үй-леріне жиналышты.

Үшінші тоқсанда әлгі директор ақ “Волга-сына” мініп алып, астығы жоқ дағаға қарапты. Мұны көрген жұрт істің мәнісін түсініп, кенсе-ге кірмestен тарапты.

Төртінші тоқсанда жұрт жиналыстың күн тәртібі бойынша демалып, жатып келеді. Міне, содан бері жыл өтті. Кеңшардағылардың ең-бексіз таны атып келеді.

## ТОҢҚЫЛДАҚТЫ ҰНАТАДЫ

Садақан бірде көрсетпей қалған телевизорын трактордың тіркемесіне салып алып, тоңқылдағы көп тұра жолмен ауданға бір-ақ апарыпты. Мұндағы шеберхананың шеберлері телевизорды олай шұқып, бұлай шұқып:

— Ақауы жоқ, көрсетіп тұр, - деп кейін қайтарыпты.

Содан күндердің бір күнінде телевизоры тағы көрсетпей қалса керек. Іс-міс жоқ. Садақан ана жолғыдай телевизорын трактордың тіркемесіне салып алып, ауылды бір айналып шығыпты. Мұны көрген жұрт:

— Сәке, телевизорынды салып алып, ауылды айналып жүргенің қалай? - деп сұрапты. Сонда ол:

— Байқаймын, біздің телевизор жолдың тоңқылдағын ұнатады, - деді.

## ТӨБЕЛЕСТИҢ КӨКЕСІ

Бірде ауылға бір атакты боксшы келіпті.  
Келіпті де ауыл әкіміне:

— Менімен бокстасатын мықтыларың бар ма? — депті.

— Ойбай-ау, ол жағынан ұяттымыз. Одан да қой жеп, қонақ болып кет, — деп жабысыпты ауыл әкімі. Сонда әкімнің жанында жүрген шабармандары:

— Басеке, Торсан бар ғой, той-думанда талайдың төбесін токпақтай жұдырығымен жарып жүрген Торсан ше, — десіпті.

— Ендеше сол Торсанды әкеліндер, — депті әкім. Әлгілер Торсанға келіп:

— Бір кереметті сабап жіберсөң, әкім сені сый-сияпатқа қарық қыламын деп жатыр, — десіпті. Бұл сөзге көнілі құлап, делебесі қозған Торсан бірден келісе кетіпті.

Жиналган жұрттың алдына шыққан Торсан әдетінше дүрдиген еріндерін жымқырып, бір шырт еткізіп, қос білекті бұлк еткізіп:

— Ал, кәне, кетгік. — депті. Атақты боксшы төніп келіп, он жұдырығымен жайлап бір сабап өтіп, сосын сол жұдырығымен демей беріп:

— Көкесі, менмін ғой, танымадың ба? — депті. Торсан көзі ақиып талып жүре беріпті. Әкімі бар, шабармандары бар онға дейін санап әлек болып жатқанда Торсан сәлғана көзін ашып:

— Бәлем, төбелестің көкесін мынау кеткесін көрсетеरмін сендерге. — деп көзін қайта жұмыпты.

## **ТАБЫЛҒАН ШЕШІМ**

Екі ұры бірде тапқан олжаларын тең бөлісе алмай қатты керілдесіп калыпты. Сонда даула-сып тұрған ұры:

— О дүниеге барғанда жасап жүрген осы күнәміздің бәрін екеумізге тең бөледі. Ендеше олжаны да тең алуымыз керек, — депті. Сонда анау:

— Олай болса, тең бөлетін о дүниедегі адамыңды шақыр. Сосын сөйлесеміз, — депті дауды доғарып.

## **ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН ЖІГІТТЕР**

Екі жігіт көшениң тасалау жерінде арак ішіп тұрса керек. Сонда бірі:

— Ертең бас жазуға қай жерде кездесеміз. — депті.

— Құдай ұрғанда, ана жолғыдай айықты-рғышта кездесетін болдық кой. — депті мили-цияның келе жатқанын байқап қалған екіншісі.

## **“ҚАСИЕТТИ КІТАП”**

Ертеректе бір парторг ұйықтар алдында әйеліне:

— Әлгі әкесіне танытып жіберетін кітапты әкелші, — дейтін көрінеді.

Бақсақ, оқыр-оқымастан парторгты тез ұйықтатып жіберетін кітап – КПСС тарихы екен.

## **СУФА САЛЫНҒАН АЙЫП**

Салық милиционері арак саткан бір кемпірді айыпқа жазғыrsa керек. Сонда кемпір:

— Шырағым, жағдайды түсінсөн етті. Пенсијам жетпегесін осылай аздал күнкөріс қыламын, — депті.

— Эже, арак сатканың үшін емес, суды көпкосып, біздің жағдайды түсінбegenің үшін айыптаң тұрмын. — депті сонда милиционер.

## **БҰЫНҒА ТҮСПЕЙ ТҮРГАНДА**

Жайшылықта амандық-саулық сұраудан жаңылмайтын Мұти деген жігіт бірде көшеде қарсы кездесіп, жанымнан зу етіп өте шыкты.

— Эй. Мұти, саған не болған амандаспай, — деп мен де сонынан қалмай еріксіз тоқтаттым.

— Жаңа ғана екі стакан арак ішіп едім. бұныма түспей тұрғанда үйге жетіп жығылайын деп асығып барамын, — деді Мұти.

## ЖАУ ЖАҒЫ

Бір жылдары Бәкен басқарған шаруашылықта шөп дайындау науқаны қызу жүргізілген кез екен. Мая-мая үйілген шөпті көріп, көңілі толған Бәкен жаңа үйіліп жатқан маянын жанына келіп:

— Жау жагын, жау жагын нығыздай салындар. — дейді.

— Жау жағы несі? Түсінбедік қой. — дейді машиналар.

— Жау жағы дегенім — жол жағы, жел жағы, көзге көрінер жағы, өткен-кеткен жандардың мінеп-сынар жағы. Енді түсіндіңдер ме? — деген екен Бәкен күліп.

## “БҰҚА БАЙЛАУЛЫ МА?”

Бөлімшенің сауын мал фермасында сүзеген бір бұқа болған екен. Шадыр мінезіне қарай атын “Өкіреш” деп атап кетіпті малшилар. Бос жүрген бұқа бөтен біреуді көрсе, көзі қызырып, жер тарпып, тұра қуатын әдеті болса керек. Бірде ол Бәкенді де бір бұрышқа қызып тығып, зәресін алыпты. Содан қаймығып қалған Бәкен

бөлімшеге бармақ бұрын телефон шалып, ең бірінші:

— Өкіреш қайда? Бос па, байлаулы ма? — деп сұрап алады екен.

Бастықтың келетінін қаламаған бөлімшедегілер:

— Өкірещті жаңа ғана босатып жіберіп едік. қайта байлауға ырық бермей, сиырлармен бірге бос жүр, — дейтін көрінеді.

Одан әрі сөзге келмей Бәкең телефон тұтқасын тарс еткізіп қоя салады екен. Ол Бәкеннің бүгін бөлімшеге бармайтындығының белгісі болса керек.

## ҚОҚЫСТАҒЫ КЕЛІНШЕК

Бірде ауыл сыртынан бұзауымды іздең жүрсем, жап-жаңа ғана төгілген қоқыста бір келіншек сұлап жатыр екен.

— Апырмай, осы жұрт оңбайды, сап-сау келіншекті қоқыспен бірге төгіп тастағандарын карашы! — деп күйініп тұргам.

Бір кезде әлдекім шапанымның етегінен тартқылағандай болды. Қарасам, танысымның баласы екен.

— Ағатай, бұл біздің үйге келген қонактардың бірі ғой. Бой жазамыз деп тыска шығып еді, мас болған соң құлап қалды, — деді.

## **КӨҢІЛДЕН КҮЛКІ КЕТПЕСІН**

Тілші-қаламгерлердің арасында ойып алатын өткір тілді. әзілдері шындыққа бергісіз, кейде, тіпті, шымбайыңа батып кететін уытты жігіттер баршылық. Солардың біразының айтқан әзіл-қалжындары көвшіліктің аузында жүріп, отырыс-мәжілістерде ерінге еріксіз күлкі үйіреді.

Солардың бірі - ақын Зейнолла Әкімжанов кейде уытты әзілімен, яки сұырып салып шығарған қағытпаларымен ортасын күлкіге бөктіреді. Оның есімде жүрген мына әзіл-қалжындарың оқырманға ұсынып отырмын.

### **“МЕНІ ТОЙҒА ШАҚЫРМАДЫ ФОЙ!”**

Бірде оны оку орындарының бірінің студенттері кездесуге шақырады. Әңгіменің арқауы – Абай өмірі мен шығармашылығы жайында.

Зекең әңгімесін аяktай бергенде біr студент:  
– Құнанбай мен Ұлжанның тойы қалай өткенін білмейсіз бе? – деп сұрайды.  
– Қайдан білейін. Мені тойға шақырмады фой, – депті Зекең.

## **“ӘЖЕҢ ӘЛІ ӨЛЕТИН ЕМЕС ПЕ?!”**

Ертеректе Қызылжарда бір мекемеде онтүстіктің бір жігіті қызмет істепті. Бастығы Алматыға іссапарға жиі барады екен. Оның келесі сапарын күні бұрын біліп отыратын әлгі қу бастығы Алматыға аттанар алдында өзінің ауылынан “Әжең әл үстінде. Шұғыл жет!” деген жеделхат салдырып отырады.

Алматыға бастығынан бұрын барып, әуежайда оны қарсы атып, туыстарымен жайылыш жастық, иіліп төсек болып күтіп жіберуді әдетке айналдырып алыпты.

Сол әңгімеге әбден қаныққан Зейнолла келесі бір сапардан оралған әлгі жігітке:

– Әжең әлі өлетін емес пе? Сенің бастығың Алматыға баарда оның ауыра беретіні несі? Өле қалса, бастығынды жаназасына ала бар. Көзі үйренген адам ғой, топырақ салсын. – дегендеге ананың екі беті оттай жаныпты.

## **“ТӘТЕ, ЕСЕБІҢІЗ ҚАТЕ!”**

Қызылжарлықтардың көбіне таныс мосқал саудагер әйел таразыдан да, тыын-тебеннен де олжа тауып, онысына арланбай, талайларды тәйкесінен түсіріп дәнігіп алыпты.

— Есеп білмейсіңдер, — дейді Зекең опық же-  
ген достарына.

— Есенді жібермегеніңді көрейік, өзің бар-  
шы, — дейді олар.

Саудагер одан да олжа қағып түсіпті.

Сонда Зекең:

— Тәте, есебіңіз кате!

Таразының қалтамды тауысып тұр,

Ақшам Сізге ауысып тұр.

Жей берсөң, құтылмассың даудан,

Жақпай жүрмесін саудан! — деп кете берген-  
де саудагер:

— Қайнам, андағы өлеңіңді жыртып та-  
сташы, ақшанды алмай-ақ қояйын. — дейді.

— Айтайын Сізге расымды,

Жырта алмаймын басымды. — деп шығып  
кетеді Зейнолла ақшасын қайтарып алып жа-  
тып.

## ШАЛБАР ЖАЙЛЫ ӨЛЕҢ

Бірде шаруасы болып, ол қаладағы бір меке-  
менің бастығына барады. Уағда бойынша кел-  
се де, анау бөлмесінде жок еken. Алдындағы  
хатшы қыздан сұраса:

— Жиналыста отыр, тоса тұрының. — дейді.

Зекең қарасын ба, бастықтың кабинетіне  
кіріп барады. Кірсе, бөлмеде ешкім жок еken.  
Тек креслода ілінген үтіктеулі шалбарға көзі  
түседі. Қабылдау бөлмесіне кайта шығып:

— Бастығың маған бірауыз сөз жазып бер деп еді. Қаншама уақыттым кетті. Сіз мына қағазды ол келісімен беріңіз, — деп отыра қалып бір шумак өлең жазып. орыс келіншегіне тастап кетеді.

Сәкенің аңғалдығын аңғарып ем,  
Арылмас аңғалдықтан алда білем.  
Шалбарын креслоға іліп қойып,  
Отыр ма жиналыста дамбалымен?!

Ал мәселенің мәнісі былай болыпты. Жұмыстан соң қонакқа бармақ болған Сәкен баласына үйден үтіктеулі шалбарын әкелуді тапсырып, оны хатшы келіншек креслоға іліп қойыпты. Өлеңді оқыған бастық ақынның аңғарымпаздығына қайран қалып, оны шақырыста айтып, жүртты қыран-топан күлкіге бөктіріпти.

## СОҒЫМ ЖӨНІНДЕГІ ЖЫР

Зейнолла тағы бірде бір бастықтың жұмыс бөлмесінде отырады. Анау әнгіме арасында оқтын-оқтын біреулерге телефон соғып, сөз арқауынан ауытқи береді. Бұған көнілі толмаған Зекен кетпек рай білдіргендеге танысы:

— Қазір босаймын. Бір әйелмен сөзім бар еді соғым жөнінде, — дейді. Зейнолла қайта тізе бүгеді.

— Әй, кемпір, андағын күйіп тұр ғой, бағасын сәл түсір, — дейді.

- Шалым үйде жоқ. Бағасын сол шешеді.
- Шал-палды білмеймін. Өзің шеш бағасын! Осы жерде Зекен күліп жібереді.
- Неге күлдіңіз? Әлде менің саудам келіспей тұр ма?
  - Саудаласып кемпірмен шалы жоқта. Күйдіреді байғұсты салып отқа. Айына бес мың доллар тауып жүріп, Бір сирақты төлейтін халі жоқ па ? – деп Сізге күлкім келіп отыр.
  - Ойбай, Зеке, жұз доллар берейін, мына өлеңді жұртқа айта көрмеші. – деп жік-жапар болған әлгі ақыннан зорга құтылыпты.

## **ҚҰТҚАРУ**

Ертеректе Зекен Алматыда ғылым академиясында қызмет істеп жүрген кезінде әдебиет институты директорының орынбасары зор денилі, аса қаһарлы, бірақ орынды әзілді түсінетін адам болыпты. Бөлімде жиын өтіп жатады. Бастық қарамағындағыларды бір шыбықпен осып отырады. Бәрі жерден көзін алмайды.

Зекенің көзі бастықтың орынтағына түседі. Экелгеніне екі-үш күн ғана болған кресло бір жағына шойқыып калыпты. Ол қисайған сайын бастық та шойқаңдал. орында ойнакши береді. Мұның алдындағы креслоны да осындей ақауы болғасын лақтырып тастаған бастық кресломен бірге тенселіп. айғайға баса түседі.

Оның мұнысын көріп отырған қызметкерлердің ең жасы Зейнолла шыдай алмай құліп жібереді.

— Эне, бұлар сөйтеді. Сынап отырсан, күледі келіп. Сенікі не жырқыл жап-жас болып?! — дейді бастық Зейноллаға шүйлігіп. Сонда Зейнолла:

— Бастығымыз, тұлғаң зор, төрін мықты,  
Құйрығыңыз шыдатпайды орындықты.

Ағаш түгіл, темірді кирататын

Арманым — Сіз сиякты болу мықты, —

дегенде бет каратпай отырған бастық та каркылдан күліп:

— Жарайды, бара беріңдер. — деп жұмсарып, — эй, ақындар тапқыр келеді ғой. Сенің суырып салған өлеңіне ризамын, осылай тұрасын айттып жүр, айналайын! — дейді.

## **ХИТРИННИң ҚАЗАҚШАСЫ**

Наурыз тойы өтіп жатқан мерекелі күні Қызылжарда құрылған киіз үйлердің бірінде сот және прокуратура қызметкерлері дастарқан басында отырғанда. үстеріне Зейнолла кіріп келеді.

— Төрлет, Зеке, — дейді облыстық сот азаматтық істер алқасының төрағасы Еркін Еменбаев. — Бірақ бір шартым бар. Мәселен, Хитринді (сол жылдары республиканың бас прокуроры)

қазақшаға қалай аударар едін? – дейді. Сонда Зекең тізе бүкпестен:

Арақты ішкен сайын су болады,  
Ақынның жұрген жері ду болады.  
Хитринді қазақшаға аударғанда  
Шіркіннің фамилиясы Қу болады, –  
деп жұртты қулкіге бөктіріпті.

## “САРАҢ” СӘУКЕН

Бірде Наурыз тойында ол қатар тігілген екі киіз үйге бас сұғып, алғашқысынан қатып қалған бауырсаққа амалсыз ауыз тигізеді. Жаңындағы үйдің шаңырағынан тұтін шығып, ас пісірліп жатқанын көреді. Екінші киіз үйді тіккен Зекеңмен қатты қалжындасадын құрдасы екен.

Ақынды төрге шығарады. Зекең жұрттың көзінше құрдасын мақтап, қыруар жерге апарып тастайды. Сонда ананың әйелі (есімі Сәүкен делік) қызып кетіп:

– Бәрі мына темір пештің арқасы ғой. Қалаға көшкенде тастамай ала келгем. – деп мактана-дыш.

– Қойши, мақтана бермей, әйтпесе Зекең келемежде кетер, – дейді жұбайы.

Осыны тосып отырғандай Зейнолла табан астында мына бір шумакты шығара салыпты:

Сол кездे қыын болды-ау заман күні.  
Кештік қой аштық пенен қараңғыны.

Темір пешін тастамай ала келген  
Дұрыс екен Сәүкеннің сарапдығы!

## ҚҰДАНЫҢ СЫБАҒАСЫ

Қаладан шығарда салқын сырамен сусын қандырып, етеп көнілін елпілдетіңкіретіп алған Елпекбай қасындағы жігітке: “Жолда құдам бар еді. жол-жөнекей соға кетейік”. - деп колка салды.

– Елпеке, онымыз жөн бола қояр ма екен? Түл ішінде күтпеген қонақты кім ағынан жарылып қарсы атар дейсін? Ұятқа қалып жүрерміз. – деп машинаның құлағын бұрап келе жатқан Шелпекбай жас та болса қысылмай ақыл айтты.

– Өй, о не дегенің? Бөтен емес. құдасымын. Құданы қазак құдайындай сыйлайды. “Олай-бұлай өткенде ат ізін салмайсың. Өзіңе деп сактап жүрген сыйбағам да бар еді. әдейі келіп жеп кет” - деп өзі де талай өкпе айтып жүрген құдам емес пе. Ендеше оның не ұяттығы бар? Осы жолы бір сәті түсіп тұрғанда, соға кетейік. – деді Елпекбай бойындағы желігін баса алмай.

Елпекбай – өзі тұратын кеңшарда кішігірім қызмет аткарып, қолтығына қызыл былғары папка қыскан, сонысымен бедел жинап, белсенді атанған адам. Оның устіне ауданда, облыста өтіп тұратын жинальыстарда кеңшардың на-мысын қорғап, қысылмай сөз сөйлеп қайтатын

өнері тағы бар. Бүгін таңертең бастық өлердегі сөзін айтып: “Қалада бір жиын болатын көрінеді. Соған біздің шаруашылығымыздан өзің қатысып, алда тұрған жауапты науқаннан тәжірибемізді айтып келсөн қайтеді” - деп өтінген. Мұндай жиындарға тұра шабатын Елпекбай бұл жолы да өзінің керек адам екенін аңғарып, қарсылық білдірген жок. Бір-екі қажет-аудеген мәліметті тұртіп алып, “Мен дайынмын” - деді. Онысына риза болған бастық астындағы машинасын шофер жігіт Шелпекбаймен қоса мінгізіп жіберген.

Енді, міне. Елпекбайдың сол жиыннан оралып келе жатқан беті. Жол-жөнекей соға кетейік деп қолқа салып отырғаны Елпекбайдың құдасы да – қой аузынан шөп алмайтын. мал десе малы бар, жан десе жаны бар дәүлетті адам. Әсіресе, қонақ десе, ағынан жарылады. Елпекбай да құдасының осы мінезін ұнататын. Соға кетейік деп Шелпекбайға қолқа салып отырғаны содан.

Бастықтың алдында беделі бар Елпекбайдың көнілін жыққысы келмеді ме, әлде “аш құлак та – тыныш құлак” деп ертеңін ойлады ма, салден соң шофер жігіт:

– Елпеке, қай ауында еді құданыз? – деп өзінің кетәрі еместігін білдірді.

– Е, бәрекелді. манадан бері солай демей-сің бе. Енді біраздан соң жетіп қаламыз, – деді Елпекбай көнілдене түсіп.

- «Мәдениет» болды ғой.
- Дәл түстің.
- Құданыз кім еді?
- Жапар деген кісі.
- Қызыл шатырлы қарагай үйде тұратын ба?
- Айнытпай таныдың. Бұрын білуші ме едің?

– Туыстығымыз бар. – деді шофер жігіт.

- Ендеше бөтен болмадық қой, – деді Елпекбай шофер жігітке енді еркінси сөйлеп.

Осылай әнгіме қызуымен отырғанда, бұлар «Мәдениетке» жеткендерін де байқамай қалды. Машина еңесін биік қызыл шатырлы қарагай үйге тұмсық тіреді. Елпекбайдың құдасы мен құдағыны да үйінде екен, кеш келген қонақтарды құшак жая қарсы алды.

- Көп келмейтін құданың бірі едің. түн іші болса да. мал басын жеп кет. – деп жабысты Жапар.

- Шай мен қуырдақ дайындақ қояйын, – деп бәйек болып жатыр құдағи да.

– Жоқ. мал сойғанға қарамаймыз. Ертең бастығымыз жол жүремін деген еді, – деп шофер жігіт Шелпекбай да асығыстығын білдірді. Сөйтіп, астың тез пісетінін ұнатқан тұнгі қонақтар құдағидың айтқанына келісті. Шай қайнап, қуырдақ піскенше қонақтар ана-мына әнгімені ермек қылды. Міне, бұын бұркырап қуырдақ та, қаймақ құйылған қоңыр шай да келіп жетті. Ақ бауырсақ пен сары май да дастарқанда.

— Ал. ас алындар, өздерің қалаған құырдақ кой бұл. Әйтпесе. Жапар айткан дайын кой жеп. қона жатып кеткендерін де жөн болатын еді.

Құдағи, әйтеуір. жылтыр сөзбен болса да жылы көңілін білдіріп жатыр. Дастарқанға әлдене жетпейтіндей Елpekбай үй иесіне жаутаңдағы қарай берді. Осыны сезгендей төргі бөлмеден шыққан Жапар құдасы қыңыр мойын қос шөлмекті қолтығына қысып, дастарқан ба-сына келіп отырды.

— Мұнсыз астың дәмі келмейтіндей сиякты, жарықтықты койындар, жойындар деп жатыр. Сонда да ұятты қонақ келсе деп сақтап журген бұл да бір сыбағам еді. Жапар балапандай тізілген қима бел рюмкаларға шарап құйып, қонақтарға таратты.

Манадан бері шыдамы түгесіліп, жаутаңдағы отырған Елpekбай:

— Ал, кәне, амандық-саулық үшін алып қояйық, — деп рюмкаға жармасты.

— Тұн ішінде тентіреп қай МАИ жүреді дейсін. — деп Шелpekбай да қарап қалған жок. Не керек, “денсаулық үшін”, “зор байлық үшін”, “ак жаулық үшін” деген сөздермен бірнеше рюмкалар тағы да төс түйістірді.

— Ал, Жапар құда, бұйырған дәм тіс жарып кіреді деген рас екен-ау. Осында ат басын тірейміз деген ойымызда жок еді, өтіп бара жатып амандықты білейік дегеніміз ғой... Бар

болса тағы құйып жібер, – деді әбден қызып алған Елпекбай.

Құдаларымен қош айтысып шығар есікке кикаландаپ жеткен Елпекбай көлденен қосекке шекесін де соғып, қатты қызартып алды.

Машинаға мінген соң аз-мұз кулығы бар Шелпекбай:

– Қалай, Елпеке, құданың койған сыбағасын түгел жедік-ау дейміз. Тіпті, шекенізге дейін қызарып кетіпті ғой, – деді.

Ауылдан шығып, тас жолға түскесін әбден еспеленіп алған жолаушылар машинаға да ерік берді. Желігіп алған машина желді тіліп, бірде олай, бірде бұлай зулап келеді. Әлден уақытта төбесі бір қызарып, бір сөнген жарықты байқап қалған Елпекбай:

– Бұл не жарық, иттің бе, әлде мысықтың ба көзіне ұқсайды өзі, – деді қызарған шекесін ұстап.

– Тәйірі, андағы қызарған шекенің көзге түсіп отырган зардабы шығар. Эйтпесе, осы жолда бізден басқа кім бар? – деді Шелпекбай алаңсыз. Әлгі жарыққа жақындап келген жолаушылар алдарында “токта” деп белгі беріп тұрған МАИ-дың машинасын бір-ак аңғарды.

– Құрық, Елпеке! Құданың сыбағасы бар болсын, – деді төс қалтасынан қол салып, күелігін іздең жатқан Шелпекбай.

Иә, құданың сыбағасы бұларға жеңілге түскен жок.

## ҚҰДАЙ АЯСЫН

— Ауылға барып, ауру болдым, — деп бастады құрдасым әңгімесін.

— Алпыстан асканда ауылды жамандап, алжынын деген екенсін. Несі жакпады? Көкірегінді ашатын саф таза ауасы ма? Бал татыған айраны ма? Әлде ішіңе қазы-картасы жақпаған шығар?! — деймін күліп.

— Тұра тұр. Мен айтайын, сен тыңда. Сабыр ет. Ауылдың қадір-касиетін кетіруден аулактын. Айтайын дегенім — ауылдағы қалыптаскан казіргі тұрмыс-тіршіліктерінің теріс жакқа бет бұрысы ғана.

— Ал, айта ғой. Не өзгеріпті сонда? Қалай, кайда бет бұрыпты?

— Көп көпірмеші-ей! Өз ойым, өз болжаяым ғой. Кім қалай түсінсе, өзі білсін. Аузыма какпак қоймасаң, айтайын. Жол түсіп, желтоқсан айында бір айдай ауылға барып конак болып кайттым. Көргенім: ауылда жұмысы жоқ, тепсे темір үзетін жігіттер сенделіп бос жүр. Ермектері еріккеннің ісі екен. Топ-топ болып белініп, бүтін бір үйде, ертең басқа бір үйде бастары қосылып, карта ойнайды. “Жиын жүрген жерде жын жүреді” демеуші ме еді. Бәрі бір-бір үйдің иесі болған соң келіндерге асқылдырады, арак ішіледі, шекелері қызып, кейде құшакгасып сүйісіп, кейде жұдырыктасып түйісіп тарасады екен. Кейбір үйдің берекесі

кетіп, ырду-дырду болғанын қөріп, қарадай күйініп, ауру болады екенсін.

– Қарама. Қөрмей-ак койсан қайтеді. “Тен-тәңімен” дегендей, карттарымен болмадың ба?

– Қалай қөрмейсін? Қөрмеу үшін көрсокыр болу керек қой.

– Иә, айта бер. Содан. Тағы несін қөріп, көңілің қалды?

– Несін жасырайын? Ағайын-туыстардың сый-құрметіне ризамын. Күнде бір үй шакырады. Аз ғана тұрғыны бар ауыл болған соң шакырыска тайты-тұяғымен жиналады. Соғым союздың кезеңі. Құырдакка бір, соғым етіне екі тұған күн дей ме, жиһаз алыш, жұттан күн дей ме, несін тізбелейін, толып жатыр ғой, айта берсөң. Бірде-бір шакырыс арак-шарапсыз өтпейді екен. Бас косылады, гост айтқызады. Арак і shedі. Қыстайды, ішкізеді. “Шпеймін” деген бірін қөргем жоқ. “Ақ күй. Қызылдан қаным қызады. Сырадан ішім сыздайды”, - деп отырғандары. Токсандағы Тайғара да арак ішгін қойып жүрсе керек, тамсанып отырып: “Енді бір айтқанда алтып қоя жаздадым”, - деп шығады. Біздің ауылды маңайдағы жұрт “бұзауына дейін арак іshedі”, - деп күледі екен. Ол быттай болса керек. Жаздың бір күні Шамған шалдың бұзауы көшеде сенделіп, бір құлатп, бір тұрып жүрсе керек. Қөршісі қөріп, Шамғанның кемпіріне:

– Ана ала бұзауың аурудан сау емес. Өліп калмасын, мал брашына көрсет, - дейді.

– Өлмейді ол. Жұынды беріп едім. Келін бала “тым ашып кетіпті” дегесін үш літргік банкедегі сыраны сол жұындыға қоса салып едім. Соны ішіп алып еді, – депті Шамғанның кемпірі. Сол сөз ауыл-үйден асып, көрші ауылдар тұтіл, шартарапқа тарқап үлгеріп ті ғой.

– Ол ауылдың жас-көрісі тұтіл, бұзауына дейін арак іshedі, – деп құлетіні содан. Соның бәрін көріп, естіп, қарадай қүйініп ауру болдым. Масқара емес пе. Намыска тиеді екен. Мен де сол ауылдың тұмасы емеспін бе?! Солай. Ауылға барып. ауру болдым ғой. – деді құрдасым.

Калжындағай береміз ғой, “Құдай аясын!”, – деймін оған мен.

## TICІНД ТҮССЕ

Басқа бермесін, тіс түсіп, тамак шайнау бас қайғыға айналмасын. Тозығы жеткен тоғыз тістің бірінен соң бірін җұлдырып, жақ солып, бетімен жүріп үйреніп калған қызыл тіл жылт етіп бірде сыртқа шығып, бірде ішке жылт етіп кіріп кетіп. Әбден мазамды алды. Көп ойланбай тіс дәрігеріне баруға бел байладым.

– Жарайды, протез салайық. Ақысын төлеңіз, сосын маған келіңіз, – деді тіс дәрігері.

Төледім. Қағазын алып қайта бардым.

– Отырыңыз, отағасы. Аузыңызға мынаны салыңыз, – деп дәрігер бірденелерді езіп. аузы-

ма тығындасын келіп. Мен үнсіз. Басқа салғасын, көрерің осы. Дәрігер не десе. соны істеп жатырмын. "Құлдық, тек сәтін сала гөр", – деймін ішімнен.

– Тістеңіз. Басыңыз. Ашыңыз, – деп жатыр дәрігер. Не керек, әйтеуір алғашкы әуренің бәріне шығадым ғой.

– Енді бірер күннен кейін келініз. Тіс қалыбы дайын болғасын. өлшейміз, өндейміз, – деп шығарып салды дәрігер.

Ертеңіне де, одан кейін де бірнеше күн ба-рып, ақыры екі протезді бірінен соң бірін аузыма салып, өлшеп, егеп, майдалап дегендейін бітірді-ау.

– Ал, кәне, салып көрейік. Қалай? Қатып кетті ме? Қыздар қарайтындаи болды емес пе!? Айнаға бір караныз.

– Ы... Ы..ың – деймін ыммен ыңқылдал.

Дәрігер қалыпты алып:

– Не боп қалды? Қай жері келіспей тұр, – деп сұрады.

– Мына жері таңдайыма батады, мына жері тілімді жырады, – деймін мен.

– Өндейміз. Ертең келініз, – дейді дәрігер.

Ертеңіне де, одан арғы күндері де қайта-қайта барып, әбден мазасын алған болуым керек.

– Енді несі келіспейді? – дейді тіс дәрігері қатулы үнмен.

– Біртүрлі, ыңғайсыз сезінем, – деймін мен.

— Алғашында солай болады. Әлі-ақ үйреніп кетесіз, — дейді ол.

— Сөйлеуім қыын. Тамақ шайнай алмаймын. Шайнасам, өзінен-өзі түсे береді, — деймін кейіп.

— Сөйлеу қыын болса, көп сөйлеменіз. Тамақ шайнанау қыын болса, шайнамай жұтатын тағам жеңіз. Түсे берсе, клей жағып көрініз. Үйренгенше солай етуге тұра келеді, — деп басу айтады тіс дәрігері.

Амал жок. Сөйтіп жүрмін. Сөйлеуден қалдым, ымдаймын. Ыңылдаймын. Ешкім жокта даусымды шығарып, айғайлап жаттығып жүрмін. Әйтеуір бір үйренермін. Тіс дәрігерін кінәлаудан аулақпын. Не істесін ол. Бір жақсы жері, жазуға кесірі тимейді екен, сосын жазып отырмын гой осыны. Тісін түссе, протез салдырсан, көрер күнің осы екен.

## ҰМЫТЫЛМАС ДЕМАЛЫС

Былтыр бір хат жазған.

“Бауырым, онғустік астанада тұратын жан жолдасына келіп, конак болып кетуінді өтінем. Демалыс ала қалған жағдайда ауылдың шаңын жұтып қақалғанша, күндей көрікті, алма, мейіз, өрікті астананың балдай жұпар ауасын жұтып, балқып, шалқып бір дем алып қайт. Астананың мөлдір суын ішсен. құмшайырдан шегің таза-

рады. Расында да, қак төрімде аунап-қунап жатып демалғаның, айтпады деме, бір жасап қайтқанмен тен. Асыға күтем!“.

Отын-шөп дайындау дегендей, күйбен тірлікпен жүріп бара алмадым.

Биыл тағы бір хат жазды.

“Құлындаі тебісіп өскен Құндызбайым. Биыл әдейі арнап хат жазып отырмын. Мен болсам сағындырмай-ақ қонаққа барып жүрмін. Сәлем-сауқатқа қой-мойынды алып жүрмін. Сен болсан... Қойшы... Тас бауырлығың жок еді ғой. Қанша шақырсам да, келмей койдың. Шүкіршілік, үйлімін. Үй болған соң күйлімін. Оның үстіне бір дәкейдің қызына үйлендім. Таныс-маныстардың арқасында кезегімді сырғытып, үй алдым. Үй болғанда қандай, салтанат сарайы ма дерсін?! Әрі қызметім де төрледі. Несін айтасың, шүйкедей басымда шұмектеп құйған көл-көсір қуаныш. Келіп ортақ бол. Асыға күтем! Сәлеммен: Аңғарбай”.

Жылда сарыла күтіп жүрген досымның көнілін суытпайын деп, кезекті демалысымды жаздың шілде айында алдым да, Астана, қайдастың, деп тартып бердім.

Аңғарбайдың үйін екі адасып, үшіншіде таптым. Үйде жалғыз еken. Бауырмалдылығын қой, мойныма асылып, бетімді бет демей, етімді ет демей ал сүй келіп! Сосын “Әлгі Дәмегүл (жұбайы болу керек, көре алмай кет-

тім) қашыктау жердегі подругасына кетіп еді”.

— деп өкінішін білдірді де:

— Келетінінді күні бұрын хабарламай. бір қателік жасаған екенсін. Оқасы жоқ. Дәмекен келгесін дәмнің бәрі болады. Айтпақшы. ас-су әзірлегенде ауытдың келіншектерінен артық. Ал әзірге шегің шұрылдаپ, өнешің құрғап келген болар. Мына бір жақын жердегі дәмханаға ба-рып, әл жинап алайық. — деп тыскә алып шыкты.

Қою шай ішкенде ғана әл жинайтын мен ұялғанымнан сонына ердім.

— Тіске басары да бар, өнешке құяры да бар, сусын қанар сырасы да бар. анасы да. мынасы да бар. — деп жол-жөнекей дәмханасын мақтай отырып, екі-үш зәулім үйдің арасымен төтелей тартып, бөріктей бөктерілген бір үйге тұмсық тіретті. Ішке кірдік. Иық тірескен жұрт қадімгі суаттан су ішкен құнажындардай қыл кенірдек-теп, иектерін биік үстелдің үстіне асып қойып, ауқаттанып-ақ жатыр екен.

— Мынаның отыратыны жоқ па? — дедім. онсыз да жарым жолды тік тұрып келген мен. Аңғарбай сағатына қарады.

— Дәмекен оралғанша бізде уақыт мол екен. Оған дейін “Көктөбе” деген жер бар, “Ауыл” деген ел бар, сонда барамыз. Барғасын көресін. көрімдігін бересін. — деп дедектете жөнелді. Не керек, әуедегі жолмен қалықтай ұшып, Аңғарбайдың есі танып, мақтаған жеріне де жеттік. “Ауыл” деген елі мейманхана екен. Кезек күтіп

ішке кірдік. Жанға рахат жайлы орынға жайғастық.

— Ал. не ішем, не жеймін дейсің, тізе бер, — деп досым алақандай әшекейлі қағазды қолыма ұстата берді.

— Өзін демесең, ауылдан келген мен ана-мынасын қайдан білем?! — деймін.

Аңғарбайым арықша келген қызыл ерін қызды көзін қысып, шақырып алып, қағаздың бір сыйдырғы жерін нұқып-нұқып көрсетті.

— Қалада тұргасын таныстық — табыс көзі, бұл қызбен де таныстығым бар еді. — деп жейдесін желпіп қойды.

Расында да, қас қағым уақыт өткен жоқ, жуан қарын графиндерге сырасы құйылып, мөп-мөлдір шыныларда ағы бар, көгі бар “аруакты сулар” сап түзеді.

— Ал. келуіңмен! — деп Аңғарбай алғашқы тосты айтып үлгерді. Екінші тост менің еншіме тиді.

Үшінші оның... төртінші менің... Осылай жалғастыра отырып, Дәмегүл үшін де, салтантай үйі үшін де. сосын әлгі қызбен де тостар атынды.

Канша отырып, канша ішкенімізді кім білсін, әлден уақытта қыз шоттың тасын секірте қағып, он бес тасты бір бұрышқа үйіріп қойды.

— Ақша Дәмекенде кетіп еді. Қалтаңда болса төлей сал, барғасын берем, — деді Аңғарбай бос қалталарын сипап.

Ақшаны төлеп, кірелі-шығалы есімізбен есентіреген күйде тысқа шықтык.

— Ал осы жерден тапжылма, мен такси-макси іздел келейін, — деп. Аңғарбай бір жағына жөнелді.

Әлденені қадала қарап тұрған жұртты бетке алып, мен бір жағына жөнелдім. Келсем. әлгі жұрт құлама құздан астананың төбесін қызықтап тұр екен. Мен де үңілдім. Биікке шығып көрмеген, басым айналып, төмен қарай төңкеріліп жүре бердім. Қапелімде колыма іліккен жуан балтырды құшағыма ала жығылдым. Шаң-шұң дауыстар құлакты жарды. Әлдекімдер иығымнан қапсыра ұстап, демеген болды. “Спасибалап” оныма қарасам... кезімді жұма қойдым. Солыма қарасам... а, сорлы басым-ай, өңшең қызыл жағалар.

Арқамнан “еркелете” қағып, сол демеген қалпы жып-жинакы, тас түнек будканың ішіне сұңғітіп жіберді.

Сонымен не керек. Аңғарбайдың анқылдата мақтаған “Ауыл” деген еліне әуелей барып, қарңы “метромен” қайттым.

Келіп жайғасқан жерім айықтырғыш екен. Ертеңіне қалтамдағы барымды қағып алып, арқамнан қағып қоя берді.

Астанадағы шыбын жуытпайтын жан досым Аңғарбайға барып, осылайша “демалып” қайттым. Бұл бір өмірімде ұмытылmas демалыс болды.

Енді бұл күндері досымнан үшінші хатты  
емес, ауылдан ала барған чемоданым мен ауы-  
стырып кием бе деген бір сыйырғы көйлек-көн-  
шектерімді күтіп жүрмін.

## КӘБИДІҢ КӘСІБІ ЕДІ

Жұрт қолына арзан бағамен тие бермейтін анау-мынау зәру заттарды ебін тауып қолына түсіріп, артық бағамен базарға шығарып, у жа-  
пырак сауда жасау Кәбидің кәсібі еді. Соңым-  
нан жанжал ермесін деп оны сатып алатын адамдарды және таңдайтын. Сосын да сен-  
бі, жексенбі күндерді құргатпай базарға жі  
барғыштайтыны. Базарға барса болды, ауыл-  
дан қалаға базаршылап келгендерді үйір-үй-  
ір адамдардың арасынан таңбалы жылқысын іздегендей жаңылмай тауып алатын. Әсіресе,  
шалбарларының балағы майысқан, көйлегінің жағасы қайысқан ынжықбастау біреуді көрсе.  
«тап осы сен алыстағы ауылдан келген ашық ауыз боларсың» деп, жабыса кететін. Жабыса кететін де, іш-бауырга еніп:

— Ой, бәрекелді-ай, ұмытып тұрғанымды қа-  
рашы. Осы сен қай ауылдан келдің?

— Тұгенбай деген ауылдан келдім.

— Е, бәссе. жүзін таныс, жай шырамытпаған екенмін ғой. Мен де сол ауылдың тұмасымын. Қалаға ерте көшіп кеткенбіз.

— Біз де сол ауылға жақында көшіп барып едік...

- Айтпақшы, онда кімнің баласысың?
- Бәленбай деген кісінің баласы боламын.
- Ой, бәрекелді-ай, әкеңді біліп тұрмын ғой.

Ол кісі осы қалада, осы базарда болып, менен талай дәм татқан адам. Ал өзің қалаға жай келіп пе едің?

— Экем көзі тірісінде үйлендірем деп әлек салып жатқаны. Соған құдаларға керек көр-жөр. бүліс іздең қалаға базаршылап келгенім ғой.

— Е, бәрекелді. әкең сені аяқтандырып бір міндептінен құтылайын деген екен ғой. Бірақ, әкенінің өзін ерте шыққаның дұрыс болатын еді.

- Экемнің көзі көрмеуші еді.

— Е, оқасы жоқ, әкеңді біліп тұрмын ғой, көмегімді аямаспын. Қазір іздеңінің бәрін тауып берейін, — деп Кәби осы такылеттес әңгімемен әлгі «ауылдастының» басын айналдырып сонынан жетелей жөнелетін. Сол бетімен жұрт көзінен оғаштау шығып. қойын-қоржынындағы тыққандарын әлгіге тоғытатын. Өзінен табылмағанын ана саудагерден, мына саудагерден сұрастырып алып беретін. Сөйтіп, күнделікті құлқын құнын айырып қана қоймай, едәуір олжа тыын-тебенді қалтасына басатын. Ауылдан базаршылап келгендердің талайы осы Кәби сияқты алаяқ саудагерлерге жем болып қайтуши еді.

Женіл кәсіп жасап, онай олжа тауып, тегін дүние жинап жүрген Кәбидің бұл кәсібі өзі түгіл туыстастарына да оғаш көрінетін. Анада есігімен есігі түйісп тұратын бір көршісі:

— Кәбеке, осы кәсібің түбінде есінді шығармаса жарайды ғой. Алып-сатып жүргенің ұрылардың қолды қылған тауарлары. Иесі шығып, танып қалса масқара ғой. Одан да алыпсатарлықпен айналысып, маңдай терсіз табыс тапқанша адал еңбек етіп, соның рахатын көрмейсің бе? Біздің кәсіпорында саған лайық жұмыс табылып тұр. Менімен еріп соған бар, — деген. Көршісінің жанашырлықпен айтқан бұл сөзін елеген Кәби жоқ. Қайта алыпсатарлық саудаға құныға тұскендей.

Бірде көшеде кездескен екі-үш жігітten арзанға сатып алған құндыз малақайды құндалықмбатқа саудаламақ болып, базарға шықты. Үйір-үйір адамдар ана жерден де. мына жерден де сауда жасап, сапырылысып жатыр екен. Кәби солардың ішінен өзіне лайық алушыны іздел, ұзак жүрді. Бір кезде коян малақайды көңілеіз шұқылап, қарап тұрган шалды көріп, Кәби соған жақыннады.

— Осы күнгінің кыздары ер адамдардың киімін киетін болды ғой, түге, — деді шал.

— Ойбай, отағасы, айтпаңыз. Шалбарымызды да, бешбетімізді де, малақайымызды да әйелдер тартып алды ғой, — деді Кәби шалды қостап.

— Айтпақшы, қызым анада шалбар деп еді. онысын әпердім. Енді құндыз малакай деп. мазамды алып жүргені. Манадан бері базар аралап, лайықтылауын таба алмай тұрмын. Өзінің малакай тігіп, сататын танысын жоқ па еді, шырағым? — деді шал қиналып.

— Іздегенің алдында тұр, отағасы. Мынау қызына ұнайтын болар, — деді Кәби қойнынан құндыз малакайды алып шығып. Шал малакайды айналдырып олай-бұлай қарады да:

— Кәне, бағасын айтып жібер. — деді.

— Жиырма мың. Жасынызды сыйлап өзінізге арзанға қыып тұрмын. — деді Кәби қуланып.

Аяқ астынан іздегені табыла кеткенге қуанды ма, шал артық сөзге барған жоқ. Қойын қалтада орамалға оралған ақшаны санап, Кәбиге ұсынды. Кәбидің қол соза бергені сол еді. өзін қоршап алған үш жігітті бірақ байқады. Арасында біреуі қуәлігін көрсетіп:

— Отағасы, малакайды қайдан алдыңыз? Мынау иесі манадан бері танып тұр. — деді.

— Анада көшеде кездескен үш жігіттен сатып алып едім.

— Қаншаға?

— Екі мың тенгеге.

— Енді қаншаға сатып тұрсыз?

Кәби үндеген жоқ. Өзінің қылмыс үстінде ұсталғанын мойындағандай.

— Сізді базар сайын жиі көреміз. Ұрланған тауарды сатып, табыс тауып жүргеніңді және

білеміз. Ендігі әңгімені тиісті орында жалға-  
стырамыз, жүрініз, – деді милиционер жігіт.

Тұла бойы делсал болып, Кәби алға түсті.  
Көзіне жанағы шалдың берген уыс-уыс тенге-  
лері елестейді. Бірак көрші айтқан сөз де есіне  
оралғандай. Амалы не, Кәби оның мәнін кеш  
ұққандай еді.

## **ПАРА БЕРМЕЙИН ДЕСЕМ...**

Орта мектепті бітіріп, оқуға барамын дедім.  
Ұлken жеңем:

– Токырлыққа бар. Анау Төкен тоқырлықтан  
табысты куреп тауып жүр. Сен де тоқырлықты  
оқысан, далада қалмайсын, – деді. Кіші жеңем  
де сөзге араласып:

– Тоқырлықты қайтесін, шопырлыққа бар.  
Көршіміз Көди көлденен жолаушыны маши-  
насына тегін мінгізбейді. Қадам аттасаң, ақша  
төлейсің. Жол жүремін деп қысылсан, сол  
Көдиге құдайыңдай жалбарынасын. Шопыр-  
лықты оқысан, жолда қалмайсын, – деді. Күн-  
дегі әдеттерінше женгелерім жарыса сөйлеп  
болған соң, ендігі сөз ұлken ағамның аузынан  
шықты:

– Мен сияқты зоотехник бол. Қолың майдан.  
қораң малдан үзілмейді. Ет керек болса уақыт  
талғамайсың, кеншардың семіз құнажынын  
сойып аласың, кесек етін ойып аласың. Так

что, зоотехниктің окуын оқы, – деді. Тек кіші ағам олар сияқты көсліліп сөйлеген жоқ. Үнсіз отырды да, бар айтқаны:

– Қайда барсаң да, пара деген пәле алдыннан шығады. Үлкен оқудың парасы да үлкен. өзін білесің, – деді.

Не керек, етжакын бауырлармен ақылда-сып, бір келісімге келдім де, қала. қайдасың деп тартып тұрдым. Сол тартқаннан Алматыға маңдайымды бір-ақ тіредім. Ертеректе мұнда жалғыз университет болушы еді. Қазір толып кеткен университет. Солардың бірі – ауыл шаруашылығының зоотехникалық оқуына құжынаған қызы-жігіттермен бірге мен де құжаттарымды тапсырдым.

Ауыл баласы болғаным абырой берді білем, әйтеуір өйтіп-бүйтіп окуға түстім. Шындығына келгенде, сиырда үш мүйіз бар, теке қойдың еркегі, қошқар ешкінің еркегі, жылқының төлін ботакан дейміз, ешкінің төлін кошақан дейміз деп шімірікпей жауап беріп, оқуға түскен қала балаларынан менің де білтімім кем болмаған си-яқты.

Осы жұрт пара береді,

Берген сайын ала береді.

“Болды” деп айту жоқ.

Қалтасына сала береді. Сол түбіңе жетпесе болды. – деп оқуға аттанарымда кіші ағам айттып еді. Сонда:

Пара дегенге сенбеймін.  
Ешкімге пара бермеймін.  
Пара сұрады деп ағалар,

Көмек тілеп келмеймін, – деп мен кеткен-  
мін. Кітаптан басымды алmasам, білімді жан-  
жактан шарласам, пара беріп не жыным бар.  
Бірак олай болмады. Окуға түсін түссем де,  
пара беру, пара алу дегенге кейін көзім жетті.

Зыр етіп жарты жыл өте шығып, алғашқы  
семестр де басталды. Бұл өзі студенттерді  
елеп-екшейтін амал екен. Сондықтан сабактан  
қалмай, оқытушының айтқанын корғасындаі  
басыма құйып, үтірін үтірдей, нүктесін нүк-  
тедей есіме сактап, семестрге дайындықпен  
келгендеймін. Содан да болар, ана бұрышта,  
мына бұрышта үрке үрпісіп тұрған студент-  
тердің алдын ойқаштай басып, былғары есікті  
емін ашып, ішке кірдім. Оқытушының алдында  
жаткан сан қылыштар үрей тудыра койған  
жок.

– Бірінші сұракқа жауап бер, – деді қалың  
қара көзәйнекті бастыра киіп алған оқытушы.  
Кезінде лекцияда өзі айтқанды өзіне қайта ай-  
тып, сылдыратып ала жөнелдім.

– Екінші саяалға көш! – деді. Қамши салды-  
рған жоқпын. Оған да мұдірмей жауап бердім.

– Үшінші сұрак! – деді оқытушы үні қатқыл-  
дау шығып. Біліп тұрғасын тартынамын ба, ай-  
тқан жауабыма түзету жасаған жок.

— Жарайсың, ал енді қосымша сұрақ қоямын, — деді оқытушы көзәйнегінің қығынан тесіле қарап. “Койсан, кой” дегендей, мен де отырмын.

— Сессияны сәтті тапсырып шығу үшін не істеу керек? — деді.

— Дайындалу керек. — дедім.

— Тағы не істеу керек? — деді оқытушы сұрағын бастырмалатып. Расын айтқанда, дайындықтан басқа тағы не істеу керек деп іштей күмілжіп, бұл сұрағына жауап берे алмадым.

— Бар, дайындалып кел, — деді ол манадан бері ішін ашып парактап отырған сынак кітапшамды өзіме қайтарып жатып.

Тысқа шықтым. Өзіммен бір бөлmede бірге тұратын шымкенттік Сатыпалды деген жігіт:

— Не болды? Тапсырдың ба? — деп жатыр.

— Жоқ, құладым! — дедім мен.

— Қалай құладың?

— Қосымша сұрақ койды. Соған жауап берे алмадым.

— Ой, содан құладың ба, ол нағыз оңай сауалғой, — деп Сатыпалды кенкілдеп бір құліп алды да. сынак кітапшасын ашып көрсетті. Қарасам ішінде, көлденең ақша жатыр екен.

— Мынауың не?

— Бұл қосымша сұрактың жауабы. Ана-мынаға қиналып қайтем, осы қосымшаның жауабымен сессияны тапсырып-ак кетемін. — деді ол ішке кіріп бара жатып. Сонда білдім, кіші

ағам айтқан параның сор болып жабысатынын. Сөйтіп оқу бітіргенше үйдегі жалғыз танадан табын болып өрген сиырдың үш-төртеуі “қосымша сұраққа” кетті.

Не керек, беретін жерде беріп, төгетін жерде төгіл, окуды бітіріп елге келдім.

“Қайыршыға жел қарсы” дегендей, келсем, кеңшар да, мал да құрыған. Ауыл аузын қу шөппен сұртіп, бұрын мал симаған қоралар қаусаған сырғауылмен ғана қалыпты. Бас зоотехник атанған ағам ауыл мен қала арасында ала дорба арқалаған женгеме көмекші болып жүр екен.

Ала дорба арқалауға ебім жоқ мен қалаға тарттым. Ана мекеменің, мына мекеменің есігін ашып, басшыларына қарағайдай қатқан дипломымды көрсетіп жұмыс сұрадым. Бірі: “Малмен айналыспаймыз” десе. Енді бірі басаяғыма дейін сүзе қарап:

– Бізде “такса” бар, оған қалайсың? – деді. Ал бұлардың “таксасы” оқудағы “қосымша сұрақтың” құнынан да жоғары. Міне, пара деңген осылай соңымнан қалмай қойды. Пара бермейін десем, тағы болмайды. Күнкөрістің қамы үшін не іstemейміз.

## ПЫСЫҚ ҚӨРІШ

Біз көпқабатты үйде тұрамыз. Көпқабатты үй болғасын, өзің білесін. онда көп есік бола-

ды. Сол көп есіктің бір-біріне карсы қараскан көк есігінде мен тұрамын да, былғары есігінде Піти деген пысық көршіміз тұрады. Жасырып керегі не, айтайын дегенім – жұбайым Жәмиғүл әлгі Пітиіміздің пысықтығына қайран қалып, жатса-тұрса аузынан тастамайды.

Дәл есебі есімде жок. Жәмиғүлмен арамыздағы “қактығыстардың” талайы осы Пітидің пысықтығынан басталып кетіп жүр. Сондай “қактығыстардың” кезінде: “Жұрттың, әне, шынашақтай еркегін көрмейсің бе, көзін шыққыр! Үйіне кірсөң – жағалай гарнитур, жағалай тактай, не киеміз, не ішеміз демейді. Қасқырдың терісінен бастап. құндыздың терісінен тігілген киім кигендері. Сен болсан әндағы өнкіген денеңмен жарытып алар айлығың жок, не жұртқа көрсетер байлығың жок. “Анауский”, “мынауский” деп дүниесін таныстырып, мұрның шүйірген Пітидің қайқыбас келіншегінеп мениң нем кем”, – деп Жәмиғүлдің маган талай рет “сыбаға” татырғаны бар.

Айтпағасын, көрмегесін, жұрт қайдан білсін? Біз, әйтеуір, бір шатырдың астында тұрған соң біліп те, көріп те жүрміз. Пайдасын қабыстырып, табысын табыстырып жүрген Пітидің пысықтығы, не керек, дүниеге сынық сүйем жақын жүретін біздің Жәмиғүлдің көңілін анда-санда тұлатып кетеді. Айтсам өсек болып кетіп жүрмесін. Бірде Піти көршіміз бұдан үш жыл бұрын сатып алған стенкасын бағасын

қайыстырып, қайта сатып тұр екен. Алыпсатарлыққа да өнер керек екен-ау, алушыдан айласын асырып, “үш жыл қырын сыңдырмай күтіп ұстағаным үшін әрі мұндай дүние онайлықпен қолға түсе бермейді” - деп үстінен қосарды тағы қағып алды.

– Е, көрші, көшкелі жатқаннан саумысың?  
– дедім абайсызда сауда үстінен шықкан мен.

– Жоға, көрші, мынаның модасы кеткен деп әлгі үйдегі замандасың мазамды алғып жүр. Оның үстіне дүкенге бұдан да әдемісі түскен екен. Кешке мынаның орнын суытпай, соны әкелемін. Көмектесіп жібер, үйде болсан, – деді Піти көршім.

Тағы да Жәмиғұлдің көнілі бұзылатын болды ғой деп ойладым. іштей бір пәленің иісін сезіп. Ақыры ойлаганым болды да. Кешкісін көрші үйдің залға қоятын жаңа стенкасын көріп, көзі қызықкан Жәмиғұл “Біз де ескі мебелімізді сатамызға, жанасын аламызға” көшті. Пітидей ептілігіміз жоқ, аяқ асты ойлағанымыз бола коя ма? Олай жүгіріп, былай жүтіріп, ақыры “Келесі жылы саяжай алсақ, оған үй салсақ, ескі мебельді соған койсақ, сосын жаңа мебель аламыз” деп Жәмиғұлді әзер көндірдім.

Тағы бірде Жәмиғұл екеуіміз жайрандаپ жұмыска бармакшы болып, қолтықтасып есік алдына шыға беріп едік. көршіміз Піти қарсы жолықты. Шан жұқпаған жылтыр көк “Жигулиді” аулаға кантарып койып, ырылдатып тұр екен.

— Е, көрші, машина сатып алғанбысың, қайырлы болсын! — дедім өзім де жай тұрмай.

— Уақытша міне тұрайык деп кеше сатып алып едік. Әлгі үйдегі замандасынды жұмысқа апарып салайын деп соны күтіп тұрмын. Кешікті гой өзі, — деді Піти пысық сөйлеп.

Апыр-ай, көршінің пысық болғаны кейде өзіңе қырын тиеді екен. Аяқ астында Жәмигүлдің өні солып, өзгеріп жүре берді.

— Жұрттың еркегін көрмейсің, әне, әйелін жұмысқа машинамен апарады. Ал мен болсам күнде автобуста қамырша иленіп, әбден өлетін болдым, — деп кірпігін дымқылдады Жәмигүл. Қайтейін, қыз күнінде ерке болған Жәмигүлдің мына кемсөндеуін аяп кетіп, такси тоқтаттым да. жұмысқа жеткізіп салдым. Қашанғы таксилетіп жүремін? Бірер күн сергелденге түсіп, акыры лауазымы төмендеу, дегенмен астында машинасы бар бір қызметке ауысып алдым. Енді міне. мен де көршім Піти секілді жұбайымды желкілдетіп жұмысқа машинамен апарын, машинамен алып қайтатынды шығардым. Мұным көпке бармады. Қоғамдық машинаны жекеменшік жұмысқа мінгенім үшін үп-үлкен сөгіс алып, қызметтен шығып қалдым. Өзіме де сол керек, пысықсып Пітиге еліктейтін нем бар еді?!

Енді бірде өзіме лайықтылау қызмет іздеп келіп, шаршағасын есік алдынлағы орындыққа отыра қалғанмын. Жаныма көрші үйдегі быржық кемпір келіп жайғасты.

- Шырагым, қызмет таптың ба?
- Жоқ, әжекей.
- Пітидің орны бос тұр дейді ғой.
- Піти қайда ауысыпты?
- Піти “Жигулийн” сатып. “Волга” аламын деп жүріп, қолға түсілті. Қоймасында көп дүние жетіспейді дей ме, қазір қамауда отырған көрінеді.
- Қап, қын болған еken. Өзі де қолды-аяққа тұрмай, пысықсып кетіп еді, – дедім үйге бет алып. Кешкісін жұмыстан оралған Жәмиғүл де әлгі хабарды естіп келіпті.
- Айналайын. Көкіштан. “Ұрлық түбі – корлық” деген. Көрмеймісің, әне, дүние, дүние деп келіншегі Пітидің түбіне жетті. Есінде болсын, адал еңбекке ештеңе жетпейді еken. Осы барымызға шүкіршілік, – деп Жәмиғүл жылдамдастып ас дайындауға кірісті.
- Е. бәсе, біздін Жәмиғүлге де ақыл кірейін деген еken. Ал сіздерге ше, пысық қөршілердің жұбайлары?

## **“ШЕГІНЕРІМДІ БІЛМЕДІҢ БЕ?..”**

Бәкен бастық болған кезде жүргізуісіз-ак өзі машинамен жүре беретін. Бірде ауданға жиналысқа рөлде өзі барады. Қаптаған машинаның арасында қалған машинасын шығарып алу онайға соқпасы аян ғой. Рөлге отыра са-

лып, тоң мойынын әзер бұрып, безілдетіп белгі берген күйі артқа қарай шегінеді кеп. Бар пәрменімен артта тұрган машинаны соғып бір-ак тоқтайды. Алдыңғы жағы былшиған жап-жана машинаның жанында не істерін білмей, не айтарын білмей антарылып тұрган жүргізушіге:

— Эй, сен менің артқа шегінерімді білмедін бе, ей?! — деп айқайлай жөнелген екен. Не десін үлкен кісіге, кінәлі болмаса да әлгі жүргізуші үндемей құтылған көрінеді.

## ЖҮРГІЗУШІСІН ТОСПАҒАН БАСТЫҚ

Бәкен тағы бірде ауданға жиналысқа барып, біткен соң машинаға келсе, жүргізушісі жоқ екен. Қасында партком хатышысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы бар. Жүргізушісін әрі тосады, бері тосады. Дегіберсізденген Бәкен машинаға өзі отырып, қасындағыларға:

- Эйда, кеттік! — деп бұйрық береді.
- Жүргізуші жоқ, кой, әлі де болса тосайық.
- дейді аналар.
- Кеттік! Қыдырып-қыдырып өзі келеді, — дейді Бәкен. Қайталап сөйлеуді ұнатпайтын Бәкеннің мінезін білетін жолдастары, жүрейін деп тұрган машинаға отыруға мәжбүр болады.
- Уайымдамаңдар. Жұмысы біткен соң өзі келеді, — деп Бәкен бір-ак тартса керек.

## **БӘКЕҢ МӘСКЕУГЕ КЕЛГЕНДЕ...**

Орысшасы онша емес Бәкен бір жылда-  
ры Қырым курорттарының біріне барады ғой. Сөйлесейін десе не казақ, не қыргыз, не өзбек  
кезікпей, қарадай іші пысады. Шала орысша-  
сымен сөйлесейін десе, оны мұндағы грузин-  
дер аса түсіне қоймайды. Көшелердегі жазулар  
да ирек-ирек грузинше жазылған екен. Сондай  
бір кезенге тап болып, біраз азаптанса керек  
Бәкен. Күні бітіп, кейін қайтқан Бәкен Мәскеу-  
геге келгенде: “Ух! деп бір дем алдым. Тіпті.  
өзіміздің Қазақстанга келгендей болдым ғой”;  
— депті өзі танитын орысша жазылған сөздерді  
көріп.

## **СОЛАЙ КЕЛІСКЕН**

Беделі бар Бәкен шаруашылық директо-  
ры қызметінен кетсе де, кол құсырып отырып  
қалған жок. Шаруашылықтағы шағын астық  
қабылдау орнына бастық болып жайғасты.  
Жеке шаруалар бірлестіктерінен тек астық ка-  
былдаپ. өндеп, сактап қана қоймай, өз алдына  
ұн үgetін шағын диірмені бар, бәленіше жұ-  
мысшы қолы бар, өзіне пайдалы бір орынның  
иесі болып шыға келген Бәкенді бұрынғы жо-  
ра-жолдастары, құрбы-құрдастары, тамыр-та-  
ныстары, ағайын-ауылдастары хан көтеріп

сыйлайтынды шығарды. Бәкен де олардың көнілдерін қайтармай, бұрын ақаңды тарта ішетін әдетін енді жасырмай жалғастыратын болды. Сондай бір күндері Орынбай деген танысы, ол да бір шаруа қожалығының бастығы, жұмысшыларына төлейтін қаржы тапшы, қайсыбір үйлерде тамақ тапшы кезеңде. өздерінде ұн болмай, қысылғаннан Бәкене келеді ғой. Кешегі бір шақырыстан басы ауырып, көзі қызырып отырған Бәкен Орынбайдың амандық-саулығынан кейін:

- Орынбай, жәй жүрген жоқсың ғой, келген шаруаңды айта отыр, — дейді.
- Бәке, байқап тұрмын, басыңыз ауырып отыр-ау шамасы, — дейді Орынбай.
- Иә. Кеше бір үй шақырып, таң атқанша жамbastap жатып гүжілдеппіз ғой.
- Онда мен басыңызды жазып жіберейін. — депті Орынбай.
- Бірдене бар ма еді? Онда неге отырсың, әкел! — деп Бәкен бір жұтынып қалды.
- Бар еді, — деп Орынбай есік алдында тұрған жүргізуісінен екі шиша арағы мен тіске басарын алдырады.
- О?! Өзің тіпті сайланып келген екенсін. Ағаның басы ауырғанын білгендей. — дейді Бәкен жымып.
- Бұгін құн сенбі. Бөтен ешкім келе қоймас, басыңызды ондап бір жазып алыңыз. Сонын сөйлесерміз. — деп Орынбай, бір стаканға тол-

тырып құйған арағын Бәкеннің алдына қойып, өзіне де аздап құйды.

— Алсақ, алайық, — деп Бәкен көп кідірмей-ақ тартып жібереді. Орынбай да ішеді. Сөздері жаңа жарасып сала береді. Біраздан кейін Бәкен, тершіген мандайын сұртіп жатып:

— Орынбай, неге келіп едің? — дейді.

— Ұн керек. Кейбір үйдің тамағы таусылып қалды. Өзімізде беретін ештеңе болмай тұр.

— Қанша?

— Бір тонна.

— Бидайың бар ма еді бізде?

— Жоқ.

— Енді, ұнды қалай берем? Бидай шаруа кожалықтарынікі. Менің артық бидайым жоқ қой, бауырым, — дейді Бәкен қиналып.

Орынбай ұн-тұнсіз, тағы да стаканға толтыра арағын құйып, алдына қояды. Басы жазылып, көнілі көтерілген Бәкен құйылған аракты тоқыратпай тартып жібереді. Тіске басарды шайнап, біраздан соң:

— Орынбай, осы жаңа неменеге келдім дедің?

— Ұн керек деймін.

— Қанша?

— Бес тонна болса...

Бәкен басын шайқап, көзін жұмып, біраз ұнсіз отырады. Жауап жоқ. Не берем, не бермеймін жоқ. Орынбай да ұнсіз күтуде.

Бәкеңнің не дерін тостпай. қырлы стақанды тағы да шүпілдетіп жібереді. Біраз әңгімeden кейін шекесі әбден қызған Бәкен:

- Орынбай, неге келдім дедін. осы? – дейді.
- Үн керек. Үн... Үн...
- Жарайды, әкел қағазыңды, – деп Бәкен алдындағы қағазға қарап жатпай кол қойып береді ғой.

Орынбайға да керегі сол. Түйдектетіп рахметін айтып, Бәкеңнің қолын қатты-қатты қысып, қоштасып кабинеттен шығады. Үнның канша екенін көрсететін жерге “бесті” өзі қойып жіберіп, дайын күтіп тұрған жүк машинасына ұн тиетіп, ауылтына көnlді қайтады.

Ертеңіне безілдеген телефонды алған Орынбай ар жағындағы дауысы қарлықкан Бәкеннің:

- Орынбай, осы сен бес тонна ұн алып кетіпсің ғой... Мен саған бір тоннаға ғана қол қойған сиякты едім. – дейді.

– Бәке-ау! Бес тонна бердің ғой. Мен ... Шын айтам. Егін орағына да көп қалған жоқ қой. Бірінші бастырған бидайдан сол ұнға тапсырам. Ренжіменіз, Бәке. Жүдеп отырған кейбір отбасылардың алғысын алдыңыз. – дейді Орынбай.

Біраз үнсіздіктен кейін:

- Олай болса, жарайды. Мен жургізушіні жіберем. Бір-екі семіз қой салып жіберші.
- Не дедің. Бәке?

— Қой! Қой керек деймін. Келістік пе, — дейді Бәкең.

— Сөз жоқ. Келістік.

Орынбай өзі барып, таңдал, Бәкеңнің жүргізуісіне отардан екі семіз қой салып бергізеді. Жаздыру қайда?! Бәкең акша төлеу туралы ұмытып кетсе керек. Орынбай да оны тусінеді. Солай келіскен.

## ӨЗБЕКТЕР МЕН ҚЫРҒЫЗДАР

Ауылда тұратын Әйіп ағайдың амандығын біле кетпек болып, қаладағы бір құрдасы жол-жөнекей соға кетсе керек. Есік алдында тұрған екі-үш женіл машинаны көрген алғі құрдасы бірден үйге кіруге ұялып, орамнан шығып келе жатқан баладан:

— Үйде кімдер бар? — деп сұрайды. Бала қолындағы буы бұрқыраған бауырсақты аузына тығындалп тұрып:

— Өзбектер мен қырғыздар. — дейді де әрі сөзге келмей ойын қуып кете барады.

Не істерін білмей қипақтап қалған Әйіптің құрдасы сәл тұрып: “Қой, танымайтын қонақтардың үстіне кіргенім ұят болар. Ас андып келді дер, тағы бір келгенде кіріп шығармын”. — деп жөніне кете барады.

Бірде Әйіпті қалада кездестірген құрласы:

— Ана жолы ауылға соғып, амандығынды біле кетейін деп едім, үйде өзбектер мен қырғыздар бар деген соң кірмей кеттім. — дейді.

— Ойбай-ау, олар өзіміздің ағайын, ауылдың тұмалары ғой. Білмеуші ме едің, кәдімгі Күзембайдың қалада тұратын Қырғыз. Явлена када тұратын Өзбек деген балалары ғой. Ана да менің мүшелтойыма келе алмаған соң бала-шағасымен сол жолы әдейі қайырлы болсын айта келіпті. Қап, сол жолы кірсөң, біраз мәре-сәре болып қалатын едік. — деді Әйіп.

— Қайдан білейін, өзбектер мен қырғыздар дегесін сонау жақтан келген бейтаныс қонақтарға бөгесін жасамайын деп ұялып едім. — деп жатыр құрдасы да ағынан жарылып.

— Маған шетелдік қонақтар құнде келе бермес, ендігі жолы ауылға келсөң, үйге әдейі кіріп шық. — деп Әйіп те құрдасының анқаулығына күліп жатыр.

## БАСЫЕКЕУ...

Шаруашылдықты басқарып тұрған Бәкен деген кісі бірде жұмыс жағдайымен мал қораларын аралап шыкса көрек. Сонда:

— Анауың не? Мұнауың не? Тазалық неге жоқ? Өнім неге аз? — деп жұмысқа жаңа орнласқан жас бригадирді сұраптың астына алышты. Бәкеннің әр сұрағына:

— Басыекеу, бұл бұлай болды. Басыекеу, бұл солай болды... — деп әлгі бригадир сұлтау айттып, актала берсе керек. Мұны ұнатпаған бастық оған ожырая қарап, ана-мынаны сұрай береді. Тағы бірде әлгі бригадир:

— Басыекеу... — дей бергенде Бәкен:

— Эй, бала, сен осы “басы екеу” дейтін сөзінді қашан қоясың? Менің басым екеу емес, біреу. — деп құлақшының шешіп, басын нұқып көрсетсе керек.

## АУЗЫ БАР МА?

— Бәке, ревизор ана-мынаны қопарып, бәрін тізіп, акт жазып жатыр. Егер де оларды шынымен айғақтап, жогары жаққа алып барса, бізді басымыздан сипай коймас... Енді не істейміз? — дейді кабинетке имене кірген бас есепші.

— Сонда нені жазып жатыр?

— Сұрама, құрылышты қыртысын қопарып түгел ақтарып шықты. Ағаш үй деген қамыс үйлерді түгел тізіп жазды. Корадағыны, қоймадағыны қоймай тіміскілеп санап алды. Жетпейді... өтпейді... әйтеуір, тұртіп жазғандары көп болып жатыр, — дейді бас есепші ентіге түсіп. Бәкен де манағыдай емес, сұқ саусағымен үстелді тырсылдатып біраз отырды да:

— Аузы бар ма екен? — деді.

— Кімнің?

— Біздің деп пе едің, ревизордың?

– Эрине, бар, ауызсыз адам бола ма, – деп бас есепші Бәкеңе жақындай түсті.

– Ендеши ойлан, сол ауызды қыбын тауып тығында. Менен жөн сұрайтын жаңа істеп жүрген жоксың той, – деді Бәкең жол тапқандай сабасына түсіп. Бас есепшіге де керегі осы еді. Бастықтың алдынан өтіп алайын деген құлығын жүзеге асырған ол кабинеттен көнілді шықты.

## БІЗДІҢ МЫРҚЫМБАЙ

Бұл Бейімбеттің Мырқымбайы емес, кәдімгі өзіміз білетін ауылдың Мырқымбайы. Атына заты сай демекші, үнемі мықшындал пысып жүретін сол Мырқымбай таңың атысынан күннің батысына дейін аяқ-көліна бір тыным бермейді. Малын өріске шығарып салып. қайтарында ауыл іргесіндегі шоктан қураған ағаштың бір құшағын ала келетін. Ала жаздай сол әдетімен қыстық отынын да қысылмай жи-нап алатын. Сөйтіп жүріп кеншардың жұмысынан да калып көрген күні жок. Бригадир:

– Эй, Мырқымбай, мал бағуға барасың. Эй, Мырқымбай, егіп оруға барасың. Эй, Мырқымбай, трактор айдайсың. – десе, Мырқымбай ләм деместен тұра жөнелетін. Жанын жеген Мырқымбайдың осы елгезектігі нарық келген кезде де мұртын қисайтқан жок.

Кеңшардың күлі шығып, күні құрыған кезде жұмыссыз қалған тетелестері катындарына ала дорбаны артып қойып, үйлерінде жамбастан жатып алды. Ал Мырқымбай болса тыным көрген жоқ. Атын жегіп алып, ауыл іргесіндегі ағаштардың ішін, қурай басқан егістік алқаптарын кезіп, шашылып жатқан темір-терсектерді жинады. Сонда құрдасы әрі құдайы көршісі Құрымбай:

— Эй, Мырқымбай, немене темірден там салғалы жүргеннен саумысың, — деп келеке қылатын.

— «Керек тастың ауырлығы жоқ» деген. Бұрын сүрінсең де жерден көтеріп алмайтын бұл темір-терсекті ертең іздейтіндер табылады. сонда көресің. — дейтін Мырқымбай өз жөнін біліп.

Арада бірер жыл өтіп, кәсіпкерлер қауап шыға бастаган кезде темір-терсек сатып алушылар да сау ете түсті. Мырқымбай жиған-терген темірлерін қалаға сатып, қыруар акша тапты. Сонда құрдасы Құрымбай: «Ауылдың іргесіндегі шашылып жатқан ақшаны да Мырқымбай ғұрлы жинап ала алмадық-ау» деп өкінгені бар. Мырқымбай болса сол ақшасын шытынатпай буып-түйіп, бір орыстың көнелеу тракторын сатып алды. Екі өкпесін әрен соғып, тырк-тырқ етіп, есік алдына ентігіп жеткен тракторды көргенде сол баяғы құрдасы Құрымбай:

— Эй, Мырқымбай, мына дырылдақпен егін салғалы жүргеннен саумысың? Алдына андағы мәстегінді жегіп алмасан, мынауынның сока

тартатын турі жок, – деп келемежедеп құлгені бар. Сонда Мырқымбай:

– Салса несі бар, саламыз. Әуелі тракторды катырып жөндеймін де, біраз жерге картоп өсіремін. керек десен. сениң огородыңды да жыртып беремін, – деген.

– Эй, Мырқымбай, біз картошкага аса үйір казак емеспіз. Құзге таман бір тоқты-моқтыға үш-төрт қапшығын айырбастап алсақ, бізге сол жетеді. – деді Құрымбай.

– Корандағы малыңды шетінетіп қайтесін, одан да көлеңкеде жата бермей, тым болды картоп өсір, – деп Мырқымбай құрдасына жаңашырлығын білдірді.

– Сол түскірінді салар едім, құрт жеп шыдатпайды дейді ғой, – деп Құрымбай жалқаулықтың сылтауын алға тартты.

– «Шегірткеден қорықкан егін екпейді» деген бар. Сенікі соның кебін кигендік қой, – деп кейіген Мырқымбай құрдасына одан әрі аузын ашқан жок.

Сол жылы Мырқымбай мықшыңдалп жүріп огородын кенейтіп, дырылдағымен жер жыртып картоп салды. Жаз бойы жұрттың отыншөбін тасып, қосымша табыс тапты. Құзде жинаған мол картобын сатып, су жаңа трактор алды. Бірде қолтығына қымқыра қысқан екі-үш қапшығы бар құрдасы Құрымбай келді.

– Эй, Мырқымбай, анада қорадағы малыңды шетінетпе деп өзің айтып едің, тілінді

алмаппыш. Отының бар, көмірің бар, шөбің бар, бәрін жыл сайын малға айырбастап алғып жүріп, қорамның қанырап бос қалғанын да анғармаппыш. Биылша картошканнан бере тұр. Бәлем. келесі көктемде ме. өзіміз салмасак болмайды, – деді.

– «Е, мынаған ақыл кірейін деген екен» деп ойлаған Мырқымбай құрдасының көңілін қалдырмады, қапшыктарын толттырып картоп салып берді. Ауру қалса да, әдет қала ма, кеңшар тарағалы біраз жыл үйінде жатып, шыбық басын сындырмай жалқаулықты желкесіне мықтап мінгізіп алған құрдасы сол көктемде де курай басқан огородының маңына жуыған да жок.

Мырқымбай болса жаңа тракторымен біраз шаруаның басын қайырды. Алдымен картоп өсіретін аланды ұлғайтты. Оны жалықпай баптап күтті. Жыл сайын тіркемесімен бес-алты машина картоп сатуды тұракты ісіне айналдырды. Еншісіне тиғен жерге жер қосып, бидай. арпа өсірді. Мойындарын сорайтып екі жаңа комбайнды да орамына әкеліп қойды. Алдана салған отыз-қырық жылқысы және бар. Ал катынының сұт. май, қаймақ сатып, азын-аулак тапқаны күнделікті тамактан қалмай, жоқшылықтың ызғары арқасын қари бастаған құрдасы Құрымбай бір күні Мырқымбайға келді.

– Эй, Мырқымбай, әрі құрдас, әрі құдайы көршіміз. Жалқаулықты қойып, жұмысқа

кірейін деп едім. Мені өзіне ал. өзгелер сияқты еңбегімді жемессің, – деді.

Мырқымбай құрдасының көңілін бұл жолы да қалдырған жоқ. Қазір Құрымбай құдай калауын беріп, Мырқымбайдың жылқысын бағады. айлық еңбекақысын табады. Ал Мырқымбай болса қазір мықты бай. Нәсіп көзі – кәсіп деген осы екен-ау.

## ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН ДА АС БОЛАДЫ

Владимир Дремасов қызметі өсіп, Жамбыл аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Оның қазақша сөйлегендे ана-мына қазакқа дес бермейтінін, тіпті қазақша әзіл қағытып, жүртты бір құлдіріп алатын әдеті барын жаңа қызметке барған жердің тұрғындары біле қоймаса керек.

Әлмисактан келе жаткан әдет қой. Дремасов та жаңа қызметін аудандағы ауылдардың жағдайымен танысудан бастайды. Жүрген жерінде жиынды орыс тілінде өткізеді. Бірде шалғайдағы бөлімше болып отырған бір казак ауылына барып қайтуды жөн көреді.

Қара сұық жел ойнаған күздің сонғы айы болса керек. Ауылға жақындағанда бір қайқаңнан өте бере машина тоқтап қалады. Жүргізуісі сыр берген тетікті аударып-төнкеріп.

іске қоса алмайды. Қара сұық желге жаураған бұлар далада біраз тұрып қалады.

Әлден уақытта ауыл жақтан шықкан жеңіл машинаның қарасы көрінеді. Бұлар оны тоқтатып, жөн сұраса, ауыл бригадирі екен. Мән-жайды білген соң әлгі бригадир бұлардың машинасын соңына тіркеп, үйінің жанына алып келеді. Сынған тетікті тауып беріп, машинаны жөндеуге көмектеседі. Машиналары жөнделген соң Дремасов кейін қайтпақ болады.

— Үй іргесіне келіп, құрауыз кетесіздер ме?! Онсыз да далада біраз тұрып қалдыныз. Үйге кіріп, жүрек жалғап атыныз, — дейді бригадир жігіт қазақшылық танытып.

— Оның да жөн екен, — деп Дремасов бригадирдің соңынан ереді. Үйге кірген қонақтарды бригадирдің келіншегі жылды шыраймен қарсы атып, дастарқан жая бастайды. Арасында қүйеүіне:

— Қонақ келгенін неге ескертпедің, бірдене пісіріп, дайындал қоятын едім ғой. — деп қысылған сыңай танытады.

— Оқасы жок, кешегі қонақтардан қалған-құтқан етке пияз қосып, қуырып әкеле сал. Орыстар ғой, мүше іздең жатпас. — дейді қүйеүі де әйеліне кеншілік жасап. Дастанканға жайғасқан соң Дремасов:

— Келінжан, қысылмаңыз. «Ашықканда жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» деуші еді, мынау қалған-құтқан да ас болады, — дейді құлімсіреп.

Ауданға келген жаңа басшының қазақша сөйлеменін естіп, қатты үялған үй иелері қоярда-көймай қайта қазан көтеріпті. Сөйтіп, қонақтар ас ішіп, тұннің бір уағында аттанса керек.

## «ЕТ КОМБИНАТЫНА ТАПСЫРҒАН ЖОҚПЫЗ»

Соғыстан мүгедек болып оралған Шәмшият Қабдунасов зейнеткерлікке шыққанша Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарыпты. Ақиқатын айтып, адаптациялықтін, уәделі сөзін екі етпейтін, мінезі турашыл адам болса керек. Осы касиетін сыйлаған тұрғындар бұйымтайы болса, ауданның бірінші хатшысына кірмей, сол кісіге келіп айтатын көрінеді.

Бірде соғыста бір аяғынан айырылған мүгедек ардагер Шәмшият Қабдунасовқа келіп:

— Аудан орталығында тұрамын. Күнкөріске күтіп отырған үш-төрт кара малым бар еді. шөп аздау болып тұр. Мынау Явленка астық коймасында жем бар деп естідім. Содан азырақ жем алуға көмектессеніз еken, — деп бұйымтайын айтады. Ардагердің сөзін мұқият тыңдаған Қабдунасов оған арыз жаздырып, бұрышына қолын койып, қойма директорына жібереді. Арызды оқыған қойма директоры оны ортасынан қақ беліп:

— Менде жұрттың бәріне тарататын жем жоқ, — деп ардагерді құр қайтарады. Жыр-

тылған арызды алып, ардагер Қабдунасовқа қайта кірсе керек. Ашуға булықкан төраға қойма директорын шұғыл түрде кабинетіне шақыртып алады. Отыруға да рұқсат бермей, тік тұрғызып койып:

— Мен мынау бір қолымды, анау шал бір аяғын ет комбинатына тапсырған жоқпыз. Ел үшін, сендер үшін соғыста жоғалтып келдік. Соны түсінсөн, жұрттан бұрын соғыс ардагерінің өтінішін орындаудың керек. Бұғеннен калдырмай жемді үйіне жеткізіп бер, — деп бұйырады. Ертеңіне әлгі ардагер телефон шалып, Шәмшил Қабдунасовқа шексіз алғысын білдірсе керек.

## **«ИНТЕРНАТТЫҢ ФОРМАСЫ, 200 ГРАММ НОРМАСЫ»**

Бірде Шәмшил Қабдунасов Талапкер ауылына барады. Тұрғындармен кездескен соң мектеп-интернатқа да кіре шығады. Ауданнан басшы келді деген соң оқушылар залға жиналып, қарсы алады. Бір топ ересек оқушы осы сәтті пайдаланып, интернатағы кемшілікті айтудың ретін ойластырады. Бірақ сөз бастауға ешкімнің батылы бармаса керек.

Оқушылармен жүздескен Қабдунасов сөз арасында:

— Интернаторың жылды ма, тамақтарын тоқ па? — деп сұрайды. Аз үнсіздіктен кейін

жан-жағына жалтактаған Амангелді Мәукеев  
ортага шығып:

Кигеніміз  
Интернаттың формасы,  
Жегеніміз  
Екі жұз грамм нормасы.  
Бірақ  
Аш та қылмайды.  
Ток та қылмайды.  
Қарын ашып,  
Қашып кетсек,

Бок та қылмайды. – деп тақпактай ала жөнелсе керек. Оқушының айтпақ ойын түсінген Қабдунасов жанындағы мұғалімдер мен тәрбиешілерді ертіп, асханаға барады. Түскі асқа дайындалып жатқан аспаздар мен кезекшілер тамакты үстелдерге таратып қойыпты. Шай табактарға салынған ботқаның мөлшерін көрген төраға тәрбиешілерге:

– Жендер, құрсаққа бірдене түссе, маған айтындар, – депті. Қасықпен екі-үш алғанда табактың түбі жалтырайтын ботқаны жеуге олар ұялса керек. Сол кезден бастап асханадағы астың нормасы жобаға келіп, окушылардың көнілі жай тауыпты деседі.

## ӘМІР, ШІРКІН, ТӘТТІ ФОЙ

Жаңажол ауылының ең қарт тұрғыны Шекен Тайқошқаров әкеммен түйдей құрдас еді.

«Соғыста мені бір ажалдан құтқарып қалған» деп. әкемді туған бауырында жақсы көретін. Әкем тоқсанның бесеуіне келіп қайтыс болғанда, жаназасын өзі шығарып, қырық құн зират басына барып, дұғасын оқып отырды.

Бірде ауылға әдейі барып, әкемнің басына дұға оқытуға әлгі кісіні үйінен алып шықтым. Ауылдың үлкен молдасы да сол кісі болатын. Жолда әңгіме айттып отырган қариям:

— Біз жасарымызды жасадық, асарымызды асадық. Енді Алла тағала кісіге күнімізді салмай, жайымен о дүниеге алып кетсе, айтар өкпеміз жоқ. — деді. Бір кезде машина бір шұңқырға шойнаң ете түсті.

— Алла, жаным, өзің сактай гөр! — деді қапысыз отырган қарияммың қатты абыржып:

— Ата, жана ғана «Алла о дүниеге алып кетсе, өкпеміз жоқ» деп отыр едіңіз ғой. — деймін күліп.

— Е, шырағым, жарық дүниеге не жетсін. Өмір, шіркін, тәтті ғой, оған кім тойған. — дейді де сөзін қайта жалғастырып:

— Балам, өмір туралы бір әңгіме айтайын. Дүниеге тіршілік атаулы пайда болғанда Жаратқан Иеміз соларға ғұмыр бөліп берсе керек. Адамға — қырық, есекке — қырық, итке — қырық, маймылға қырық жас беріпті. Адамның көзі тойған ба, өмірдің қызығын көре бастаған соң Жаратқан Иемізге қайта келіп:

— Маған аз ғұмыр беріпсін. жасыма тағы азырақ жас қос. — деп өтініш білдіріпті. Жараткан Иеміз сәл ойланып:

— Өмірдің қадірін ұққан адам гана екен. жаңа есек келіп, маған ұзак ғұмыр беріпсін. арқам ауыр жүктен бір арылмай. қайыстай болып қатып қалдым, жарты ғұмырымды кейін ал деген соң, оның жиырма жасын, одан соң ит келіп. кісі есігінде жүріп, үйін құзетіп. малын бағып қалжырадым деген соң, оның жиырма жасын, олардан қалмай маймыл келіп, балаша мәз болып. жүгіруден, секіруден басқа ісім жоқ. картайғанда оны аткарап қүшім жоқ деген соң. оның жиырма жасын алып қалып едім. Алсан солардың жасын саған қосайын. — дейді. Сөйтіп, адам өзінің қырық жасына алпысты қосып. жүз жаспен үйіне кайтады.

Қылшылдаған қырық жасты өткізіп. алпыска қадам басқан адам үйін жасандырып. бала-шағасын киіндіріп. асырау үшін бар ауырталықты арқасына салып тасиды. Бұл есектен алған жиырма жастың тұсы екен. Алпыстан асып. карттыққа қараған шағында келін-бала-сы жұмысқа кеткенде үй құзетіп. немере-шөберелерді күтіп, күй кешеді. Біреу үйге келсе: «Ол неге келді», біреу бірдене сұраса: «Ол не алды» деген сауалды да жиі қояды. Бұл иттен алған жиырма жас екен. Сексеннен асып. тоқсанға ұзап картайған адам балаша көніл танытып. айтқанын аңғармай, қойғанын ұмытып

калады. Бұл маймылдан алған жиырма жастың кезі еken. Міне, адам қандай жағдай болса да өмірдің қызығына тоймай, жарық дүниеге құштар болған. Әлгінде Алла, жаным, өзің сактай гөр дегенім содан болар, – деді қариям.

Арада бірер жылдан кейін ол кісі Құдай берген ғұмырдың тоқсан сегіз жасын жасап, қайтыс болды.

## АНҚАУ АРЫСТАН

«Бұлак» кеңшары жана құрылған кездे біраз жігіттер жүргізуші болып жұмысқа орналасады. Солардың ішінде жүргізушілік курсы енді ғана бітірген Арыстан Сүлейменов те бар еді. Жұмысқа елгезек болғанымен, аңқылдаған ак көңіліне сай анқаулығы да мол болатын. Бірде Арыстан ауыл сыртындағы жанармай стансасынан машинасына бензин құйып алғып, мал фермасына бет алады. Машиналарына бензин құйған екі-үш жігіт те іле соның сонынан шығады. Келе жатса, кара жолдың қак ортасында теңкіоп жатқан үлкен бакты көреді. Жігіттер тоқтай қалып, бакты караса, бензинге толы еken. «Дәуде болса, бұл Арыстандық!» деп бакты жабыла көтеріп, кораптарына салып алады. Бір шоқты айналып өте бергенде машинасының капотын шалқасынан ашып қойып, әуре-сарсанға түсіп жатқан Арыстанды көреді.

— Арыстан, не болды, машинаң жарамай қалды ма? — деседі бұлар бірденені сезіп.

— Жаңа ғана бензин құйып шығып едім, машинам от алмай, бық-бық етіп сөне беріп тұрғаны. — деді Арыстан күйіп-пісіп.

— Мүмкін, бактан бензин келмей тұрған шығар, багынды қарашы, — дейді жігіттер жымың-жымың етіп. Арыстан жерге секіріп түсіп, багын қарап, үнірейіп тұрған бос орнын көріп:

— Ойбай-ау, жаңа ғана орнында тұрған жок па еді, шайтан қағып кетті ме? — деп аңқылдаған қалпы станса жакқа жүгіре жөнеледі.

— Эй, Арыстан, жаңа біз жолдан бак тауып алдық, мүмкін, сенікі болар? — дейді әлгілер. Кері жүгірген Арыстан қорапқа қарғып мініп қараса, өзінің багы екен.

— Э, бензин багы түсіп қалады деп кім ойлаған. — дейді өзіне-өзі таң болып. Бақса, машинаның жүргеніне мәз болып, бакты бекітіп қойған белдік темірлердің ағытылып қалғанын да анғармапты. Содан кейін Арыстан бензин құйған сайын багын жұлқылап тексеруді әдетке айналдыrsa керек.

Тағы бірде директор Арыстанға бір топ кемпір-шалды көрші Бірлік ауылына батаға апа-рып келуді тапсырады. Қары қалың қантардың іші болса керек. Арыстан қораптың жабылғы болығын қымтап, қалың етіп сабан төсеп, айтқан уақытта кісілерді мінгізіп алып, бір-ак тартады. Жаңажолдың грейдерінен катты келіп

калған ол орталық тас жолға жалт бұрылғанда ағытылып кеткен корап қалың қардың үстімен сырғанап барып. жол жиегінде күртікке кіріп бір-ак тоқтайды. Қорапта жайғасып отырған шалдардың бірі:

– Мінгеніміз жаңа ғана еді гой, жетіп қалдық па? – дейді есін жиып үлгермеген қалпы. Оның сезін жалғастырған екінші шал:

– Бұл бала жын қуғандай қатты жүреді де-уші еді. Біртікке құстай ұшып жеткізгенін қарашы! Ал не отырыс, түсейік. – дейді. Шеттеу отырған шалдың бірі таяғымен болыктың етегін көтеріп, тыска көз салады да:

– Ойбай-ау, тас жол анда, біз мұнда, бұл қалай, машинамыз жол жиегіндегі күртікке түсіп батып қалған жоқ па өзі? – дейді абыржып. Қикаландаған қалпы тыска шығады. Бір кезде әлгінің ащы дауысы бәрін селк ете түсірді.

– Ойбай, машина жоқ, қардың астына сұңгіп кетпесе қарасы көрінбейді. – деді. Қораптағы шал-кемпірдің бәрі опыр-топыр тыска шығады. Не болғанын түсінер емес, қар үстінде қалқып қонған корапқа бір қарайды, тас жолға бір қарайды. Машина да жоқ, жүргізуші де жоқ.

Бұл кезде Арыстан артына бір қарамастан. ызығытқан қалпы Бірліктегі түсетін үйдің ауласына жетіп бір-ак тоқтайды. Есік алдында күтіп тұрғандардың бірі құйрығы жұлынған тауықтай сидандаған қорапсыз машинаны көріп таңданған кейіппен:

— Шырағым, Жаңажолдан келдің бе. кісілерін қайда? — дейді.

— Корапта отыр, қазір түсіріп аламыз. — дейді Арыстан кабинадан түсіп жатып. Сосын артына қарап:

— Ойбай, жаңа ауылдан шықканда корабым бар еді гой, шайтан қағып кеткен бе?! — деп сөзге келмestен машинасына қайта отыра салып, келген ізімен кейін тұра тартады. Сол ызыгытқан бойы жол жиегін қарап отырып, Жаңажолдың бұрылсының бір-ақ жетеді. Келсе. кемпір-шалдар қорапты ықтасын қылышп отыр еken. Абырой болғанда, сол күні ауа райы да жайлыш болған.

Арыстан жанталасып ауылдан трактор әкеліп, қорапты орнына қондырып, тас жолға шыққан сон:

— Ана ауылға қайта барамыз ба, жұрт аяғы тарқағанша үлгереміз, — дейді кінәсін жуып-шаймақ болып. Сонда шалдардың бірі:

— Шырағым, ондағы жұрт біздің батамызға келмей тұрғанда аман-сауымызда ауылға жеткіз,

— депті. Арыстан осы оқиғадан кейін де жолға шыққанда анда-санда артына қарап, қораптың болттарын байқап отыратын болса керек. Сөйтіп, аңқаулығымен ағаттық жіберген істерімен ысылған Арыстан кейін «Мереке» кеңшарында ұзақ жыл механик, инженер болып зейнеткерлікке шығып, биыл марқұм болды.

## ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАН

Жаңажол ауылында Әубәкір деген атамыздың мінезі қожанасырлау, оның үстіне құлагының мүкісі бар еді. Үлкенді-кішіге қайырымдылығы мол болатын.

Бірде жаңа шошала тоқымын деп тоғайдан жас тал әкеліп, есік алдына түсіреді де. үйге шай ішуге кіреді. Қою шайды ішіп, буыны босап кеткен атамыз бірер сағат мыйзып алады.

Ол кезде ауыл балалары тал шыбықты ат қылып мініп ойнайтын. Маңайында кісі көрінбеген соң бала біткен әлгі талды бір-бірден бөлісіп алғып, жас қабығын сыптырып нокта тоқып, ойынға кіріседі. Біраздан соң есік алдына шыққан атамыз талының ойсырап қалғанын көріп, анадай жерде шаш бұркыратып ат ойнап жүрген балалардың алғанын сезеді. Жанына шакырса, ұрысады деп қорыққан балалар жұмызды. Сонда атамыз «бұларға ұрысқанмен мән болмас, басқа бір амалын ойлайын» деп үйге кіріп, қайта шығады да:

— Эй, балалар, бері келіңдер сендерге акша беремін, — дейді. Әлгі сөзді естіген балалар алған талдарын орнына әкеліп, жапырлап атамыздың жанына жинала қалыпты.

— Ертең тағы тал әкелемін, козғамайсындар ма? — дейді.

— Жоқ-жоқ, ата, козғамаймыз, — деседі балалар шуылдап. Сосын атамыз әлгілерге ақ құміс

таратыпты. Қолдарына ақша тиген балалар дүкенге қарай тұра жүгіреді. Бір істі тындырғанда атамыз олардың артынан мәз болып қарап тұrsa керек.

## **«БАЗАРГА ӨЗ АЯҒЫМЕН КЕЛЕТИН БОЛСА...»**

Бірде ауылда тұратын Әбен деген кісі қысташ қысылып шыққан биесін сойып, етін базарға апарып сатып, орнына бір жабагы алтып қоймақшы болады. Күйеуінің бұл ойын естіген әйелі комсынып:

— Ту биенің орнына жабагы аламын дегенің не, есің дұрыс па?! — деп ашуланады. Сонда Әбен:

— Эй, қатын, сен не білесің. Ертең осы биенің орнына жабагы тұтіл тышқақ лақ та ала алмайсың. Әзірге төрт аяғымен тік тұрғанда құтылу керек, — деп айтканынан қайтпайды. Сейтіп, көтерем биесін сойып, етін қаладагы базарға әкеліп, саудаға салады. Мұрындарын тыржитып, ерсілі-қарсылы отіп жатқандардың ішінен бір кезде Қабен деген танысы кездесе кетеді.

— Эй, Әбен, биенді сойып, базарға салып тұрсың ба? Тірідей неге әкелмедін, мініске жылқы іздеп жүр едім. — дейді. Сонда Әбен:

— Эй, Қабен, сен де қызық екенсің, базарға өз аяғымен келетін болса, сойып не жыным бар еді. — деген екен.

## ИТТИҢ ПАРЫЗЫ ГОЙ

Сол Әбен мен Қабен бір жылдары Балуан ауылында көрші болып тұрыпты. Екі үйдің әйелі үй шаруасын тындыра салып, бір-біріне барып, ауылдағы ана-мына оқигаларды ортаға алып, ауыздарын сөзден құргатпай. біраз өсек-аяңмен әңгіме-дүкен құрады екен.

Бірде күндегі әдетімен Қабеннің қатыны Әбеннің үйіне барады. Аулаға кіре бергенде әлгі үйдің босағада бос жаткан кішкентай қандес иті Қабеннің қатынын қауып алады. Баж ете түскен қатын санын басып, үйіне тұра тартады. Алдынан шыққан Қабенге болған жайды айтып, өксігін баса алмайды.

— Ол не басынғаны, кішкентай итіне менің таудай қатынымды қаптырып. Мен казір барап сыбағасын берейін. — деп Қабен де кікініп Әбеннің үйіне жетіп келеді. Көршісінің сұрланған жүзін қөріп:

— Қабеке, не болды, жайшылық па? — дейді Әбен.

— Жай болушы ма еді, итің қатынымды қауыпты. Жөнге келтір. әйтпесе атып тастаймын, — дейді Қабен ашуын баса алмай. Сонда Әбен аузындағы насыбайын жерге шырт етіп түкіріп тастап:

— Эй. Қабен, сен де қызық екенсің, ол иттің парызы гой. Қаппаса ит бола ма. — десе керек.

## **«ҚОС АРҒЫМАҚҚА МІНІП КЕЛДІМ»**

Сенбі күні қала көшесін қыдырып жүрген Қабен ойда жокта көніл қимас екі досымен кездесе қалады. Ебепке себеп дегендей әлгі достарымен кездесуін сыралып бастап. тұбін аракпен түтпейді. Арактың тұбіне кім жеткен, іше-іше буыны былқылдап, денесі сылқылдап, тік тұрып тәй-тәй баса алмай қалады. Сонын әлгі екі досы қалған-құтқан құштерін жинап. Қабенді арқалап үйіне әкеліп салады. Есік алдында қарсы алған қатыны Қабеннің мас құйін көріп:

— Эй, мына тұріңмен қалай жеттің, — деп ұрыса бастайды. Сонда Қабен:

— Эй, қатын, бұл жолы енбектеген жоқпын. қос арқымаққа мініп келдім, — десе керек.

## **ЗИЯНДЫ ЦЕХ**

Қабен қатынымен косылғанына той жасапты. Сонда сөз сейлеген бір қонақ:

— Менің есебім бойынша, Қабен бұл қатынмен косылғанына елу жыл, нағыз алтын той. сол үшін атып қояйық, — депті, қолындағы бокалын тік көтеріп.

Әлгінің жанында отырған екінші қонақ екіленіп орнынан атып тұрып:

— Қалайша елу жыл. Біз бір мезгілде қатын алдық. Оған, міне, жиырма бес жыл. Бұл ал-

тын емес, күміс той. – депті. Сонда анау айтқанынан қайтпай:

– Сен қызық екенсің, зиянды цехта жұмыс істегендердің уақыты екі еселенеді. Ал Қабеннің катыны зиянды цехтардан кем бе. Өздерің байқандаршы, шахтадан шыққандай Қабеннің дені дел-сал, беті алым-салым болып жүреді емес пе. Так что елу дегенімнің еш қатесі жоқ. – депті.

## ТАЗА СУ

Ертеректе Жібек деген әжеміз керемет ырымшыл әрі таза кісі болыпты. Ағыны ойнап жаткан Есілге су алуға барса, бірден шелегіне су құймай, ожаумен қырық рет сапырып отырып, сосын ғана су алады екен. Мұны көрген жас келіншектер:

– Әже, ожаумен суды неге сапырып отырасыз? – деп сұрайды. Сонда әжеміз:

– Е, шырактарым, сендер әлі жассындар гой. Таза су алу үшін қырық касық су төгу керек. Бұл баяғыдан келе жаткан ырым гой. Сонда ғана таза су аласындар. – депті.

## «КЕШ КЕЛГЕНІМДІ ҚАРАШЫ»

Ертеректе ауылдан қалаға алғаш келген бір кария кошеде ерсілі-карсылы ағылған машиналарды, сапырылышкан жұртты көріп:

— Апымай, ертерек келмей, қаланың дәл көшіп жатқанында келгенімді қарашы, — деп өкініпті.

## ЕКІ ӘЙЕЛДІҢ ӘҢГІМЕСІНЕН

— Осы сен байға шығып па едің!?

— Немене, осы күнге дейін байға шықпай шошқа тағалап жүр деп естіп пе едің? Әне, бесіншісі келе жатыр.

— Көтек-ау, байдан коллекция жинап жатқаннан саумысың?

\*\*\*

— Біздің бай соңғы кездे саяжай алып, өсімдік өсірумен айналысып жатыр.

— Қалай, өсірген өсімдігі өнім беріп жүр ме?

— Бергенде қалай, көктемде жұз картоп отырғызып, күзде жұз картоп жинап алды. Қуанғаны сондай, «бірде-бір картопты шығынға ұшыратқан жоқпын. Түбінде Мичурин боламын». — деп мақтанып отыр.

\*\*\*

— Осы біздің еркектерден қай жеріміз кем?

— Қай жеріміз кем болушы еді, шашты күзеп, еркектерше кекілмен жүретін болдық. Ұзын көйлекті қып, шолтандаған шолақ юбка не шалбар киетін болдық. Еркектерше арак

ішіп, шылым шегеміз. Жұмыстан шығып, сыра ішіп, көше кеземіз. Айтшы өзін. еркектерден неміз кем? Тойға барсақ, қалыспай сөз сөйлейміз. Еркектің айтқанына көнбейміз.

— Дұрыс айтасын. құрбым. Енді міне. еркектермен бірге зейнеткерлікке шығатын болдық. Еркектерден қай жеріміз кем деп енді айтып көр.

## ҰШ ТІЛДІ БІЛЕТІН ТОТЫ

Әбен әлі мектепке бара қоймаған үл мен қызын керемет жақсы көреді. “Қазығымды айналатын ұлдан айналайын. Жанымды айналайтын қыздан айналайын” деп. екеуін емешегі үзіле еркелетіп. айтқандарын екі етпей орындарап отырады.

Бірде қызының туған күніне сыйлық жасау үшін дүкен кезіп шығады. Олай жүріп, былай жүріп, қолайлы сыйлық таба алмай толғанып тұрғанда қызының құсты жақсы көретіні есіне түсе кетеді. Олжа тапқандай қуанып. “Табиғат” дүкеніне бір-ак тартады.

Сөредегі торында тойтаңдаپ ойнаған тотыларды көріп. қызығып кетеді.

— Шырагым. мына тотыларың сөйлей біле ме? — дейді сатушыга.

— Ой. ағатай. сөйлегенде кандай. үш тілде сайдайды. Заман талабын ұққан тотылар ғой.

Мәселен, бір аяғын тартсаң қазакша, екінші аяғын тартсаң орысша, ал екі аяғын бірдей тартсаң ағылшынша сайрап қоя береді, – дейді са-тушы да Әбенді қызықтыра түсіп.

Қызынан ештеңені аямайтын Әбен бағасына да қарамай әлгі үш тілді біледі деген тотының бірін сатып алтып, үйіне әкеледі. Қызына арнап алған тосын сыйлыққа таңданған әйелі:

– Рас үш тілде сөйлейтін тоты ма? – дейді күйеуіне сеніңкіремей.

– Сенбесен, кәне, бір аяғын көтерші, – дейді Әбен. Әйелі тотының бір аяғын көтере бергенде “Абайла” деп қалады тоты. Әлгі сөзді естігендегі әйелі тотының екінші аяғын көтереді.

– Осторожнo, – дейді тоты.

– Ой, мынау керемет тоты ғой, – деп әйелі құстың екі аяғын бірдей көтеріп қалады.

Сонда тоты:

– Е... Пош... Мать... құлатасың ба!? – десе керек. Мұны естігендегі Әбен:

– Әнe, үш тілді білетін тоты деп айттым ғой.

– деп мәз болыпты.

## БАЖАЛАР ҚАЛЖЫНЫ

Әйтеп Тасбаев пен Мәжікең Габбасов бажа. “Малда бота тату. Адамда бажа тату” дегендей екеуі жиын-тойда, мерекелі күндерде бір-бірі-

не қонаққа барып, жиі араласып жүреді екен. Бір қызығы, жастары егде тартып қалса да екеуі бір-бірін есімдерін атамай. бажаласып отыратын көрінеді.

Бірде Мәжікен отбасымен Жаңажолға – Әйтеп бажасының үйіне қонаққа бара қалады. Әйтеп де бажасын көптен көрмегендей-ак қуана қарсы алып, қойын сойып, қонақ қылады. Маңайындағы ағайын-туыстарының үлкендерін қалдырмай шакырады. Ас үстінде біраз қалжың айтылып, біраз әңгіменің тиегі ағытылады. Сөз арасында Мәжікен бажасына андаусыз Әйтеке деп қалады. Әлгі сөз құлағына оғаштау естілді ме. Әйтеп аяқастынан өкпелі ашуға басып:

– «Әйің» не, «текен» не? «Әй» деп қаратып алып, «теке» деп мазак қылғаның ба? – дейді. Сонда сөзден тосылмайтын Мәжікен:

– Ой, бажа, сәл сабыр ет. Жастайынан мал бақкан өзің жақсы білесін, қай өрісте болмасын бір үйір қойды серке болған ақ теке басқарып жүреді емес пе. Сол сияқты маңайындағы ағайындарға өзін бас болып жүрсін. Сенің айтканинан біреуі де ауытқымайды. Ендеше, Әйтеке дегенімнің несі мін. – депті. сөздің артын қалжынға айналдырып.

– Е, ондай оймен айтсан, жөн екен, – деп Әйтеп бажасы сабасына түсіпті.

## ШТЕРИҢ КҮЙСЕ, ТҰЗ ЖАЛАНДАР

Ауылдағы шоферлардың ішінде ең ергежейлісі Тәпи болды. Бірге өскен құрдастары еркелеткендегі әрі қалжындағандай сыңаймен оны Бәләкәй деп атайдын. Жұрттың аузы да соған үйреніп кетті. Сырттан келгендер Тәпиден гөрі Бәләкәй қайда деп сұраса, бірден жөн-жобасын айтып тауып беретін. Әкесі сол Бәләкәйді бойына қарамай көрші ауылдағы көңілі жақын Қыдудың кауғадай ұзын қызына үйлендіреді. Мұны да құрдастары әзілге айналдырып:

— Бәләкәйің пәле, қашанга мықшындаپ жүрсін, бойы жетпейтін жерге жұмсау үшін әйелдің ұзынын алған ғой, — деп қалжындастын.

Бір жылы ауылға егін жинасуға келген солдаттар он шакты машинасын тастап кетті. Жылпос жігіттер завгармен тіл табысып, жөні бүтін машиналарды сол күні-ақ бөлісіп алды. Ішіндегі ауыр “Урал” машинасы Бәләкәйға бұйырды. Алмауға амалы жок. мініп жүрген машинасы екі күnnің бірінде сиңип, жолда қалатын. Жарытып айлық та таба алмайтын.

Мына машинаға мінгесін бейнет көруден қалды. Үнемі рейстен қалмай, жақсы енбекақы да табатын болды. Бастықтардан алғыс та алатын болды. Темірдің аты темір ғой. бірде күмартып келе жатқанда донғалағының желі шығып кетеді. Ауыр машинаның үлкен донғалағын

мықышыңдап ауыстырып жатқанда жанынан өтіп бара жатқан құрдастары қалжыңдап:

— Эй, Бәләкәй, қалың қалай, әлгі көмектесетін ұзын әйелін қайда?— деп сұрайтын көрінеді. Сонда Бәләкәй:

— Немене, әйелдің ұзыны мен донғалактың үлкені маған ғана бұйырғанын көре алмай жүрсіндер ме, іштерін күйсе, тұз жалаңдар. — десе керек.

## ҚАЗАҚҚА ТӘН ЕКІ АУРУ

Қазір не көп — емші көп. Кеудесіне қасық жапсырған да емші. Үшкіріп су берген де емші. Тамырынды басып, жұлынынды жұлқылаған да емші. Шыбын жаның үшін не іstemейсің. Ауруханаға барып, кезекте сарылғанда, кымбат дәрі алып, қалтаң қағылғанда, кейде осы емшілерге де барғанды жөн көреміз.

Мұнда да ауруханадағы сияқты иірілген жіптей үйірілген кезек. Тәуіpten тәуір болып кетердей емшінің есігіне телміре қарап ұзак отырғаның. Кезегін жетіп, ішке кірсөн емші де дәрігердей қай жерін ауырадыға басып, сауалын саумалай жөнеледі. Нағыз емші болса ауырған жерінді дөп басып өзі айтып бермей ме! Жоқ, сылап-сипай бастағанда буының балбырап. есің елжіреп, бар ауруынды қалай айтып қойғанынды өзің де байқамай қаласың. Емшіге де керегі осы болар.

Сол емшілерің бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай:

— Ауруың асқынып кетіпті, арасын сұытпай он рет келсен. құлантаза сауығып кетесің. — деседі. Шыбынжан үшін не істемейсің. Жылы сөзбен жетектеген сон барасың. Бір барғанда қолақысына екі жұз теңгені беруге ұтсынып, бес жұз теңгелікті қыстырып кетесің. Сөйтіп, он барғаның бес мың теңге. Ал есік алдында өзің сықылды кезек күткен он шакты адамды көрсөн, емшіге кіретін кірісті есептемей-ак ішің сезеді.

Жә, шыбынжаның үшін бергенің садакағой. Бірақ, сол емшілердің айтатын ауруы, қоятын диагнозы екі-ак түрлі. “Көздігіпсің не тіл тиіпті” деседі. Осы орайда бір досымның айтқаны есіме түсіп тұрғаны.

— Бетім бұжыр, бойым мықыр. Асып-тасыған байтығым жок. Ұлан-асыр айлығым жок. Жетер-жетпес күн көріп жүрген пендемін. Маған қайтыш тіл, көз тиеді. — деп еді ол. Сол досымның таңданғанында мән бар сиякты.

## **“ЖЕР АУДАРСАН, МАНАРМЕН БІРГЕ АУДАРШЫ”**

Ерте кезде жергілікті басшылар жұмыс істемегендерді жер аударамыз деп коркытатын көрінеді. Ауылда тұратын Әлқиса күн

ұзакка үйқыны ермек қылышп. колхоз жұмысына шықпай. үйінде жатады еken. Келіншегі Манар болса колхоздың сирын сауып. бұзауын бағып, жұмыстан калып көрген жок.

Бір күні колхоз басқармасы келіншегіне әбден арқа сүйеп алған Әлкисаны кенсесіне шакырып:

— Эй, Әлкиса, денің сау. мүшен бүтін, жұмыска шықпай қойдың. Колхоздың басқарма мүшелері сені жер аударамыз деп бірауыздан ұйғарым жасап отыр. — десе керек. Сонда Әлкиса:

— Басеке, жер аударсан, Манармен бірге аударшы, әйтпесе аштан өлемін ғой. — депті өтініп.

## **“КӨП АҚША”**

Әлкисаның сол Манары оқу оқымаған. есеп білмеген қараңғы болыпты. Бірде көршісі өлердегі сөзін айтып. он сом карызға ақша сұрап алыпты. Арада бірер күн өткенде әлгі көршісі ылғи бір сомдықтан алған карызын қайтарып беріпті. Будыраған бір сомдықтарды Манар жанталасып қалтасына салып алып, кешкілік көрші үйлерді қыдырып келген шалына жерден жеті қоян тапқандай қуанып:

— Эй, шал, анада көршіге бір-ак қағаз ақша беріп едім. мана сол карызымды бір бума қылышп қайтарды. қателесті білем, — депті.

Кемпірінің қолындағы ақшаны санап шыққан Әлкиса:

— Эй, Манаар, сен оған он сом бердің. Өйткені, сенде тұтас он сомдық қана болатын. Ол саған бір сомдықпен сол он сомды қайтарды, еш қателескен жоқ. — дейді.

— Қайдан білейін, бір ақшаның орнына көп ақша әкелгесін қателесті ме деп ойлағаным ғой. — десе керек Манаар.

Сол Манаар бірде көршісімен дүкенге барыпты. Қалтасында Әлкиса берген тұтас үш сомдық ақшасы бар екен. Дүкенші қызға:

— Шырағым, бір кило қант, бір кило мәмпәси өлше. бір пәшке шай бер. Әне бір кездеменің түсі әдемі екен, одан үш метрін өлше, — депті. Сонда Манаардың ақша мөрін айыра алмайтынын билетін көршісі:

— Эй, Манаар, алып жатырсың, алып жатырсың, ақшаң жете ме. — дейді.

— Жетеді, шал айтқан, бұл көк қағаз мәйдаласаң көп ақша деп, сосын қысылмай алып жатқаным ғой. — депті Манаар танауын шүйіріп.

## ЕСЕСІН ЖІБЕРМЕГЕН ҚҰРДАСТАР

Ертеде Ерәлі мен Серәлі деген екі құрдас оқуға жоқ болып, колхоздың жұмысына ерте араласып, жылқы бакса керек. Бірде бір үйр жылқы жоғалып, екеуі соны іздеуге шығады.

Біраз ауылдың мал жайылымын аралап, жоқтарын таппай әбден қалжырайды. Бір ауылдың маңайындағы зираттан өте бергенде қакпасының маңдайшасына арабша жазылған жазуды көріп Ерәлі:

– Өзге зираттардан мұндай жазуды көрген жоқ едім, мынада не жазылған, – деп сұрайды. Сонда Серәлі ат үстінде қалжырап келе жатса да құрдастық қатжыңын тастамай:

– “Хош келдіңіздер” деп жазытыпты, – дей салады. Анау да, «мұнысы ыңғайсызыдау екен» дегеннен басқа тіл қатпайды.

Енді бірде Ерәлі мен Серәлі ауданға озаттардың слетіне барады. Слеттен шығып көше кыдырып келе жатқанда бір үйдің маңдайшасына көмексілеу жазылған “Райбольница” деген жазуды көріп. Серәлі:

– Бұл не деген жазу, қандай мекеме? – деп сұрайды. Сонда Ерәлі анада құрдасының өзіне қалжындағаны есіне түсіп кетіп:

– Ту, Серәлі, соны да түсінбей тұрсын ба? “Жұмакқа барасын” деген жазу емес пе, – депті. Құрдастар бір-біріне осылай есе қайтарса керек.

## “КЕРОСИН ҚАТҚАНДА ӘПЕРЕМ”

Шора деген құдам үйленген жылдың бірер ай өтпей жатып балдызы қонаққа келсе керек.

Жақсы көретін балдызын Шора да есі шығып қарсы алады. Үйіне қайтарда сол балдызы:

— Жезде, апам екеулеріңдің орталарыңызда талай хат тасыдым ғой. Сол еңбегіме ескерткіш болсын, жақсы қол сағат әпер, — депті.

Шораның сөзге шешендігі былай тұрсын, аяқастынан тауып кететін құлышы да бар-ды. Сол әдетіне басып:

— Е, балдызжан, сенен нені аямын. Керосин қатқан кезде алтын сағат әперемін, — депті еркелеген балдызына. Жас балдызы сол кезде сөздің наркына түсіне қоймаса ла, жездесінің уәдесіне қуанып үйіне қайтса керек.

Арада елу жыл өткен соң апа-жездесінің алтын тойына келген сол балдызы:

— Жезде, баяғыдағы алтын сағат әперемін деген уәденіз қайда? — депті. Сонда жездесі:

— Е, балдызжан, уәде орнында тұр ғой. Тек керосиннің қатпай қойғанын қараши, — десе керек.

## ТҮКЕНДІҢ МҰҢЫ

Осыдан он шакты жыл бұрын бірге қызмет істеген Түкенді көшеде кездестірдім. Бұрынғыдай жылтыраған өн, тік тұлға жоқ. Жүдеу жүзі, беттегі айқыш-ұйқыш әжім, иілген бел. Иміген иек кәріліктің белгісін айқын анғартып-ак тұр.

— Эу, Түке, мынау түрің не, ауырып жүрген-нен саумысың? — деймін.

– Е, Жүке, жүйке жұқарып, көніл мұқалып, қуат кеткесін, кәрілік жеткесін, халдің несіп сұрайсың. Оның үстіне, алғі үйдегі... - деді де әр жағында жалғасып келе жатқан сөзін комей-іне кептеп тастады. Әңгіменің азызын іштей сөзे қойдым да:

– Үйдегі женгейдің халі қалай? – дедім.

– Қалай болушы еді, сол баяғы озің корген қалпы. “Аурұ қалса да әдет қалмайды” деген рас-ау. Баладай бая-шаялығы былай тұрсын, ырду-дырдуын, бақырып-шакыруын әлі қойған жок. Бір сәтке кіріп шықкан келін баланы құырдақтай қуырып, өзіммен қырық пышак болып қырқысып жатқаны. Бұрын анда-санда карсыласып қалатын қауқарым бар еді, казір ығына жүндей жығылып жүре берем.

– Ой. Тұке, кезінде жігіттің төресі едініз...

– Айтпа деймін, жас кезімде қарабасып үйленіп қалдым. “Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?” деуші еді бұрынғылар. Мен де қыз кезінде қылтығын байқамап-пын. Кезінде сол женгенді тастай салуға коммунистік партиядан қорықтым. Өзің білесін, ол кезде әйелін тастағанды партиядан шығарып, қызметтен қуып, қым-қуыт тәлекекке салатын еді ғой. Енді ондай ой болса да, көнілге құрсау салған кәрілік мынау, амал жок көнеміз де.

Ағынан актарылған Тұкең бір кезде сағатына қарады да:

— Ой, Жүке, женгең айткан уақыт бітті. үйге қайтайын. — деді. Бір кездескенде жақсы көретін інісіндей ішкі сырын жайып салған Түкенін артынан ұзақ қарап тұрып қалыппын.

## НЕСІН АЙТАСЫҢ, ҰРЫП ЖЫҚТЫМ

Ерек болғасын, ерте кетіп, кеш келеміз. Қатын-баланың қамы үшін қоймадағы қонды дүниені қотарып кетпесек те. қолтығымыз бос келмейді. Бүгін де сондай бір олжаның басын қайырып, кешкісін үйге көнілді оралдым. Мұндайда ораулы дүниені қатыным Қатыштың қолына ұстата салсам, қатты қуанып қалады. Бүгін де сөйттім. Әндептіп жүріп, жылы-жұмсақ ас-суын әп-сәтте дайындауды.

Қатыштың қаймақ құйған курен шайын біраз сімірдім де, төсекке жайғастым. Жата бергенім сол еді, бастығым шұғыл түрде телефон сокты. “Апырмай, манағыны біліп қойған ба?” деп күдіктенген құймен бас жағымдағы телефонның құлагын көтердім. Бастығымның әшейінде жарқылдайтын даусынан күлкінін иісі сезілмейді, қысқа сөйлеп, ертенгісін ертемен аудан орталығынан бір дөкейдің тексеріске келетінін хабардар етті. Хабарды естуім мұн екен, мамық жастықтан басымды қалай жұтып алғанымды да аңдамай қалдым.

Таңды күту қайда, тұнде дүбіліп, айнала ат шаптырдым. Ат шаптырғанда бір шеті дүкенші бикеш, бір шеті - кеңсе, бір шеті - ас үйдің қамы болды. Ертерек керегінді алып қоймасан, дүкенші бикешті таба алмайсын. Сілең қатқыр түске дейін үйкі басады да, түстен кейін шілдехана, тұған құн, ойын-сауық жиындарына қашады. Кеңсеге шапқаным – ана-мына қағазға түспей қалған таңбаларды түсіріп, тексеріске дейін жып-жылмағай етіп қою. Ал асүйдегі шаруа белгілі ғой. Жолсоқты болып келген жолаушының жонын жібітіп алу үшін дастарқан әзірлеу. Қорадағы бағылан қойдың бірі тұн ішінде пышакқа жығылды. Бас үйітіліп, куырдақ қуырылды.

Қоңыр қораз өңешін жыртып, ән салысымен кеңсеге тарттым. Кешікпей тексеруте дәкейім де келді. Келе іске кірісті. Әбден тісқақкан жан-ау шамасы, ана қағазды бір, мына қағазды бір төңкөріп, құм ішінен алтын іздегендей тіміскіледі. Бір кезде кем-кетікті тапты білем, адырайған көзін сыйырайтып, үнсіз маған қарады. Қалың қамыстай жапырылған кірпіктің арасынан бадырайған бұқа көзден ұшқын ұшқандай тұла бойым күйіп барады. Үнсіздікті қағазға казықша кадалған сұқ саусағы бұзды. Қағазды бір, үстелдің шетін бір әлгі сұқ саусағымен сарт еткізді де, манадан бері қос ернін жымқырып отырған аузы қимылға келді:

— Кағазында былық пен шылық көп екен. Мынамен айдалып кетесің ғой, — деді катқыл үнімен. Зәрем зәр түбіне кетті. Тісім тісіме ти-мей, тілім күрмеліп, сөйлеуге шамам келмей қалды. Бір кездे әрең дегендеге есімді жиып:

— Ағажан, жолсоқты болып шаршап келген шығарсыз, үйге жүріп, бой жазып алсақ кайтеді? — деп міңгірледім. Одан артық сөз айтуда шамам келмеді. Әлгі дөкейдің бадырайған катқыл көзі сәл жадырап, казықша кадалған сұқ саусағы сәл бүгіліп, маған бір қарады да:

— Ол да жөн екен, жол соқса, сокқан шығар, — деді, жүр кеттік дегендеге сыңай танытып.

Тағам толы дастарканға жайғастық. Тілін шығарған бағылан қойдың басы, сүбелі-сүбелі мүшесі тартылған табак толы ет те алдымызыға келді. Бүйірлерін тіреп “ақ бура”, “акан”, “кәкен” деп өзіміз “мәртебелейтін” арақ-шарап шөлмектері сап түзеді.

— Ағатай, сыйлы қонақты әуелі мынамен сыйлау әдетіміз бар еді. — деп “ақ бураның” ноқтасын сыпypyрдым. Сосын қырлы ұзын бокалға көбігін бұркылдата шүпілдетіп құйдым. Арасында ағымнан жарылыш, үйіп-төгіп тілегімді де аямай айтуда жатырмын. Ораулы түй-іншекті де қалтасына сұғып үлгердім.

— Ой, шырағым, өзің жол-жобаға бар екен-сің. Сый-құрметіңе рахмет, — деп салалы саусақтарын қырлы бокалға жабыстырыды. “Ақ

бураның” бір-екеуін босатқанымызды там-тұм әңгімен отырып байқамаппыш да.

Кезек ақ азұлы “ақана” келді. Не керек, мұның да бетін қайтарған жоқпыш. Манадағы дай емес, ауыздар жабылмай, жарыса жыбырлап әңгімеге кетті. Тыржиюдан ыржииымыз, күмілжүімізден құлуіміз қебейді. Ін аузында тышқан аңдыған мысықтай бағанағы аңдыскан көзіміз кішірейіп, тұман басты.

Даяшылық қызметін мінсіз аткарып жүрген Катыш та осы кездे тентек “кәкені” рөмкеге сұнгітіп жіберді. Мынауың не дейтін дөкейім жоқ, құйғанды қылғытып, етті сырғытып, әңгімені балқытып рахатқа батып отыр. Маған керегі де сол ғой, тағы біраз шөлмекті шөктірдік. Сосын “ак бурасы” бар, “ақана” бар, “кәкені” бар – бәрін ботқалап, “шырша” деген пәлені іштік. Ол да бір сойкан еken, тәйкемізден түстік. Дастанкан басынан аяқты жаңа басқандай тәлтіректеп тұрдык. Дөкейдің шопыры болмаса. өздігімізден жүретін түріміз де жоқ.

Сөйтіп не керек. “кұдайынмын” деп келген дөкейді құлатып жібердім. Келген көлігіне көлденең салып, сұлатып жібердім. Қысқасы, несін айтасын, ұрып жықтым.

Ал тексеру мәселесі былай болды: пайда маған қарай құлай қонды. Тек облыс жақтан тексеретін дөкей келмесе болғаны.

## ҚОНАҚТЫң ДА ҚОНАҒЫ БАР

Эти мен Бәти қонақты аңдап шакырады. Аңдап шакырса да, таңдал шакырады. Жөн-жобасына қарап, талдал шакырады. Бас пен жамбас, қазы мен карта, жал мен жая тартылған асқа шақыратын қонақтары басқа. Ол қонақтардың санатына жоғын сұраса беретін. қысылса тіреу болатын төрелерден коймашыға дейінгі жандар жатады. Содан да болар. Эти мен Бәтидің бұл теңіректе таныс-білістері көп. Солар арқылы көнілдері сүйгенді алып, қысылса істерін тындырып жүрген ұзын кол жандар.

Откен Жаңа жыл кешінде Эти мен Бәти осындай лауазымды біршама конак шақырып, тамыр-таныстың өрісін бір кеңейтіп алған. Сол жолы сыйлы қонақтардың алды - оздері сінбек ететін мекеменің бастығы Төкеңнен бастап, дастарқанды дөңгелей жайғасқандардың соны – коймашы Аршагұл болатын. Естен кетпес сый-сияпат көріп, қолтықтарынан демегенше ас-су дәмін татқан олар Эти мен Бәтиге ұзын-құлаш алғыстарын жаудырып, бауырластардай құшактасып әрен тарасқан.

Күні бүгінге дейін сол таныстары Әтидің де. Бәтидің де көнілдерін қалдырып көрген жок. Әлі күнге дейін дәм-тұздары түзу. Сұрағана на кол жеткізіп, калағанына демеу болып жүр. Эти тиіп-қашып, үзіп-жұлдып оқыған бір бала-

сына қатқан қарағайдай диплом алып берді. Бір баласын мығым бір мекемеге қызметке орналастырды. Қызы да қызмет іздең қысылған жок. Жайлы орынға жайғаса койды. Мұның бәрі таныстықтың арқасы емес пе?!

Әти мен Бәти биыл да Жаңа жыл кешіне біршама сыйлы қонактардың басын қосып жіберуді жөн көрді. Себебі, бұрынғы смін-еркін араласып жүрген тамыр-танаистардың кейбірі қызметі өсіп, жоғары жаққа кетіп қалды. Кейбірі керісінше төмен құлдырады. Әти мен Бәти, міне, солардың орнын жаңа танаистармен алмастыру үшін Жаңа жыл кешіне сыйлы қонактарды шакыру мәселесіне қызу қамдана бастады. Әлбетте тізім жасауды қолдарына алды.

— Ал, сонымен кімді шақырамыз? — деді Әти қағаз, қаламын әзірлеп.

— Алдымен Төkeңнің орнына келген өз бастығың — Мәкенжді шақырамыз. — деді Бәти алғашкы ұсынысын жасап.

— Дұрыс айтасың, түстіктен келген қудың бірі ғой. Ана жолы өзі де «көшіп келіп жатырамыз, бұл жақта да ерулік болатын шығар», деп қынқ еткен. Ертен ұлдың қызметін өсірсек, соның бір ауыз сөзі керек. — деп Әти тізімнің ең басына алғашкы қонактың аты-жөнін түртіп койды.

— Ұмытпай тұрғанда анау емхананың бас дәрігерін жаз. Ауырмай-сырқамай тұрмаймыз. Оның үстіне, қызың соның қарамағында қыз-

мет істеп жүрген жоқ па?! Ертең оның да көмегі қажет, – деді Бәти.

– Мұның да жөн. – деп. Эти әйелінің ұсынысын бірден костап, екінші қонақты тізімге қости. Әпек бар, Сәпек бар, ортанышы ұлының бастығы бар, көлпей ұлының деканы бар... Екшеленген қонақтармен тізім қалындаі түсті.

– Осы өз бастығынды шакырмаймысың? – деді Эти енді Бәтидің шекарасына ауысып. Бұл жақтан да талғам, таразыдан еткен екі-үш қонақ тізімге енді.

– Сосын сендерде алғі арықша келген, кияқ мұрт жәргәнтай жігіт бар ғой. Өзі жылтын-жылтын етіп, ылғи бастықтарынмен бірге жүреді. Шамасы пысық жігіт-ау деймін. – деді Эти әйеліне қарап.

– Эй, сол немені қоя тұршы. Бірде амандастып, бірде амандаспайтын аумасы көп, адамға жасайтын пайдасы жоқ. – деп Бәти оған қарсылық жасады.

– Ал енді, ескі тамыр-танастан қалып қойған кім бар? – деп Эти тізімді тұтендей бастады.

– Ойбай-ау, алғі Аршагұлді ұмытып барамыз ғой. Кеденнің қолақпандай қоймасын баскарады. Не керектің бәрі сонда. Өзі де анда-санда арзан тауарларды беріп жүр. – деп Бәти оны да тізімге жаздырды.

Сонымен не керек, тізімге қәделі қонактар тізіліп, үй толатын болды.

— Отыз біріне ме, алде біріне шакырамы соға?

— деді Бәти, енді уақытты аныктамай болып

— Бірің не, отыз біріне шакырамы «Жаны жылды Әтилердің үйінде дүрістің карсы алып едік» деп естеріпен көнсөнші болып.

деді Әти үлкен бір істің басын қашырап тай керіле дем алып.

— Ал, ендеше, қонактар коги на болмай тұрғанда ертерек шақырып қой, де и ыбы

Әти үйден көнілді шықты. Коғыншыстен де қайтсін, тамыр-таныстықтың қадірін Әтиден артық кім біледі. Енді, міне, Жанңа жыл көніне қонақ шақырып, таныстықтың орісін тана бир көңейтпек. Бақай есебі де ішінде бұтуш жатыр.

## **АНАHAS - ГҮЛ**

Ауылда тұратын Әлтай дегениң қызы ерте-  
ректе Алматыға бір айлық оқуға барса керек.  
Қыз емес пе, дүкен аралап, базар аралап жүрші,  
көзін қызықтырган жемістерден үйіне посылка  
салып жібереді. Оқуын бітіріп, үйіне келепде  
карсы алған шешесі:

— Қызым, посылканды алдық, алмасын же-  
дік, кәмпіттерің де тәтті екен. Бірақ жапырағы  
қаукиған ана бір гүлінді калай отыргызытынын  
білмедік. Не тамыры жок, не сабагы жоқ. Со-  
сын сен келгенше қурап қала ма деп суға салып  
көйдым. — дейді терезенің жактауын нұскан.  
Қызы шешесі нұскаған терезеге қарап:

— Ой, апа, бұл гүл емес, ананас кой. Әлгі кереметтер керемет той жасағанда үстелдеріне қоятын құнды жемістің бір түрі бұл, — дейді. Сонда шешесі:

— Е, қызым-ау, біздің көзіміз картоппен ашылған. Ананас деген жемісінді қайдан білеміз, — десе керек.

## БІР ЖАРЫМ ШОШҚА

Айжан окуды бітіріп келген жылы жана құрылыш жатқан “Мереке” кеңшарына катардағы есепші болып жұмысқа орналасады. Бір күні бөлімшениң шаруашылық менгерушісі келіп:

— Айжан шырағым, бір жарым шошқа сойып әкелдім. Соны айдың аяғында списать етерсің, — дейді.

Айдың аяғында Айжан есеп жасап отырып, әлгі бөлімшениң мал басынан бір жарым шошканы санақтан шығарып тастайды.

Кеңшардың бас есепшісі Сәкен айлық есеп-қисапты тексеріп отырып, әлгіні байқап қалады. Сосын Айжанды шакырып алып:

— Шырағым, бір жарым шошканы списать еткенің қалай, сонда жарты шошқа тірі жүр ме? — деп сұрайды.

— Аға, мен қайдан білейін. бөлімшедегі завхоз аға бір жарым шошканы списать етерсің деген. Сол кісінің айтканын жаздым, — дейді.

Кейін тексерсе, әлгі шаруашылық менгегешісі шата сауатты екен. директордың айтқанымен екі шошқаны сойғызып, жарты шошқаның етін бөлімшедегі құрылышыларға, бір жарым шошқаның етін орталық қоныстағы асханаға тапсырыпты. Етті қабылдап алған бас аспаз оған “біржарым туша” деп түбіртек жазып берген екен.

# **МАЗМУНЫ**

КЕТИК .....	5
КЕРЕК АДАМ .....	6
АҚЫЛДЫҢ КЕҢІ .....	10
ҚАЛҒАНЫ ҚАШАН КЕЛЕДІ? .....	13
ІШІҚ БІЛСІН, ҚЫҢҚ ЕТПЕ! .....	17
ҚОЛДЫ БОЛҒАП КҮДА .....	19
“СЕНДЕРГЕ СОЛ ҰЯТ” .....	24
ҚОС ОЛЖА .....	26
СЫЙЛЫҚ .....	28
ҚАЙРАН. ҚАТҚАН ДИПЛОМДАР-АЙ! .....	33
СОСЫН .. МАСҚАРА БОЛДЫ .....	37
ОҢ САУСАКТА - ОҢ САҚИНА .....	40
БЕРГЕНИНЕ ҚАРАЙ .....	42
ӨГЕЙ БҰЗАУ .....	43
ӨНЕРГЕ ӨЛЕРМЕН ЖАН .....	44
ПАШ САБАКА КІСІ ҚАШЛАЙДЫ .....	45
ТУРАЛ АУДАРМА .....	46
АНҚАУ КЕЛІН .....	46
ИНФАРКТ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ? .....	47
“ТІЛ ТИМЕСІН ДЕГЕНИМІЗ ГОЙ!” .....	48
СОДЫРДЫҢ СЛАУАП АЙТУЫ .....	50
НЕҢ ҚАЛДЫ? .....	51
“МУРТЫМ НЕГЕ АҚ?” .....	53
“ЖАҒЫРАПИЯН ҚАЙ ЕІР?” .....	53
ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА НЕГЕ ЖАЗЫЛМАЙДЫ .....	54
МҮНДАС ЖІГІТТЕР .....	54
ҚАЛАМАҚЫСЫ ҚАНИША .....	55
ҰЯТ БЕТКЕ ШЫҒАДЫ .....	55
ҚҮЙҚАСЫМЕН ЖҰЛЫП АЛДЫ .....	56
ҚҮРДАС ҚАЛЖЫҢЫ .....	56
ТЕГІН ҰМЫТПАГАН ГОЙ .....	57

БҮЖЫР ЖОНЫР .....	57
“ОНДЫ ҚАТЫН ӘКЕЛПСІҢ ФОЙ” .....	58
“ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК” .....	60
“МАЙЛЫЛЫГЫ АЗДАУ БОЛАДЫГ” .....	60
БІЗ ОСЫ ҚЫЗЫҚПЫЗ .....	61
КРЕДИТ ДЕГЕН НІМІЗ НЕ? .....	62
КІМ ҮЙРЕТТИ? .....	62
ТҮСІНДЕ КІМ БАЙЫГАН? .....	63
ҚАЛЖЫҢНАН ТУҒАН ҚУЫРДАК .....	63
“АТ ҮСТІНДЕМІН” .....	65
БӘРТІР ДЕГЕН НӘЛЕ .....	66
АУЫРСА, ЖҰЛЫНТАСТА .....	66
ЕТІК ГІҢ БАҒАСЫ ГОЙ .....	66
“ЖӘРИТКЕ ТОЛМАЙ ҚАЛАДЫ” .....	67
ҚЫРСЫҚ НЕН СЛЫРАУ .....	67
ЖАЛАЦАШ ҮЙРЕКТЕР .....	68
БІР НЕГЕ АЛМАЙСЫҢ .....	69
КОММЕРСАНТТЫҢ ЕСЕБІ .....	69
ДИРЕКТОР ӨТІП КЕТСІН ДЕП .....	69
ТАПҚЫР ОКУШЫ .....	70
ЕСЕБІН БІЛЕДІ .....	70
ӨЗІҢ-АҚ БІЛІП .....	71
“ТОР БИЕДЕН ХАТ ҚЕЛДІГ” .....	72
ӘКШЕ БАСАР ІНІ БОЛСА .....	73
ЖИЕНДЕРДІ ИСКЕҢ ҚАЙТАЙЫН .....	74
КЕШЛР. ИТ .....	74
«СУҒА КҮСПА» .....	75
ТӘТТИ ҚИЯЛ .....	75
ТАБЫЛҒАН АҚЫЛ .....	76
БОЙДАКТЫҢ СЫРЫ .....	76
КЕМПІРДІҢ ҚАДРІ .....	76
БАЛА МЕН ӘКЕ ПИГЫЛЫ .....	77
ШІРКІН, ТУҒАН ЖЕР-АЙ .....	77

МІНІН БІЛГЕН ХАТШЫ .....	78
АНҒАЛ КЕЛІП .....	78
ЕСЕПШІНІҢ ЕБІН ТАПСАң .....	79
ӘКЕСІ ҚҰРДАСТАҮІН ҚАЛАСЫ ҚҰРДАС .....	80
ЖАРЫҚТЫҚТАҮІН СЕМІЗІН-АЙ! .....	81
ИВАН ИВАНОВИЧ КІМ? .....	82
БАСЫН ЖҰЛАЙЫН .....	83
ТӨРТ ҚАРЫН .....	84
ҚАРА ҚОШҚАР .....	85
ЕҢ ДӘМДІ САЛМА .....	87
ШЕКПЕНДІ АЙТАСЫН .....	87
ЕҢБЕКСІЗ ТАНЫ АТЫП КЕЛЕДІ .....	88
ТОҢҚЫЛДАҚТЫ ҰНАТАДЫ .....	90
ТӨБЕЛЕСТИҢ ҚӘКЕСІ .....	91
ТАБЫЛҒАН ШЕШІМ .....	92
ЕРТЕДІН ОЙЛАҒАН ЖІГІТТЕР .....	92
“ҚАСИЕТТІ КІТАП” .....	93
СУҒА САЛЫНҒАН АЙЫП .....	93
БУЫНҒА ТУСПЕЙ ТҮРҒАНДА .....	93
ЖАУ ЖАҒЫ .....	94
“БУҚА БАЙЛАУЛЫ МА?” .....	94
ҚОҚЫСТАГЫ КЕЛІНШЕК .....	95
КӨНІЛДЕП КҮЛКІ КЕТПЕСІН .....	96
“МЕҢ ТОЙҒА ШАҚЫРМАДЫ ГОЙ!” .....	96
“ӘЖЕҢ ӘЛІ ӨЈЕТІН ЕМЕС ПЕ?” .....	97
“ТӘТЕ, ЕСЕБІНІЗ КАТЕ!” .....	97
ШАЛБАР ЖАЙЛЫ ОЛЕН .....	98
СОҢЫМ ЖӨНІНДЕГ ЖЫР .....	99
КҮТҚАРУ .....	100
ХИТРИННІҢ ҚАЗАҚШАСЫ .....	101
“САРАҢ” СӘҮКЕН .....	102
ҚҰДАЛЫНҚ СЫБАҒАСЫ .....	103
ҚУДАЙ АЯСЫН .....	108

ТІСІҢ ТҮССЕ.....	110
ҰМЫТЫЛМАС ДЕМАЛЫС.....	112
КӘБІДІҢ КӘСІБІ ЕДІ .....	117
ПАРА БЕРМЕЙІН ДЕСЕМ.....	121
ПЫСЫҚ ҚӨРШІ .....	125
“ШЕГИНЕРІМДІ БІЛМЕДІН БЕ?..”	129
ЖУРГІЗУШІСІН ТОСПАҒАН БАСТАҚ.....	130
БӘКЕН МӘСКЕҮТЕ КЕЛГЕНДЕ.....	131
СОЛАЙ КЕЛІСКЕН .....	131
ӨЗБЕКТЕР МЕН ҚЫРҒЫЗДАР .....	135
БАСЫЕКЕУ.....	136
ЛУЗЫ БАР МА? .....	137
БІЗДІҢ МЫРҚЫМБАЙ .....	138
ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН Да АС БОЛАДЫ.....	142
«ЕТ КОМБИНАТЫНА ТАПСЫРҒАН ЖОҚПЫЗ» .....	144
«ИНТЕРНАТТЫҢ ФОРМАСЫ. 200 ГРАММ НОРМАСЫ»... ..	145
ӘМІР, ШІРКІН, ТӘТТІ ФОЙ .....	146
АҢҚАУ АРЫСТАН .....	149
ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАН .....	153
«БАЗАРГА ӨЗ АЯҒЫМЕН КЕЛІТІН БОЛСА..» ..	154
ИСТИН ПАРЫЗЫ ФОЙ .....	155
«КОС АРҒЫМАҚҚА МІНІП КЕЛДІМ» .....	156
ЗИЯНДЫ ЦЕХ.....	156
ТАЗА СУ .....	157
«КЕШ КЕЛГЕНИМДІ ҚАРАШЫ» .....	157
ЕКІ ӘЙЕЛДІҢ ӘҢГІМЕСІНЕН.....	158
ҮШ ТІЛДІ БІЛЕТІН ТОТЫ .....	159
БАЖАЛАР ҚАЛЖЫЦЫ .....	160
ШТЕРИҢ КҮЙСЕ. ТҮЗ ЖАЛАНДАР .....	162
ҚАЗАҚҚА ТӘН ЕКІ АУРУ .....	163
“ЖЕР АУДАРСАН, МАНАРМЕН БІРГЕ АУДАРШЫ” .....	164
“КӨП АҚША” .....	165
ЕСЕСІН ЖІБЕРМЕГЕҢ КҮРДАСТАР .....	166

“КЕРОСИН ҚАТҚАНДА ОПЕРЕМ” .....	167
ТҮКЕННІЦ МҰҢЫ .....	168
НЕСІН АЙТАСЫң. ҰРЫП ЖЫҚТЫМ .....	170
КОПАҚТЫң Да Қонағы бар .....	174
АНАНАС - ГҮЛ .....	177
БІР ЖАРЫМ ШОШҚА .....	178

Жоламан  
ШАХАНОВ

## «АЙТПАЙЫН ДЕСЕМ...»

Редактор: Т. Зікрин  
 Дизайн и вёрстка: Е. Горковенко  
 Корректор: А. Жакупова

Сдано в набор 01.08.2014 г.  
 Тираж 200 экз.

Отпечатано  
 в ТОО «Издательство  
 «Северный Казахстан»  
 150001, г. Петропавловск,  
 ул. Кошукова, 5.